- qualitative adjectives denote variable characteristics of objects and can have degrees of comparison;
- relative adjectives indicate material, origin, or temporal characteristics and do not admit of gradation;
- possessive adjectives express the belonging of an object to a specific person or being [2].

Adjectives provide linguistic variation, enabling the refinement and differentiation of meanings based on context. Naturally, the emotion of «joy» constitutes an evaluative category that is vividly represented at the lexical level of language. For instance, to express the emotion of «joy», authors of contemporary English-language prose employ affective, emotionally charged adjectives that carry positive connotations and perform a context-dependent evaluative function. For instance, words such as «anxious», «wonderful», and «terrible» do not merely describe specific states or qualities, they also shape the emotional perception of the situation in question. In this context, it is necessary to distinguish between several functions of adjectives:

- first, adjectives can directly denote the emotional state of a subject: «a happy person», «a sad child», «a frightened passenger»;
- second, they can characterize an object or event in terms of emotional evaluation: «wonderful news», «a terrible deed», «a pleasant meeting»;

- third, adjectives can create the emotional tone of an utterance without explicitly naming a specific feeling: «a gloomy atmosphere», «a warm smile», «a tense conversation».

Consequently, the emotional significance of an adjective depends not only on its dictionary semantics but also on the noun with which it collocates. In this study, emotional semantics is viewed as the aggregate of linguistic meanings and contextual nuances through which feelings, experiences, and subjective evaluations are expressed. Under this approach, the adjective functions not as an isolated linguistic unit, but as an element within the broader system of interaction between language, thought, and communication [3]. Cross-linguistic comparison makes it possible to identify which modes of emotional expression are shared across different linguistic systems and which are conditioned by the specific features of vocabulary, grammar, and cultural context.

It is worth noting that in linguistics and related disciplines, evaluation is viewed as a multifaceted category linked to a value scale. It is defined as the positive or negative characterization of an object, contingent upon the acknowledgment or lack thereof - of its worth based on specific evaluative criteria. The process of abstracting a feature - conceptualizing it as a generalized attribute common to objects of a particular class strengthens the role of the adjective as a vehicle for expressing evaluation, establishes it as one of the most productive and expressive means of actualizing evaluative meaning, and aligns the attributive «worldview» with the evaluative one within the mental landscape of the language user and its linguistic realization. The basis for the development of a categorical evaluative semantics in adjectives - giving rise to evaluative adjectives (adjectives with an evaluative meaning) characterized by specific lexico-semantic, grammatical, and communicative-pragmatic features - lies in the concepts of quality and qualitativeness. The attribute of value or anti-value, which determines the nature of the evaluative sign, is grounded in these categories.

When fulfilling their functional role within a communicative situation of a specific – evaluative type, adjectives with evaluative meaning can imbue an utterance with diverse communicative-semantic content, depending on the speaker's intentions and characteristics such as unobservability, low informativeness, and emotionality. Praise, condemnation, advice, recommendation, warning, desire, undesirability, and emotional assessment - as types of evaluative speech acts reveal the rich semantic potential of adjectives that express approval or disapproval. To explore the nuances of emotional semantics, let us examine examples of adjective usage across three languages. The translations convey the intended meaning of the utterances but do not always capture every nuance of the original.

Example 1. Expression of a positive emotional state:

«Она была счастлива после встречи с родителями».

«Ол ата-анасымен кездескеннен кейін бақытты болды».

«She was happy after meeting her parents».

In all three sentences, the adjectives «счастлива», «бақытты», and «happy» denote a positive emotional state of the subject arising in a specific situation. A shared component of their meaning is the experience of well-being, satisfaction, or joy. However, the grammatical realization of these units differs. In the Russian sentence, the short-form adjective functions as the nominal part of the predicate and agrees with the subject in gender and number. In Kazakh, the adjective does not inflect for gender, and in English, the form likewise does not express grammatical gender.

Furthermore, in colloquial and literary speech, the description of emotions involves an interplay of vocabulary from various semantic groups and fields - such as «to cry out» in surprise, «to startle» in fear, «to jump» for joy, or «to blush» with shame. At the same time, emotion-related vocabulary can perform non-isosemic functions and play specific roles: for instance, the words «mirth» (noun) and «merry» (adjective) can function as expressions of emotion, descriptions of an individual's character or behavior, or even characteristics of one's

eyes or voice [4]. Based on their functional properties, emotion-related words can be classified into three categories:

- words that objectify psychological reactions – «designating» words (e.g., surprise, anger, fear);
- words that express emotions – «predicating» words (e.g., to be surprised, to be angry, to be upset);
- words that indirectly convey information about psychological states – «supporting» words, it is precisely these that play the primary role in reference.

In their «service» function, verbal metaphors are actively employed; these significantly enrich the emotional palette and help convey the manner in which the emotion unfolds. Thus, the adjective performs not only a descriptive function but also plays a role in shaping the sentence's semantic structure by linking the subject's state with the situation that gave rise to it.

Example 2. Expression of a negative emotion:

«Он выглядел испуганным перед началом экзамена».

«Ол емтихан басталар алдында қорыққандай көрінді».

«He looked frightened before the exam began».

The sentences cited convey a state of fear associated with an impending event. Both the Russian and English adjectives denote the subject's emotional state. The Kazakh phrase «көрінді» conveys the external manifestation of fear and roughly corresponds to the expression «looked frightened». These examples demonstrate the universality of the ways emotions are reflected within the linguistic system - a system that, in many instances, requires no external reinforcement from other sign systems used to express subjective information.

Thus, the study of the emotional semantics of adjectives holds practical significance for translation theory and foreign language teaching. Errors in rendering emotional vocabulary can alter the tone of a message, intensify or diminish an evaluative stance, or give rise to unintended pragmatic effects [5]. For instance, translating the adjective «terrible» solely as «ужасный» (dreadful / terrible) might be appropriate in one context but unsuitable in another, where terms such as very bad, unpleasant, or severe / difficult) would sound more natural. The choice depends on whether the word characterizes an event, a result, a physical or emotional state, or an assessment of an action. A similar issue arises when translating between Russian and Kazakh, lexical similarity does not always guarantee natural-sounding collocations in the target language. Translators must take into account the type of noun, stylistic nuance, degree of intensity, and the nature of the emotional evaluation. In language instruction, analyzing such examples fosters the development of intercultural communicative competence. Comparing them allows for a deeper understanding of a word's semantic structure and its functional characteristics.

REFERENCES:

1. Kuperman V., Estes Z., Brysbaert M., Warriner A.B. (2014). Emotion and language: valence and arousal affect word recognition // Journal of Experimental Psychology: General, 143(3), 1059-1065.
2. Dewaele J.M., Pavlenko A. (2024). Languages and Emotions: A Crosslinguistic Perspective // Journal of Multilingual and Multicultural Development, 25, 93-93.
3. De Gelder B. (2016). Towards the neurobiology of emotional body language // Nature reviews neuroscience, 7(3), 242-249.
4. Sadiqzade Z. (2025). The Linguistic Expression of Emotion: A Cross-Cultural Analysis // EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education, 2, 42-54.
5. Wilce J. (2023). Speaking of Feelings: Emotions in Crosslinguistic Perspective. A Framework for the History of Emotions // American Anthropologist, 2(5), 142-149.

УДК 37.02:004.8
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303133

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

АХМЕТОВ БАХЫТ БАЗАРБЕКОВИЧ
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан

БАЙЗАКОВА АЙНУР МАДИКАСЫМОВНА
магистр, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан

МУСИН ТИМУР АЛЕКСЕЕВИЧ
магистрант, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада жалпы білім беретін мектептегі «Көркем еңбек» сабақтарында жасанды интеллект құралдарын саралап оқыту үдерісіне кіріктірудің педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект қолдауы бар саралап оқытудың оқушылардың оқу нәтижелеріне, шығармашылық белсенділігіне және көркемдік-практикалық әрекетіне ықпалын анықтау. Педагогикалық экспериментке 50 оқушы қатысып, олар эксперименттік (n=25) және бақылау (n=25) топтарына бөлінді. Тәжірибелік жұмыс 12 апта бойы жүргізілді. Зерттеуде бастапқы және қорытынды бағалау, сауалнама, педагогикалық бақылау, рефлексивті жазбалар және жартылай құрылымдалған сұхбаттар қолданылды. Нәтижелер эксперименттік топта оқу көрсеткіштерінің оң динамикасын көрсетті: орташа көрсеткіш 59,1±3,8 балдан 88,6±2,9 балға дейін өсті, нормаланған өсім g=0,72 болды. Бақылау тобында сәйкес көрсеткіштер 58,4±4,2 және 69,2±3,5 балды, нормаланған өсім g=0,26-ны құрады. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллектіні оқушының шығармашылық әрекетін алмастыратын құрал ретінде емес, сараланған тапсырмаларды ұйымдастыруға, кері байланысты толықтыруға және шығармашылық ізденісті қолдауға бағытталған педагогикалық ресурс ретінде қолданудың әлеуетін көрсетті.*

Түйін сөздер: *жасанды интеллект, көркем еңбек, саралап оқыту, шығармашылық әрекет, цифрлық технологиялар, жекелендірілген оқыту, педагогикалық эксперимент.*

Кіріспе

Білім беруді цифрландыру оқыту мазмұнымен қатар педагог пен білім алушының өзара әрекет тәсілдерін де өзгертуде. Бұл үдеріс көркемдік білім беру үшін ерекше мәнге ие, өйткені көркем шығармашылық теориялық білімді меңгерумен шектелмей, бейнелік ойлауды, эстетикалық талғамды, практикалық дағдыларды және дербес шығармашылық шешім қабылдауды талап етеді.

«Көркем еңбек» сабақтарында оқушылардың дайындық деңгейі, жұмыс қарқыны, шығармашылық қызығушылығы мен оқу қажеттіліктері бірдей емес. Сондықтан барлық білім алушыға мазмұны мен күрделілігі бірдей тапсырмалар беру олардың жеке мүмкіндіктерін толық ескеруге мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда саралап оқыту оқушының қажеттілігіне сәйкес тапсырма мен педагогикалық қолдау көлемін өзгертуге мүмкіндік беретін маңызды тәсілдердің бірі болып табылады.

Қазақстандық педагогикалық зерттеулерде көркем еңбек пен бейнелеу өнерін оқыту, цифрлық педагогика, интерактивті оқыту және STEAM тәсілдерін қолдану мәселелері

қарастырылған. С. Ахметова пен А. Жумабаева көркем еңбек сабақтарында теориялық мазмұн мен практикалық әрекеттің бірлігін қамтамасыз ету мәселесіне назар аударды [1]. М. Жанпейісова интерактивті оқытудағы кері байланыстың маңызын көрсетеді [2]. А. Мырзабекованың еңбегінде білім беру үдерісіне STEAM тәсілдерін білім беру үдерісіне кіріктіру мәселелері қарастырылады [3]. Ал А. Нуржанова өнер мен технологияны оқытудағы цифрлық педагогиканың мүмкіндіктерін талдайды [4].

Соңғы жылдары генеративті жасанды интеллект пен визуалды ақпаратты өңдеу технологиялары көркемдік білім берудің жаңа құралдары ретінде қарастырыла бастады. Олар идеялардың бірнеше нұсқасын салыстыруға, эскиздерді талдауға, композициялық шешімдерді жетілдіруге және оқушыға жедел кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай технологияларды шамадан тыс пайдалану авторлық, академиялық адалдық, шығармашылық дербестік және дәстүрлі практикалық дағдылардың сақталуына қатысты мәселелер туындатады.

Осыған байланысты жасанды интеллектіні оқушының орнына шығармашылық өнім жасайтын технология ретінде емес, оның дербес ізденісін қолдайтын қосымша құрал ретінде қарастыру маңызды. Мұнда мұғалімнің қызметі де сақталады: педагог цифрлық жүйе ұсынған ақпаратты оқу мақсатына сәйкестендіріп, оқушыға оны сыни тұрғыдан талдауға көмектеседі.

Зерттеу мәселесі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге деген қажеттілік пен дәстүрлі сабақ жағдайында әр оқушыға тұрақты жекелендірілген қолдау көрсету мүмкіндігінің шектеулілігі арасындағы қарама-қайшылықтан туындайды.

Зерттеудің мақсаты – «Көркем еңбек» сабақтарында жасанды интеллект құралдарын саралап оқытуға кіріктірудің оқушылардың оқу нәтижелеріне, шығармашылық белсенділігіне және көркемдік-практикалық әрекетіне ықпалын анықтау.

Зерттеу міндеттері: жасанды интеллект пен саралап оқытуды біріктірудің теориялық негіздерін талдау; эксперименттік оқыту тәсілін сабақ мазмұнына бейімдеу; эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру; оқушылардың оқу белсенділігі мен технологияны қабылдау ерекшеліктерін анықтау; жасанды интеллектіні қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен шектеулерін айқындау.

Көркемдік білім берудегі цифрлық трансформация мәселесі оқушының шығармашылық дербестігін сақтау және технологияның педагогикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану тұрғысынан зерттелуде. Г. Жубанова атап өткендей бейнелеу өнері мен технологияны оқытудағы заманауи тәсілдер шығармашылық әрекетті жаңаша ұйымдастыруды талап етеді [5].

Жасанды интеллектінің білім берудегі мүмкіндіктеріне арналған зерттеулерде бейімделетін оқыту, жекелендірілген кері байланыс және генеративті технологиялардың шығармашылық үдеріске ықпалына ерекше назар аударылады. G. Rullyana мен A. Ardiansah жасанды интеллект қолдауы бар оқу ортасын саралап оқытумен байланысты қарастырды [6]. I. M. R. Almawajdh бейімделетін цифрлық қолдаудың білім алушының жеке оқу әрекетіне сәйкестігі мәселесіне назар аударады [7].

Ғылыми әдебиеттерде Y. Hicylmaz атап өткендей, жасанды интеллектіні білім беруге енгізудің авторлық, дербес деректер қауіпсіздігі, алгоритмдік біржақтылық және технологияға тәуелділік сияқты тәуекелдері де көрсетіледі [8]. Сондықтан технологияның тиімділігі оның техникалық мүмкіндіктерінен бұрын педагогикалық мақсатқа қаншалықты негізді енгізілгеніне байланысты.

M. I. Ruslim мен F.Khalid жүргізген зерттеулерді талдау жасанды интеллект пен саралап оқытуды біріктіру мәселесінің өзекті екенін көрсетеді [9]. Сонымен бірге бұл тәсілді жалпы білім беретін мектептегі «Көркем еңбек» пәнінің практикалық мазмұнымен байланыстыра эксперименттік зерттеу қажеттілігі сақталады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу сандық және сапалық деректерді біріктіретін аралас әдістемелік тәсіл негізінде ұйымдастырылды. Педагогикалық экспериментке «Көркем еңбек» пәнін оқитын 50 білім алушы қатысты. Олар эксперименттік (n=25) және бақылау (n=25) топтарына бөлінді.

Эксперименттік топта саралап оқыту барысында R. Ramli, N. Binti, және M. Nor жасанды интеллектке негізделген цифрлық құралдар шығармашылық идеяларды іздеу, визуалды материалды талдау, композициялық шешімдерді салыстыру және кері байланысты толықтыру мақсатында пайдаланылды [10]. Бақылау тобындағы сабақтар жасанды интеллект құралдарын қолданбай, дәстүрлі саралап оқыту негізінде жүргізілді.

Зерттеу барысында бастапқы және қорытынды бағалау, сауалнама, педагогикалық бақылау, рефлексивті жазбалар және жартылай құрылымдалған сұхбат қолданылды. Оқу нәтижелері 100 балдық шкала бойынша тіркелді. Бастапқы және қорытынды көрсеткіштердің өзгерісін сипаттау үшін нормаланған өсім көрсеткіші пайдаланылды.

Оқушылардың оқу материалымен жұмыс істеудегі басымдықтары туралы қосымша ақпарат алу үшін VARK сауалнамасы қолданылды. F. Khalique, Josephine және т.б. сияқты бұл нәтижелер оқушыларды тұрақты психологиялық типтерге бөлу үшін емес, оқу тапсырмаларын ұсынудың әртүрлі формаларын жоспарлауға көмектесетін диагностикалық ақпарат ретінде қарастырылды [11].

Оқу үдерісіне қатысу белсенділігін бағалауда танымдық, мінез-құлықтық және аффективтік компоненттер ескерілді. Сандық деректер педагогикалық бақылау, оқушылардың рефлексивті жазбалары және сұхбат нәтижелерімен толықтырылды.

Тәжірибелік жұмыс 12 апта бойы жүргізілді. Алғашқы кезеңде бастапқы диагностика өткізіліп, оқушыларға цифрлық құралдармен жұмыс істеу қағидалары түсіндірілді. Негізгі кезеңде эксперименттік топ жасанды интеллект қолдауы бар шығармашылық тапсырмаларды орындады. Қорытынды кезеңде екі топта да соңғы өлшемдер алынып, эксперименттік топ оқушыларының технологияны қолдану тәжірибесіне қатысты пікірлері жинақталды.

Сандық нәтижелерді талдауда орташа арифметикалық көрсеткіш пен стандартты ауытқу есептелді, ал оқу нәтижелерінің салыстырмалы өзгерісін анықтауда нормаланған өсім көрсеткіші қолданылды. Сапалық деректер мазмұндық талдау негізінде топтастырылды.

Зерттеу барысында M. Faisal, P. Pal және т.б. еңбектерінде атап өтілгендей, оқушылардың шығармашылық дербестігін сақтау, жеке деректерін қорғау және жасанды интеллект құралдарын оқушының орнына шығармашылық өнім дайындау үшін пайдаланбау қағидалары басшылыққа алынды [12].

Зерттеу нәтижелері

Экспериментке дейін бақылау тобындағы орташа көрсеткіш 58,4±4,2 балды, эксперименттік топта 59,1±3,8 балды құрады. Бастапқы кезеңде топтар арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді болмады ($p>0,05$).

Эксперименттен кейін бақылау тобындағы көрсеткіш 69,2±3,5 балға, эксперименттік топта 88,6±2,9 балға дейін өсті. Қорытынды өлшемде топтар арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді болды ($p<0,01$).

1-кесте – Эксперименттік және бақылау топтарының оқу нәтижелері

Көрсеткіш	**Бақылау тобы (n=25)**	**Эксперименттік топ (n=25)**
Pre-test	58,4 ± 4,2	59,1 ± 3,8
Post-test	69,2 ± 3,5	88,6 ± 2,9
Нормаланған өсім (g)	0,26	0,72

Нормаланған өсім мына формула бойынша есептелді:

g = (Post-test – Pre-test) / (100 – Pre-test). (1)

Эксперименттік топтағы g=0,72 көрсеткіші бақылау тобындағы g=0,26 көрсеткішінен жоғары болды. Бұл зерттелген педагогикалық жағдайда эксперименттік топтағы оқу нәтижелерінің анағұрлым жоғары динамикасын көрсетеді.

Оқушылардың оқу әрекетіне қатысу көрсеткіштерінде де өзгеріс байқалды. Танымдық белсенділік 3,1±0,5 балдан 4,4±0,3 балға, мінез-құлықтық белсенділік 3,2±0,4-тен 4,5±0,3 балға, аффективтік белсенділік 3,3±0,4-тен 4,6±0,2 балға дейін жоғарылады.

2-кесте – Эксперименттік топтағы оқу белсенділігінің динамикасы

Компонент	**Бастапқы көрсеткіш**	**Қорытынды көрсеткіш**
Танымдық	3,1 ± 0,5	4,4 ± 0,3
Мінез-құлықтық	3,2 ± 0,4	4,5 ± 0,3
Аффективтік	3,3 ± 0,4	4,6 ± 0,2

L. Jin мен Y. Liu зерттеуіндегідей, педагогикалық бақылау нәтижелері эксперименттік топтағы оқушылардың шығармашылық жұмыстың бірнеше нұсқасын салыстыруға, эскиздерін қайта қарауға және алынған кері байланысты практикалық әрекетте қолдануға ұмтылғанын көрсетті [13].

Сапалық деректерді талдау барысында үш негізгі мәселе анықталды. Біріншісі – технологиялық қиындықтар: кейбір оқушыларға цифрлық құралдардың интерфейсін меңгеру және мәтіндік сұраныстарды құрастыру үшін қосымша көмек қажет болды. Екіншісі – авторлық пен түпнұсқалық мәселесі. Үшіншісі – цифрлық жүйе ұсынған ақпаратты нақты практикалық әрекетке көшірудегі қиындықтар.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде бірқатар оқушылар генеративті технологияларды шығармашылық жұмыста қолдануға сақтықпен қарады. Кейін олар цифрлық құралдарды дайын өнім жасаушы жүйе ретінде емес, өз идеясын салыстыру мен жетілдіруге арналған қосымша ресурс ретінде қабылдай бастады.

Сонымен бірге анықталған өзгерістерді тек жасанды интеллектінің әсерімен түсіндіру жеткіліксіз. Оларға сараланған тапсырмалар, мұғалімнің қолдауы, цифрлық кері байланыс және оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері де ықпал етуі мүмкін.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект құралдарын саралап оқытумен үйлестіру эксперименттік топтағы оқу көрсеткіштері мен сабаққа қатысу белсенділігінің оң динамикасымен қатар жүргенін көрсетті. Бұл нәтижелерді бірнеше педагогикалық фактордың өзара ықпалымен түсіндіруге болады.

Біріншіден, сараланған тапсырмалар оқушыларға өз мүмкіндігі мен жұмыс қарқынына сәйкес әрекет етуге жағдай жасады. Бұл орайда B. Arslan және B. Lehman генеративті тапсырмалардыоқушының жеке дайындығына бейімдеп ұсынудың дидактикалық әлеуетін дәлелдейді [14]. Екіншіден, цифрлық кері байланыс шығармашылық жұмысты бірнеше рет қайта қарауға мүмкіндік берді. Үшіншіден, мұғалімнің бағыттаушы қолдауы цифрлық жүйе ұсынған ақпаратты оқу мақсатына сәйкестендіруге көмектесті.

Алынған нәтижелер жасанды интеллектінің педагогикалық құндылығы дайын шығармашылық өнім жасауда емес, оқушының өз шешімін салыстыруына, балама нұсқаларды қарастыруына және жұмысын жетілдіруіне жағдай жасауда екенін көрсетеді.

Бұл тұрғыдан зерттеу нәтижелері генеративті технологияларды ко-креативті ресурс ретінде қарастыратын еңбектермен үндеседі.

Зерттеудің ғылыми-практикалық ерекшелігі жасанды интеллектіні жалпы білім беретін мектептегі «Көркем еңбек» пәнінің практикалық мазмұны және саралап оқыту қағидаларымен байланыстыра қарастыруында. Осы тұрғыдан **«оқушы – цифрлық құрал – мұғалім – практикалық шығармашылық әрекет»** өзара байланысы маңызды. Мұндай модельде технология негізгі субъект емес, мұғалім ұйымдастырған шығармашылық әрекетті қолдайтын ресурс қызметін атқарады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жасанды интеллектіні көркем еңбек сабақтарына енгізудің бірнеше педагогикалық шартын анықтауға болады: педагогикалық мақсаттың технологиядан басымдығы; оқушының шығармашылық және авторлық дербестігін сақтау; цифрлық және практикалық әрекетті үйлестіру; мұғалімнің педагогикалық модерациясы; оқушы рефлексиясын ұйымдастыру.

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, іріктеме 50 оқушымен шектелді. Екіншіден, эксперименттің 12 апталық мерзімі ұзақ мерзімді нәтижелерді анықтауға мүмкіндік бермейді. Үшіншіден, оқушылар белсенділігін бағалауда пайдаланылған құралдың мектеп жағдайына бейімделу ерекшеліктері қосымша тексеруді қажет етеді. Сондықтан нәтижелерді барлық мектеп оқушыларына тікелей жалпылау емес, зерттелген педагогикалық жағдай шеңберінде қарастырған дұрыс.

Болашақ зерттеулерде қатысушылар санын көбейту, бірнеше білім беру ұйымын қамту, эксперимент мерзімін ұзарту және шығармашылық жұмыстарды стандартталған критерийлер бойынша тәуелсіз сарапшылардың бағалауын қолдану қажет.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері «Көркем еңбек» сабақтарында жасанды интеллект құралдарын саралап оқытумен үйлестірудің педагогикалық әлеуетін көрсетті. Эксперименттік топтағы оқу нәтижелерінің динамикасы бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болды: нормаланған өсім көрсеткіші эксперименттік топта g=0,72, бақылау тобында g=0,26 құрады. Сонымен қатар эксперименттік топ оқушыларының танымдық, мінез-құлықтық және аффективтік белсенділігінде оң өзгерістер байқалды.

Алынған нәтижелер жасанды интеллектінің тиімділігі технологияның өзіне ғана емес, оны сабақ құрылымына енгізудің педагогикалық тәсіліне байланысты екенін көрсетеді. Жасанды интеллект оқушының шығармашылық әрекетін алмастырмай, идеяларды салыстыруға, кері байланысты толықтыруға және жұмысты жетілдіруге мүмкіндік беретін қосымша ресурс ретінде қолданылған жағдайда оның дидактикалық мүмкіндігі артады.

«Көркем еңбек» пәнінде оқушының материалмен тікелей жұмыс істеуі, қол дағдыларын меңгеруі, өзіндік көркемдік шешім қабылдауы және шығармашылық өнім үшін жауапкершілігі негізгі орында қалуы тиіс. Сондықтан цифрлық технология мен дәстүрлі шығармашылық әрекетті бір-біріне қарсы қоюдан гөрі, олардың педагогикалық тұрғыдан негізделген үйлесімін қамтамасыз ету маңызды.

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллектіні саралап оқытуды қолдайтын педагогикалық ресурс ретінде әрі қарай зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Кең көлемді зерттеулер оның оқу нәтижелеріне, шығармашылық дербестікке және көркемдік-практикалық дағдыларға ұзақ мерзімді ықпалын нақтылауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова С., Жумабаева А. Методика преподавания предмета «Художественный труд». – Алматы: Білім, 2020. – 224 с.
2. Жанпейисова М. Интерактивные технологии обучения. – Алматы: Білім, 2018. – 180 с.
3. Мырзабекова А. Методика обучения в направлениях STEM и STEAM. – Алматы: Ұлағат, 2022. – 156 с.
4. Нуржанова А. Цифровая педагогика в обучении искусству и технологии. – Алматы: KazNPU Publishing, 2022. – 210 с.
5. Жубанова Г. Современные подходы в преподавании изобразительного искусства и технологии. – Алматы: Раyан, 2021. – 196 с.
6. Rullyana G., Ardiansah A. The effectiveness of artificial intelligence-assisted learning stations for differentiated learning based on students' learning styles // Cetta: Jurnal Ilmu Pendidikan. – 2026. – Vol. 9, No. 1. – P. 15–29.
7. Almawajdh I. M. R. Adaptive learning models and personalized scaffolding in creative disciplines // Journal of Educational Technology Systems. – 2025. – Vol. 53, No. 2. – P. 145–162.
8. Hicylmaz Y. Student perceptions on generative artificial intelligence in art classrooms: From skepticism to collaboration // International Journal of Art & Design Education. – 2025. – Vol. 44, No. 1. – P. 34–49.
9. Ruslim M. I., Khalid F. The use of artificial intelligence in differentiated instruction classrooms // International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences. – 2024. – Vol. 14, No. 4. – P. 512–527.
10. Ramli R., Nor N. Binti M., et al. AI-based digital pedagogical design for primary school visual art education: Review // International Journal of Research and Innovation in Social Science. – 2025. – Vol. 9, No. 3. – P. 412–428.
11. Khalique F., Josephine et al. Adaptive learning models for art curation education // ShodhKosh: Journal of Visual and Performing Arts. – 2025. – Vol. 6, No. 1. – P. 210–227.
12. Faisal M., Pal P., et al. AI for inclusive art education for differently abled learners // ShodhKosh: Journal of Visual and Performing Arts. – 2025. – Vol. 6, No. 1. – P. 88–104.
13. Jin L., Liu Y. AI-powered creative generation and intelligent assessment system for visual design education // Proceedings of the 2026 3rd International Conference on Informatics Education and Computer Technology Applications. – ACM, 2026. – P. 112–119.
14. Arslan B., Lehman B., et al. Opportunities and challenges of using generative AI to personalize educational assessment // Frontiers in Artificial Intelligence. – 2024. – Vol. 7.
15. Қазақстан Республикасында педагогтерге жасанды интеллектіні пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар // MCFR Білім беру порталы. – 2026.
16. Министерство образования и науки Республики Казахстан. Государственный общеобязательный стандарт общего среднего образования. – Астана, 2023. – 48 с.
17. Министерство просвещения Республики Казахстан. Типовая учебная программа по предмету «Художественный труд» (5–9 классы). – Астана, 2022. – 36 с.
18. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «Көркем еңбек» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2026.

https://doi.org/10.5281/zenodo.23303137

BƏDİİ İFADƏ VASİTƏLƏRİNİN TƏDRİSİNDƏ İNTERAKTİV TƏLİM METODLARININ TƏTBİQİ

ƏLİYEVA SƏRVİNAZ RƏCƏB QIZI
Azərbaycan Dövlət Pedaqoji Universiteti
Elmi-tədqiqat mərkəzinin kiçik elmi işçisi

Məqalədə bədii ifadə vasitələrinin tədrisində interaktiv təlim metodlarının tətbiqi imkanları araşdırılır. Bu metodların tələbələrin bədii mətnləri təhlil etmək , obrazlı təfəkküründü və ədəbi nitq bacarıqlarını inkişaf etdirməkdə rolunu diqqətə çatdırır.
Açar sözlər: *bədii ifadə vasitələri, interaktiv təlim, tədris metodları, ədəbi nitq.*

THE APPLICATION OF INTERACTIVE TEACHING METHODS IN TEACHING METHODS IN TEACHING FIGURATIVE LANGUAGE DEVICES

SARVINAZ RAJAB ALIYEVA
Azerbaijan State Pedagogical University
Junior Researcher of the Research Center

The article explores the application of interactive teaching fiqurative language devices. İt highlights the role of these methods in developing students' ability to analyze literary texts, enhance figurative thinking, and improve literary speech skills.
Key words: *figurative language devices, interactive learning, teaching methods, literary speech.*

Bədii ifadə vasitələri dilin poetik qatını yaradan və onun estetik dəyərini müəyyən edən əsas komponentlərdir. Onlar nitqin obrazlılığını, emosionallığını və təsirliliyini təmin edir. Bu ifadə vasitələri ilə müəllif ideyasını daha dərin, bədii və yadda qalan şəkildə oxucuya çatdırır.

Ümumiyyətlə, fiqurlar çoxdur.Bunlara həm danışıq dilində, həm də bədii dildə təsadüf etmək mümkündür.Fiqurlar nə qədər müxtəlif olsalar da ,dilin ümumi qaydalarını pozmaz,əksinə, dili zənginləşdirər, ifadəni artırar,yəni konkretləşdirər.Fiqurlar da bədii dilin gözəllik və parlaqlığını artıran poetik vasitələrdir [3, 177].

Bədii dil bədii ifadə vasitələri ilə zəngin dildir. Dili bədiiləşdirən vasitələr aşagıdakılardır: məcaz, təşbeh(bənzətmə),metafora(istiara), simvol (rəmz), alleqoriya (təxşis), kinayə(mübaliğə). Bunlara poetik fiqurlaz kimi da baxmaq olar. Onlar ədəbiyyatın dilini canlı və məzmunlu edir. Bədii dilin tərkibinin zənginliyində mühüm əhəmiyyətə malikdir.

Bədii dilin ifadə vasitələri bütöv bir sistemdir,əsas vəzifəsi mənanı dəqiq və dolğun əks etdirməyə,bədii əsərin arxitektonikasının mükəmməliyinə,üslubun ,küllən bədii formanın gözəlliyinə xidmət edir [5,121].

Bədii ifadə vasitələri dil vahidlərinin birbaşa deyil, məcazi mənada istifadəsi əsasında meydana gəlir.

Sözlərin məcazi mənalarda işlədilməsi dilin bəzəyi və naxışlarıdır. Dil məhz məcazlarla ifadəlik, obrazlılıq kəsb edir.

Əslində bədii dilin metafor, metonim , təşbih , kinayə , təriz , rəmz , alleqoriya , mübaliğə , kiçiltmə və bunlar kimi bir sıra məna çalarlıqlı müxləlif leksik vahidləri məhz məcazın müxtəlif təzahür növləridir və bunlarsız bədii üslubu təsəvvür etmək olmaz [2, 154].

Bədii ifadə vasitələrinə ən çox bədii əsərlərin dilində rast gəlinir:

Mehribanlıq görməyib bir məxluqədən küsmüşəm.
Gündə yüz al eyləyən qəlbi qarədən küsmüşəm,
Bir qədər mey istədim , qırdı qəlbim şişəsin.

Daş bağırlı saqiyi- sahibcəfadan küsmüşəm. [4, 154]
Əzəl başdan düşmənimdir üzü murdar qaranlıq,
Hər torpağın öz eşqi var, hər millətin öz adı;
Kainata dəyişmərəm öz adımı bir anlıq,
Mənəm odlar ölkəsinin günəş donlu övladı!
Hər torpağın öz eşqi var , hər millətin öz adı . [6,156]

Ağ xələt bürünər, zərnişan geyməz,
Heç kəsi dindirib keyfinə dəyməz,
Sərdara söz deməz, şaha baş əyməz,
Qüdrətdən səngərli, qalalı dağlar. [1,36]

Bədii ifadə vasitələrinin üslubi və estetik əhəmiyyəti yalnız bədii ədəbiyyatla məhdudlaşmır. Onlardan publisistik və tədris mətnlərində də məqsədyönlü şəkildə istifadə edildikdə nitqin təsir gücü artır, mətnin qavranılması asanlaşır. Xüsusilə Azərbaycan dili və ədəbiyyatı dərslərində bədii ifadə vasitələrinin öyrədilməsi tələbələrin dil duyumunun, estetik zövqünün və yaradıcı təfəkküründün formalaşmasına müsbət təsir göstərir

Azərbaycan dili və ədəbiyyatı fənlərinin əsas məqsədlərindən biri tələbələrdə dil duyumunun, yaradıcılıq bacarığının və estetik zövqün formalaşdırılmasıdır. Bu məqsədə çatmaq üçün bədii ifadə vasitələrinin (metafora, epitet, oksümoron, təşbeh, hiperbola, litota, ironiyanın və s.) öyrədilməsi xüsusi əhəmiyyət daşıyır.

Lakin müasir dövrdə pedaqoji təhsilin qarşısında duran yeni tələblər bu mövzunun tədrisinə yanaşmanı da dəyişməyə vadar edir. Müəllim artıq sadəcə ədəbi terminləri izah edən deyil, həm də şagirdin bədii təfəkküründü formalaşdıran, onu mətnlə interaktiv münasibətə gətirən şəxs olmalıdır.

Bu baxımdan, bədii ifadə vasitələrinin tədrisində müasir təlim texnologiyalarının (İKT, layihə, problemli təlim, tənqidi düşünmə, oyun texnologiyaları və s.) tətbiqi pedaqoji təhsil sistemində əsas istiqamətlərdən birinə çevrilməlidir.

1.1. Tədris prosesində sistemli yanaşma və mərhələlilik prinsipi

Bədii ifadə vasitələrinin effektiv tədrisi üçün dərs planlaşdırılması mərhələli şəkildə qurulmalıdır:

1. Hazırlıq mərhələsi
2. Tədqiqat mərhələsi
3. Yaradıcılıq mərhələsi
4. Qiymətləndirmə mərhələsi

1.2. Pedaqoji təhsildə İKT-nin tədrisə inteqrasiyası

İKT-nin tətbiqi təkcə tədris prosesinin forması deyil, onun məzmununa da təsir göstərir. Azərbaycan dilində bədii ifadə vasitələrinin tədrisində İKT-nin tətbiqi rəqəmsal resursların, onlayn platformaların və audio-vizual təhlilin istifadəsini nəzərdə tutur.

1.3. Layihə əsaslı təlim və yaradıcı düşüncə

Layihə əsaslı təlim gələcək müəllimlərdə tədqiqat bacarığı, yaradıcılıq və komanda işinə əsaslanan fəaliyyət vərdişlərini inkişaf etdirir. Bu, nəzəri bilikləri praktik tətbiqlə birləşdirir.

1.4. Problemli və tənqidi düşünmə texnologiyalarının tətbiqi

Bu texnologiyalar pedaqoji təhsildə analitik bacarıqları inkişaf etdirmək üçün mühüm vasitədir. Məsələn, "Nə üçün bəzi bədii əsərlərdə oxşar obrazlar fərqli ifadə vasitələri ilə təqdim olunur?" sualı tələbələri tənqidi düşünməyə sövq edir.

1.5. Müəllim hazırlığında praktiki bacarıqların gücləndirilməsi

Pedaqoji təhsilin əsas məqsədi gələcək müəllimi yalnız nəzəri biliklərlə deyil, praktik bacarıqlarla da təmin etməkdir. Praktikum dərslər, video-analizlər və yaradıcılıq laboratoriyaları bu məqsədə xidmət edir.

1.6. Milli və qlobal pedaqoji təcrübənin sintezi

Tədris prosesində həm milli pedaqoji ənənələrin qorunması, həm də qlobal təcrübədən yararlanmaq vacibdir. Azərbaycan və dünya ədəbiyyatının müqayisəli öyrənilməsi tələbələrin dil-mədəniyyət əlaqəsini dərindən anlamasına şərait yaradır.

Müxtəlif müasir təlim texnologiyalarının məqsədyönlü və sistemli tətbiqi dərs prosesinin didaktik baxımdan səmərəli təşkilinə, təlimin məzmununun şaxələndirilməsinə, tələbə və şagirdlərin idrak fəallığının artırılmasına, eləcə də dərslərin daha maraqlı, interaktiv və nəticəyönümlü qurulmasına geniş imkanlar yaradır.

Dərs nümunələri:

1. “Beyin həmləsi” texnikası ilə dərs nümunəsi

Mövzu: Oksümoron və onun bədii funksiyası

Məqsəd:

• Oksümoronun mənaca zidd anlayışların birləşməsi əsasında yaranan bədii ifadə vasitəsi kimi dərk edilməsi;

• Dildə emosionallıq və ironiyanın yaranma yollarını müəyyənləşdirmək.

Tapşırıq gedişi:

1.1. Müəllim lövhəyə bu ifadələri yazır:

“Canlı ölü”, “alovlu buz parçası”, “acı sevinc”, “işıqlı gecə”.

1. 2.Tələbələr beyin həmləsi ilə bu ifadələrin mümkün mənalarını izah edir və onların hansı emosional təsir yaratdığını müzakirə edirlər.

1.3. Qrup halında yeni oksümoron nümunələri yaradılır.

Nitq fiqurları və troplar: Oksümoron, metafora,

Nəticə: Tələbələr dilin ziddiyyətlər üzərində poetik mənalar yaratmaq gücünü dərk edirlər.

1. “Müzakirə və debat” texnikası ilə dərs nümunəsi

Mövzu: Metafora və metonimiyanın müasir nitqdə rolu

Məqsəd:

• Metaforanın və təşbehlə fərqini başa düşmək;

• Müasir mətbuatda, sosial mediada və ədəbiyyatda onların istifadəsini təhlil etmək.

Tapşırıq gedişi:

1. Tələbələr iki qrupa bölünür:

1-ci qrup: “Metafora nitqi gözəlləşdirir.”

2-ci qrup: “Təşbeh nitqi məna baxımından konkretləşdirir.”

2. Hər qrup 3 ədəbiyyat nümunəsindən (məs: Səməd Vurğun, Anar, Elçin) sitatlar gətirərək fikrini müdafiə edir.

3. Müzakirə nəticəsində müəllim ümumiləşdirici təhlil aparır.

4. "Üzü günəş kimi işıq saçan qızım susmasın" təşbehdir. "Günəşim susmasın" şəklinə salsaq metafor düzələcək

Nitq fiqurları və troplar: Metafora, təşbeh

Nəticə: Tələbələr bədii məna keçidlərini anlamağı və arqumentlərlə çıxış etməyi öyrənirlər.

3. “Rol oyunu” texnikası ilə dərs nümunəsi

Mövzu: Hiperbola və litota vasitəsilə emosional nitqin qurulması

Məqsəd:

• Hiperbolanın və litotanın emosional təsir gücünü anlamaq;

• Bu vasitələrin bədii nitqdəki rolunu praktik şəkildə mənimsəmək.

Tapşırıq gedişi:

1. Tələbələr 3-4 nəfərlik qruplara bölünür.

2. Hər qrup gündəlik situasiyalardan (imtahan, gecikmə, sevinc, məyusluq) biri ilə bağlı qısa səhnəcik hazırlayır.

3. Rol oyununda məqsəd — ifadələrdə şişirtmə (hiperbola) və yumşaltma (litota) vasitəsilə emosional təsiri artırmaqdır.

Nümunə:

• Hiperbola: “Bütün kitabxananı əzbər bilirəm!”

• Litota: “Bir az yorulmuşam, sadəcə üç gün yatmamışam.”
Nitq fiqurları və troplar: Hiperbola, litota, ironiya.
Nəticə: Tələbələr nitqin emosional və üslubi tonunu idarə etməyi öyrənirlər.
4. “Prezentasiya və layihə” texnikası
Mövzu: Epitetlərin və təkrirlərin poetik funksiyası
Məqsəd:
• Epitet və təkririn bədii mətnin emosional tonuna təsirini anlamaq;
• Müxtəlif ədiblərin üslubunda epitetlərin istifadəsini müqayisə etmək.
Tapşırıq gedişi:
1. Hər qrup bir şairin (Səməd Vurğun, Nigar Rəfibəyli) yaradıcılığından seçilmiş 3–5 beyt və ya misra toplayır.
2. Qrup təqdimatında bu epitetlərin funksiyasını izah edir: təsviri, emosional və estetik baxımdan hansı rol oynayır.
3. Prezentasiyada tələbələr öz epitetlərlə qısa poetik nümunə də yaradırlar.
Nitq fiqurları və troplar: Epitet, təkrir, metafora.
Nəticə: Dilin poetik imkanlarının analitik və yaradıcılıq səviyyəsində mənimsənilməsi.
5. “Tədqiqat işi və təqdimat” texnikası
Mövzu: Müasir Azərbaycan poeziyasında bədii ifadə vasitələrinin istifadəsi
Məqsəd:
• Müasir ədəbiyyatda bədii ifadə vasitələrinin dəyişən funksiyasını araşdırmaq;
• Analitik tədqiqat aparmaq və nəticəni elmi şəkildə təqdim etmək.
Tapşırıq gedişi:
1. Tələbələr 2–3 nəfərlik tədqiqat qruplarında seçilmiş müəllif (məsələn, Ramiz Rövşən, Vaqif Bayatlı, Fikrət Qoca) əsasında analiz aparır.
2. Hər qrup seçilmiş şeirdə 5–6 bədii ifadə vasitəsini müəyyənləşdirir və onların bədii-estetik funksiyasını izah edir.
3. Əldə olunan nəticə sinif qarşısında təqdim edilir və müzakirə olunur.
Nitq fiqurları və troplar: Metafora, oksümoron, təkrir, epitet, ironiya, antitezis.
Nəticə: Tələbələr həm tədqiqat aparmaq, həm də nitqdə bədii vasitələri analitik baxımdan təhlil etmək bacarığı qazanırlar.

texnoloqiyaları ilə keçirilsin,auditoriyalar buna uyğun olaraq təkmilləşdirilsin cavabını vurğulamışdır

Bədii ifadə vasitələrinin tədrisi ənənəvi üsullarla aparıldıqda, tələbələr bu anlayışları nəzəri şəkildə qavrayır, lakin onları praktik nitq fəaliyyətində tətbiq etməkdə çətinlik çəkirlər. Müasir təlim texnologiyaları, xüsusilə interaktiv metodlar, problemli təlim, beyin həmləsi, rollu oyunlar, prezentasiyalar, diskussiya və layihə əsaslı tədris kimi yanaşmalar isə tələbələrin bədii mətnlərlə yaradıcı təmasda olmasını təmin edir. Bu zaman tələbələr yalnız bədii ifadə vasitələrini öyrənmir, həm də onların emosional, estetik və mənəvi təsirini hiss edir, nitqlərində məqsədyönlü şəkildə tətbiq etməyi bacarırlar.

Müasir pedaqoji texnologiyaların tətbiqi eyni zamanda müəllimlərin peşəkarlığını və metodik hazırlığını da tələb edir. Azərbaycan dili və ədəbiyyatı fənlərinin tədrisində bu texnologiyaların məqsədyönlü şəkildə istifadəsi müəllim-tələbə münasibətlərində qarşılıqlı əməkdaşlıq, yaradıcı atmosfer və motivasiya yaradır. Bədii ifadə vasitələrinin tədrisində müasir texnologiyaların tətbiqi həm elmi-nəzəri təfəkkürü, həm də estetik qavrayışı inkişaf etdirir.

Beləliklə, bu tədqiqatın nəticələrinə əsasən, demək olar ki, bədii ifadə vasitələrinin tədrisində müasir təlim texnologiyalarının tətbiqi yalnız fənnin mənimsənilməsini asanlaşdırmır, həm də tələbələrin müstəqil düşünmə, analiz, interpretasiya və yaradıcılıq bacarıqlarını inkişaf etdirir.

ƏDƏBİYYAT

1. A.Ələsgər. Əsərləri. Bakı, 2004, 36s.
2. Ə. Dəmirçizadə. Azərbaycan dilinin üslubiyyatı. Bakı, 1962, 154s.
3. M. Rəfili. Ədəbiyyat nəzəriyyəsinə giriş. Bakı, 1958, 177s.
4. M.P.Vaqif. Əsərləri. Bakı, 2004, 154s.
5. N.Şəmsizadə. Ədəbiyyat nəzəriyyəsi. Bakı, 2012, 121s.
6. S. Vurğun. Seçilmiş əsərləri, II cild. Baki, 2005,156-157s.

ӘОЖ 376-056.264

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА СТЖД III ДЕҢГЕЙІ БАР 1–2 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СОНОРЛЫҚ ДЫБЫСТАРЫН ТҮЗЕТУ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МОДЕЛЬ

ӘНТАЙ ЖАНАЯ
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, «Арнайы педагогика» кафедрасының оқытушысы **КАТТЕБАЕВА М.З.**
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. *Зерттеуде жалпы білім беретін мектеп жағдайында сөйлеу тілінің жалпы дамымауының (СТЖД) III деңгейі бар 1–2 сынып оқушыларының сонорлық дыбыстарын түзетудің теориялық-әдістемелік негіздері жүйеленді. Мақсаты – СТЖД-ның жүйелік құрылымын, қазақ тіліндегі сонорлық дыбыстардың фонетикалық-артикуляциялық ерекшеліктерін және бастауыш мектептің оқу-коммуникативтік талаптарын өзара байланыстыра отырып, мектеп логопедіне арналған түзету жұмысының ғылыми негізделген моделін әзірлеу. Интегративті әдеби шолу, тақырыптық контент-талдау, салыстыру және теориялық модельдеу әдістері қолданылды. Арнайы педагогика, логопедия, психолингвистика, қазақ фонетикасы және балалардағы сөйлеу дыбыстары бұзылыстарын түзету саласындағы зерттеулер талданды. Сонорлық дыбыстарды бағалаудың артикуляциялық-моторлық, фонематикалық, фонетикалық-позициялық және функционалдық-коммуникативтік блоктары айқындалып, қателер артикуляциялық-моторлық, фонологиялық, аралас және контекстік-тұрақсыз механизмдер бойынша сараланды. Логопедиялық жұмыстың бес кезеңі негізделді: кешенді диагностика, артикуляциялық-фонематикалық дайындық, дыбысты қою және автоматтандыру, дифференциация мен вариативті практика, еркін сөйлеу мен оқу әрекетінде бекіту. Модель қазақ тілінің фонетикалық нормасын, оқушының жеке сөйлеу профилін және қалыптасқан дағдыны табиғи оқу-коммуникативтік ортаға көшіру қағидасын біріктіреді.*

Түйін сөздер: *СТЖД III деңгейі; сонорлық дыбыстар; логопедиялық түзету; фонематикалық үдерістер; бастауыш мектеп.*

КОРРЕКЦИЯ СОНОРНЫХ ЗВУКОВ У УЧАЩИХСЯ 1–2 КЛАССОВ С ОНР III УРОВНЯ В УСЛОВИЯХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ

Аннотация. *В исследовании систематизированы теоретико-методические основы коррекции сонорных звуков у учащихся 1–2 классов с общим недоразвитием речи (ОНР) III уровня в условиях общеобразовательной школы. Цель состояла в разработке научно обоснованной модели школьной логопедической работы, объединяющей системную структуру речевого нарушения, фонетико-артикуляционные особенности сонорных согласных казахского языка и учебно-коммуникативные требования начальной школы. Использованы интегративный обзор литературы, тематический контент-анализ, сопоставление и теоретическое моделирование. Проанализированы исследования по специальной педагогике, логопедии, психолингвистике, казахской фонетике и коррекции нарушений звукопроизношения у детей. Выделены четыре взаимосвязанных*

диагностических блока: артикуляционно-моторный, фонематический, фонетико-позиционный и функционально-коммуникативный. Ошибки произношения дифференцированы по артикуляционно-моторному, фонологическому, смешанному и контекстно-неустойчивому механизмам. Обоснована пятиэтапная модель коррекционной работы: комплексная диагностика, артикуляционно-фонематическая подготовка, постановка и автоматизация звука, дифференциация и вариативная практика, закрепление в свободной речи и учебной деятельности. Модель ориентирована на индивидуализацию логопедической помощи и перенос сформированного навыка в естественную учебно-коммуникативную среду.

Ключевые слова: *ОНР III уровня; сонорные звуки; логопедическая коррекция; фонематические процессы; начальная школа.*

CORRECTION OF SONORANT CONSONANTS IN GRADE 1–2 PUPILS WITH LEVEL III GENERAL SPEECH UNDERDEVELOPMENT IN MAINSTREAM SCHOOL: A THEORETICAL AND METHODOLOGICAL MODEL

Abstract. *The study systematizes the theoretical and methodological foundations for correcting sonorant consonants in Grade 1–2 pupils with Level III general speech underdevelopment (GSU) in mainstream school settings. The aim was to develop a scientifically grounded school-based speech-language intervention model integrating the systemic nature of speech-language difficulties, the phonetic and articulatory characteristics of Kazakh sonorants, and the academic-communicative demands of primary education. An integrative literature review, thematic content analysis, comparison, and theoretical modelling were employed. Research in special education, speech-language therapy, psycholinguistics, Kazakh phonetics, and childhood speech sound intervention was analysed. Four interrelated assessment domains were identified: articulatory-motor, phonemic, phonetic-positional, and functional-communicative. Production errors were differentiated according to articulatory-motor, phonological, mixed, and contextually unstable mechanisms. A five-stage intervention model was substantiated: comprehensive assessment, articulatory-phonemic preparation, sound establishment and automatization, differentiation and variable practice, and consolidation in spontaneous speech and academic activity. The model emphasizes language-specific phonetic material, individual speech profiles, self-monitoring, and transfer of the acquired production pattern to natural classroom communication.*

Key words: *Level III general speech underdevelopment; sonorant consonants; speech-language intervention; phonemic processing; primary school.*

Кіріспе

Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі бағыты ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыға жалпы білім беру ортасында қолжетімді әрі нәтижелі қолдау ұйымдастыруды талап етеді. «Білім туралы» Заңда инклюзивті білім беру барлық білім алушылар үшін жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үдеріс ретінде айқындалған [1]. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы білім беру кедергілерін азайтуды, функционалдық мүмкіндіктерді ескеруді және арнайы қолдауды білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде дамытуды көздейді [2]. Бұл талаптар сөйлеу тілінде жүйелі бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларына логопедиялық көмекті тек «дыбысты түзету» деңгейінде емес, оқу әрекетіне және коммуникацияға қатысу мүмкіндігімен байланысты ұйымдастыру қажеттігін күшейтеді.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) классикалық логопедиялық дәстүрде есту қабілеті мен бастапқы зияттық мүмкіндіктері сақталған жағдайда сөйлеу жүйесінің

дыбыстық-фонематикалық, лексикалық-грамматикалық және мағыналық-коммуникативтік компоненттерінің жеткіліксіз қалыптасуымен сипатталатын күрделі психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Р.Е. Левина мектебінің жүйелік-құрылымдық тұжырымдамасы сөйлеу бұзылысын жекелеген симптомдардың механикалық жиынтығы емес, өзара тәуелді компоненттер жүйесі ретінде түсіндіруге негіз қалады [9]. Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова және Т.Б. Филичева СТЖД деңгейлерін сөйлеу онтогенезімен байланыстырып, фразалық сөйлеу қалыптасқанның өзінде фонетикалық-фонематикалық және лексикалық-грамматикалық жеткіліксіздіктер сақталуы мүмкін екенін көрсетті [10].

СТЖД III деңгейі зерттеу тақырыбы үшін ерекше мәнге ие. Бұл деңгейде оқушы күнделікті қарым-қатынасқа жеткілікті кеңейтілген фразалық сөйлеуді қолданғанымен, дыбыс айту, фонематикалық қабылдау, сөздің дыбыстық-буындық құрылымы, сөздік қор, грамматикалық рәсімдеу және байланыстырып сөйлеу салаларындағы тұрақты қиындықтар сақталуы ықтимал [10; 12]. Сондықтан бастауыш сыныпта мұндай оқушының сөйлеуі сырттай салыстырмалы түрде қалыптасқан болып көрінгенімен, тілдік материал күрделенген сайын және сөйлеуге ерікті бақылау талабы артқан сайын жасырын жеткіліксіздіктер айқынырақ байқалады. Бірінші сыныпта дыбыс, әріп, буын және сөздің құрамын саналы талдау басталса, екінші сыныпта тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымның өзара байланысы күшейеді. Осы кезеңде дыбыс айту мен фонематикалық үдерістердің жеткіліксіздігі оқу-коммуникативтік тапсырмаларды орындауға қосымша кедергі тудыруы мүмкін.

Отандық логопедияның маңызды ерекшелігі – сөйлеуді қазақ тілінің фонетикалық, фонологиялық және грамматикалық заңдылықтарымен сабақтастықта қарастыру. Қ.Қ. Өмірбекова, Г.С. Оразаева, Г.Н. Төлебиева және Г.Б. Ибатова еңбектерінде қазақ тіліндегі дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін, сөздің дыбыстық құрылымын және тілдік материалдың ұлттық сипатын логопедиялық диагностика мен түзетуде ескеру қажеттігі жүйеленген [11; 12]. С. Мырзабековтың қазақ фонетикасына арналған еңбегі де дауыссыздарды жасалу орны, жасалу тәсілі және үн мен салдыр қатынасы тұрғысынан саралаудың ғылыми негізін береді [15]. Бұл қағида қазақтілді баламен жұмыс кезінде өзге тілге арналған жаттығуларды механикалық көшіруге болмайтынын көрсетеді.

Сонорлық/үнді дауыссыздар ортақ акустикалық белгі – үннің басымдығы арқылы біріктірілгенімен, олардың артикуляциялық механизмдері біркелкі емес. [м], [н], [ң] дыбыстары мұрын резонансына сүйенеді; [л] дыбысы тіл ұшының алдыңғы бөліктегі тірегі мен бүйірлік ауа ағынын талап етеді; [р] дыбысының нормативтік артикуляциясында тіл ұшының дірілі мен бағытталған ауа ағыны маңызды. [й] және графикалық «у» таңбасымен берілетін дыбыстық бірліктердің қызметі фонетикалық контекске тәуелді қарастырылады [15]. Демек, сонорлық дыбыстарды бір топ ретінде атау оларды бірдей артикуляциялық тәсілмен түзетуге негіз болмайды. Әр фонеманың жасалу механизмі, сөздегі позициясы, баланың қате түрі және фонематикалық ажырату мүмкіндігі дербес бағалануы тиіс.

Халықаралық зерттеулер де сөйлеу дыбыстары бұзылыстарының мектеп жасына дейін толық жойыла бермейтінін көрсетеді. Y. Wren және әріптестері сегіз жаста тұрақты speech sound disorder таралуын популяциялық деректер арқылы сипаттап, мұндай қиындықтардың мектеп кезеңінде де сақталуы мүмкін екенін анықтады [16]. Кейінгі зерттеу тұрақты сөйлеу бұзылысының кейбір білім нәтижелерімен және арнайы білім беру қажеттіліктерімен байланысын көрсетті [25]. S. McLeod пен K. Crowe 27 тілдегі дауыссыздарды меңгеру деректерін талдай отырып, мұрын дыбыстары көбіне ертерек, ал діріл және кейбір тіл алды дыбыстар кешірек меңгерілетінін көрсетті [22]. Бұл деректер қазақ тіліндегі нақты нормаға тікелей көшірілмейді, бірақ сонорлық дыбыстардың артикуляциялық күрделілігі бірдей емес екенін дәлелдейтін жалпы кросс-лингвистикалық негіз береді.

Сөйлеу дыбыстары бұзылыстарын түзетуге арналған дәлелдер де бір ғана әмбебап тәсілдің жеткіліксіз екенін көрсетеді. E. Baker және S. McLeod 134 интервенциялық зерттеуді талдап, нысананы таңдау мен түзету тәсілдерінің алуан түрлі екенін және клиникалық-педагогикалық шешімнің ғылыми дәлел, маман тәжірибесі және баланың жеке профилі негізінде қабылдануы тиіс екенін көрсеткен [23]. Y. Wren және әріптестерінің жүйелі шолуында перцептивтік, когнитивтік-лингвистикалық, артикуляциялық және интегративті тәсілдердің қолданылатыны, бірақ дәлел деңгейінің біркелкі еместігі анықталған [17]. J.L. Preston және әріптестері күрделі /r/ бұрмалануын түзетуде мақсатты артикуляциялық нұсқау, моторлық практика және кері байланысты ұйымдастырудың маңызын талдаған [18]. Алайда бұл зерттеулер негізінен ағылшын тіліне қатысты болғандықтан, олардың артикуляциялық шешімдерін қазақ [р] дыбысына тікелей теңестіруге болмайды.

Отандық соңғы зерттеулер зерттеу мәселесінің бастауыш мектеп кезеңінде өзектілігін нақтылай түседі. Ж. Рахым мен А.Т. Тулеова СТЖД III деңгейіндегі бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын дамыту мәселесін қарастырып, бұл санаттағы балалардың сөйлеуін мектеп жасында да арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпал нысаны ретінде зерттеу қажеттігін көрсетеді [13]. Г.Б. Ибатова мен Қ.Ә. Сатархан сөздің дыбыстық-буындық құрылымының қалыптасуын талдай отырып, мектеп кезеңінде фонологиялық және буындық ұйымдасу қиындықтары сақталуы мүмкін екенін көрсеткен [14]. Г.Т. Бекмуратова мен А.Е. Абдыкалыкова дыбыс айту жұмысында дидактикалық ойындарды қолданудың педагогикалық шарттарын сипаттайды [28], ал А.К. Рсалдинова және әріптестері сөздің буындық құрылымын қалыптастырудағы заманауи тәсілдерді жүйелейді [29]. Бұл еңбектердің барлығы тікелей сонорлық дыбыстарға арналмағанымен, олардың ортақ тұжырымы маңызды: бастауыш мектеп жасындағы сөйлеу бұзылыстарын түзету тілдік құрылым, оқу мотивациясы және оқу әрекетінің талаптарымен байланыста ұйымдастырылуы тиіс. Осы тұрғыдан сонорлық дыбыстар мәселесі жеке фонетикалық міндет емес, мектеп жасындағы сөйлеу жүйесінің функционалдық тұрақтылығының бір көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Фонематикалық үдерістердің рөлі де әдеби шолудың жеке бағытын құрайды. N.R. Benway және әріптестері мектеп жасындағы speech sound disorder бар балаларда сөйлеуді қабылдау, сөздік қор және фонологиялық хабардарлық көрсеткіштерінің өзара байланысын зерттеген [24]. Бұл зерттеу СТЖД жіктемесіне тікелей арналмағанымен, дыбыс айтудың перцептивтік және метатілдік операциялармен байланысын көрсетеді. Бастауыш сыныптағы сауат ашу кезінде бала фонеманы тек естіп қабылдап немесе айтып қана қоймай, оны сөз құрамынан бөліп, орны мен ретін анықтап, графемамен сәйкестендіреді. Сондықтан сонорлық дыбыстың дұрыс артикуляциясы фонематикалық ажырату жеткіліксіз болған жағдайда тұрақты оқу-коммуникативтік дағдыға автоматты түрде айналмайды. Осыдан мектеп логопедиясында артикуляциялық және фонематикалық өлшемдерді қатар бағалау қажеттілігі туындайды.

Әдеби деректерді салыстыру СТЖД III деңгейі бар бастауыш сынып оқушыларының сонорлық дыбыстарын түзету мазмұны төрт өзара байланысты бағытты қамтуы керектігін айқындайды: қазақ тілінің фонетикалық нормасы, дыбыс айту қатесінің механизмі, фонематикалық үдерістер және мектептегі функционалдық сөйлеу талаптары. Осы бағыттарды бір жүйеге біріктіру логопедиялық жұмыстың теориялық-әдістемелік моделін құруға негіз болады.

Зерттеудің мақсаты – жалпы білім беретін мектеп жағдайында СТЖД III деңгейі бар 1–2 сынып оқушыларының сонорлық дыбыстарын түзетуге арналған, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен сөйлеу бұзылысының жүйелік құрылымын ескеретін теориялық-әдістемелік модельді әзірлеу. Осы мақсатқа сәйкес мынадай зерттеу сұрағы қойылды: сонорлық дыбыстарды бағалау мен түзетудің қандай өлшемдері және қандай

кезеңдік логикасы мектеп жағдайында артикуляциялық, фонематикалық және функционалдық нәтижелердің сабақтастығын қамтамасыз етеді?

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу теориялық-аналитикалық сипатта жүргізіліп, интегративті әдеби шолу мен ғылыми модельдеу тәсілдері қолданылды. Талдауға 29 дереккөз енгізілді: Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру мен психологиялық-педагогикалық қолдауды реттейтін 5 нормативтік-құқықтық құжаты және тақырыпқа тікелей қатысты 24 ғылыми-әдістемелік еңбек. Ғылыми дереккөздер СТЖД III деңгейінің сипаттамасы, қазақ тілінің фонетикасы мен отандық логопедия, бастауыш мектеп жасындағы сөйлеу қиындықтары, сөйлеу дыбыстары бұзылыстары, фонематикалық өңдеу және моторлық үйрету мәселелеріне сәйкестігі бойынша іріктелді [1–5; 9–29].

Әдебиеттерді талдау үш деңгейде жүргізілді. Бірінші деңгейде ұғымдық-теориялық талдау арқылы СТЖД-ның жүйелік сипаты, III деңгейдің тілдік белгілері және бастауыш мектептегі сөйлеудің оқу әрекетімен байланысы жүйеленді [9–12; 19]. Екінші деңгейде лингвистикалық-фонетикалық талдау арқылы қазақ тіліндегі сонорлық дыбыстардың жасалу ерекшеліктері және олардың логопедиялық бағалауда маңызды белгілері айқындалды [11; 15]. Үшінші деңгейде интервенциялық зерттеулер салыстырылып, дыбыс айту бұзылыстарында артикуляциялық-моторлық, фонологиялық, перцептивтік және функционалдық бағыттардың рөлі талданды [17; 18; 23; 26; 27].

Тақырыптық контент-талдаудың кодтау бірліктері ретінде алты категория белгіленді: 1) сонорлық дыбыстың нормативтік артикуляциясы; 2) қате көрінісінің түрі және ықтимал механизмі; 3) фонематикалық қабылдау мен фонемалық контраст; 4) дыбыстың сөздегі позициясы және дыбыстық-буындық құрылым; 5) дыбысты сөйлем, мәтін және еркін сөйлеуде қолдану; 6) логопедиялық ықпалдың кезеңділігі мен мониторингі. Бір мазмұндық бірлік бірнеше категорияға қатысты болған жағдайда оның жүйелік байланысы сақталды. Мысалы, [р] дыбысын алмастыру бір мезгілде артикуляциялық стимуляцияға берілуі, естіп ажырату нәтижесі және еркін сөйлеудегі тұрақтылығы арқылы сипатталды.

Теориялық модельді құрастыруда жүйелілік, онтогенетикалық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, сараланған және функционалдық қағидалар басшылыққа алынды. Жүйелілік қағидасы дыбыс айтуды сөйлеудің басқа компоненттерімен байланыста қарастыруды; сараланған қағида сыртқы қате бірдей болған жағдайда оның механизмін нақтылауды; функционалдық қағида қалыптастырылған дыбысты оқу мен табиғи коммуникацияға көшіруді талап етеді. Модель кезеңдері логопедиялық жұмыстың классикалық логикасына [20; 21] сүйене отырып, халықаралық моторлық үйрету және дәлелді интервенция қағидаларымен толықтырылды [18; 23; 26].

Нәтижелер

Интегративті талдау нәтижесінде сонорлық дыбыстармен жүргізілетін мектеп логопедиялық жұмысының құрылымы төрт диагностикалық блок, қате механизмдерінің функционалдық жіктемесі және бес кезеңді түзету логикасы арқылы жүйеленді. Бұл үш компонент өзара тәуелді: диагностикалық блоктар қате механизмін нақтылайды, ал механизм туралы қорытынды түзету кезеңінің мазмұны мен қолданылатын әдісті таңдауға негіз болады.

Кесте 1 – Сонорлық дыбыстарды логопедиялық бағалаудың диагностикалық блоктары

Блок	Негізгі көрсеткіштер	Диагностикалық сұрақ	Практикалық шешім
Артикуляциялық-моторлық	Артикуляциялық қалыптың дәлдігі; тіл, ерін, жұмсақ таңдай қимылы; ауа ағыны;	Оқушы мақсатты дыбысқа қажетті қозғалысты орындай	Дайындық жаттығулары, стимуляция және

	қимылдың ауысымдылығы	ала ма және оны қайталай ала ма?	дыбысты қою тәсілі анықталады.
Фонематикалық	Фонеманы естіп тану; ұқсас фонемалардан ажырату; сөздегі орнын анықтау	Қате тек өндіруге қатысты ма, әлде фонемалық контраст та тұрақсыз ба?	Перцептивтік және фонологиялық тапсырмалардың көлемі белгіленеді.
Фонетикалық-позициялық	Сөз басы/ортасы/соңы; буын типі; күрделі сөз; қосымша жалғанған форма	Дыбыс қандай позицияда және қандай тілдік жүктемеде бұзылады?	Автоматтандыру материалы мен күрделендіру реті дараланады.
Функционалдық-коммуникативтік	Сөйлем, дауыстап оқу, жауап беру, мазмұндау, диалог, өзіндік түзету	Кабинетте дұрыс айтылған дыбыс табиғи сөйлеуде сақтала ма?	Жалпылау, өзіндік бақылау және оқу әрекетіне көшіру стратегиясы таңдалады.

Дыбыс айту жағдайын «дұрыс/бұрыс» бинарлық бағалаумен шектеу СТЖД III деңгейіндегі сөйлеу бұзылысының құрылымын толық ашпайды. Бір сыртқы қате әртүрлі механизммен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, [р] дыбысын басқа фонемамен алмастыру қажетті артикуляциялық қимылдың қалыптаспауы, мақсатты және алмастырушы фонемалардың тұрақты ажыратылмауы немесе осы екі фактордың қосарлануы нәтижесінде көрінуі ықтимал. Сондықтан логопедиялық диагностика жеке симптомды ғана емес, оның сөйлеу жүйесіндегі орнын, стимуляцияға берілуін, фонемалық ажырату жағдайын және еркін сөйлеудегі тұрақтылығын қамтуы қажет [20; 27].

Сонорлық дыбыстар артикуляциялық механизмі бойынша біртекті емес. [м], [н], [ң] дыбыстарында ауаның мұрын қуысы арқылы өтуі мен тиісті артикуляциялық жабылу жетекші болса, [л] дыбысында тіл ұшының тірегі мен бүйірлік ауа ағыны, [р] дыбысында тіл ұшының дірілдік қозғалысы мен бағытталған ауа ағыны шешуші қызмет атқарады. Осыған байланысты түзету тәсілі дыбыстардың топтық атауына емес, нақты фонеманың жасалу механизміне негізделуі керек. Қазақ тіліндегі [ң] дыбысының позициялық ерекшелігі мен [н]-мен алмастырылуы ұлттық тілдік материалды мақсатты іріктеуді талап етеді [11; 15].

Кесте 2 – Сонорлық дыбыстардың фонетикалық-логопедиялық сипаттамасы

Дыбыс	**Жетекші артикуляциялық белгі**	**Бағалаудағы негізгі көрсеткіш**	**Ықтимал қате көрінісі**
[м]	Екі еріндік, мұрын жолды үнді	Еріндердің қабысуы, дауыс қатысы, мұрын резонансы	Алмастыру, түсіріп қалдыру, резонанстық өзгеріс
[н]	Тіл алды, мұрын жолды үнді	Тіл ұшының орны, мұрын жолының ашықтығы	Алмастыру, сөз ішінде тұрақсыз қолдану
[ң]	Тіл арты, мұрын жолды үнді	Тіл артының қалпы, қазақ сөздеріндегі позиция	[н]-мен алмастыру, түсіріп қалдыру, тұрақсыз айту
[л]	Тіл алды, бүйірлік үнді	Тіл ұшының тірегі, бүйірлік ауа ағыны	Ламбдацизм, параламбдацизм, тұрақсыз артикуляция
[р]	Тіл алды, дірілдік үнді	Тіл ұшының қозғалысы, ауа ағыны, артикуляциялық үйлесім	Ротацизм, параротацизм, дірілдің жеткіліксіздігі
[й]	Жуысыңқы, тіл ортасы белсенді	Тіл ортасының қалпы, сөздегі орны	Алмастыру, түсіріп қалдыру, тұрақсыз

			қолдану
[у]	Фонетикалық қызметі контекске тәуелді	Еріндік артикуляция, сөздегі орны, фонологиялық контекст	Айту немесе дыбыстық талдаудағы тұрақсыздық

Сонорлық дыбыстардағы қателерді түзету бағытын анықтау үшін оларды функционалдық механизм бойынша саралау тиімді. Артикуляциялық-моторлық жағдайда бала фонеманы естіп ажырата алғанымен, қажетті қимылды тұрақты орындай алмайды; фонологиялық жағдайда мақсатты фонема басқа фонемамен жүйелі алмастырылып немесе араластырылып, фонемалық контрастты ажыратуда қиындық байқалады. Аралас жағдайда артикуляциялық және фонематикалық қиындықтар қатар көрінеді, ал контекстік-тұрақсыз нұсқада дыбыс жеңіл материалда дұрыс айтылғанымен, күрделі сөзде немесе еркін сөйлеуде қайта бұзылады. Бұл саралау клиникалық диагнозды алмастырмайды, бірақ логопедиялық ықпалдың басым бағытын таңдауға мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Сонорлық дыбыстардағы қателерді функционалдық механизмі бойынша саралау

Қате механизмі	**Негізгі көрінісі**	**Диагностикалық белгі**	**Басым түзету бағыты**
Артикуляциялық-моторлық	Фонема бұрмаланып айтылады	Фонемалық ажырату сақталған, бірақ қажетті артикуляциялық қозғалыс тұрақсыз	Артикуляциялық база, кинестетикалық және моторлық бақылау
Фонологиялық	Мақсатты дыбыс басқа фонемамен тұрақты алмастырылады/аралас тырылады	Естіп ажырату, фонеманы таңдау немесе сөз ішінен анықтау қиын	Фонематикалық қабылдау, контраст, дыбыстық талдау
Аралас	Бұрмалау және фонемалық шатастыру қатар жүреді	Артикуляциялық және фонематикалық тапсырмаларда қатар қиындық бар	Артикуляциялық және фонологиялық бағытты кіріктіру
Контекстік-тұрақсыз	Оқшау/жеңіл сөзде дұрыс, күрделі тілдік жағдайда қате	Тілдік жүктеме артқан сайын ескі үлгіге қайта оралады	Вариативті автоматтандыру, өзіндік бақылау, жалпылау

Логопедиялық ықпал дыбысты қоюмен аяқталмайды. Теориялық талдау өзара сабақтас бес кезеңді негіздейді: 1) кешенді диагностика; 2) артикуляциялық-фонематикалық дайындық; 3) дыбысты қою және автоматтандыру; 4) дифференциация және вариативті практика; 5) еркін сөйлеу мен оқу әрекетінде бекіту. Кезеңдер бірізді ұйымдастырылғанымен, олардың мазмұны өзара кірігеді: фонематикалық ажырату диагностикадан басталады, ал функционалдық сөйлеуге көшіру дыбыс сөз деңгейінде тұрақтанған кезден бастап қысқа коммуникативтік тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.

Дайындық кезеңінде барлық балаға бірдей артикуляциялық гимнастика беру емес, мақсатты дыбысқа нақты қажет алғышарттарды қалыптастыру басым болуы тиіс. [р] үшін тіл ұшының икемділігі мен бағытталған ауа ағыны, [л] үшін тіл ұшының тұрақты тірегі, мұрын жолды дыбыстар үшін резонанс пен тиісті артикуляциялық жабылу тексеріледі. Фонематикалық қиындық анықталса, осы кезеңнен бастап мақсатты фонеманы естіп тану, дыбыстың сөздегі орнын анықтау және ұқсас фонемалардан ажырату тапсырмалары енгізіледі. Бұл дайындық дыбысты оқшау моторлық қозғалыс емес, фонемалық жүйенің бірлігі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дыбысты қою кезеңіндегі педагогикалық шешім оқушының стимуляцияға берілуіне және қате механизміне тәуелді. Дыбыс еліктеу арқылы алынуы мүмкін, кей жағдайда артикуляциялық қалыпты нақты нұсқау, көру тірегі немесе арнайы логопедиялық тәсіл қажет болады. J.L. Preston және әріптестері ағылшын /r/ дыбысымен жұмыста фонетикалық нұсқау мен моторлық практиканың маңызын көрсеткен [18]. Бұл тәсілдің нақты артикуляциялық конфигурациясы қазақ [р]-ына тікелей көшірілмейді, бірақ жаңа сөйлеу қимылын қалыптастыруда айқын мақсат, жеткілікті қайталау және түсінікті кері байланыс қажет деген жалпы қағида қолдануға келеді.

Автоматтандыру буыннан сөзге, сөз тіркесіне, сөйлемге және байланыстырып сөйлеуге қарай күрделенеді. Алайда күрделендіру тек тілдік бірліктің көлемімен өлшенбеуі тиіс. Дыбыстың сөздегі позициясы, көршілес фонемалар, буын саны, дыбыс тіркесі, сөздің мағынасының балаға таныстығы және грамматикалық түрленуі ескеріледі. Қазақ тілінің агглютинативтік құрылымы бір сөзді көптік, септік немесе тәуелдік формаларында қолдану арқылы мақсатты дыбысты мағыналы әрі әртүрлі фонетикалық ортада қайталауға мүмкіндік береді. Осылайша дыбыс автоматтандыру СТЖД жағдайында лексикалық-грамматикалық жүйеден толық оқшауланбайды.

Дифференциация алмастыру немесе араластыру байқалғанда ерекше маңызға ие. Жұмыс есту деңгейіндегі контрасттан басталып, буын, сөз, сөйлем және еркін сөйлеуге көшеді. Бірінші және екінші сыныпта әріп қосымша визуалды тірек ретінде пайдаланылуы мүмкін, бірақ ол фонеманың есту және артикуляциялық бейнесін алмастырмауы тиіс. Дыбыс–әріп сәйкестігі оқушы мақсатты дыбысты естіп және артикуляциялық тұрғыдан ажырата бастағаннан кейін саналы талдауды қолдайтын құралға айналады.

Соңғы кезеңнің негізгі критерийі – кабинеттегі дұрыс айтылым емес, дағдының функционалдық тұрақтылығы. Оқушы мақсатты дыбысты сурет бойынша әңгімеде, сұраққа жауапта, дауыстап оқуда, мәтінді мазмұндауда, оқу тапсырмасын түсіндіруде және табиғи диалогте сақтай алуы керек. Бұл жерде өзіндік бақылау мен өздігінен түзету қабілеті біртіндеп қалыптастырылады. E. Maas және әріптестері моторлық дағдыны үйретуде практика құрылымы мен кері байланыстың жиілігі маңызды екенін көрсетеді [26]. Сондықтан бастапқы кезеңдегі жиі сыртқы түзету кейін біртіндеп азайып, оқушының ішкі бақылауына орын береді.

Сурет 1 – Сонорлық дыбыстармен логопедиялық жұмыстың теориялық-функционалдық моделі



Ұсынылған модельдің көлденең логикасы кезеңдердің сабақтастығын, ал оның мазмұндық логикасы әр кезеңде қатар ескерілетін төрт параметрді көрсетеді: артикуляциялық дәлдік, фонематикалық өңдеу, тілдік материалдың күрделілігі және функционалдық қолдану. Модельдің маңызды ерекшелігі – дыбысты қоюды түпкі нәтиже деп есептемеуі. Мақсатты фонема сөздің әртүрлі құрылымында, сөйлемде және табиғи

коммуникацияда тұрақты қолданылып, оқушы оны өздігінен бақылай бастағанда ғана функционалдық дағды қалыптасқан деп қарастыруға болады.

Талқылау

Классикалық логопедиялық теория мен қазіргі speech sound disorder зерттеулері сонорлық дыбыстарды түзетудің өзара толықтырушы қырларын ашады. Р.Е. Левина мектебінің жүйелік ұстанымы СТЖД III деңгейінде дыбыс айтуды лексикалық-грамматикалық құрылым және байланыстырып сөйлеумен сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді [9]. Халықаралық интервенциялық зерттеулер қате механизмін, мақсатты дағдыны, практика құрылымын және кері байланысты нақтылаудың маңызын негіздейді [17; 18; 23]. СТЖД мен speech sound disorder терминдері әртүрлі ғылыми дәстүрге жататындықтан, олар теңестірілмейді; халықаралық деректер дыбыс айту мен фонологиялық өңдеудің ортақ механизмдерін салыстырмалы тұрғыдан түсіндіру үшін пайдаланылады.

Модель түзету нысанын жеке фонема деңгейінен сөйлеу әрекеті деңгейіне дейін кеңейтеді. [р] немесе [л] дыбысының артикуляциясын ғана бақылау фонеманы естіп ажырату, күрделі сөзде тұрақтандыру және еркін сөйлеудегі өзіндік бақылау ерекшеліктерін толық қамтымайды. Benway және әріптестері мектеп жасындағы speech sound disorder бар балаларда сөйлеуді қабылдау, сөздік қор және фонологиялық хабардарлық арасындағы байланысты анықтаған [24]. Бұл деректер дыбыс айту мен фонематикалық үдерістерді өзара байланыста бағалау қажеттігін қолдайды.

Қазақ тілінің тілдік-спецификалық ерекшеліктері түзету моделінің негізгі шарты болып табылады. Кросс-лингвистикалық деректер дауыссыздардың меңгерілу қарқыны мен артикуляциялық күрделілігі тіл жүйесіне тәуелді екенін айғақтайды [22]. Сондықтан ағылшын /r/ фонемасына арналған нақты артикуляциялық конфигурацияларды қазақ [р] дыбысына тікелей көшіру негізсіз. Алайда моторлық үйретудің жалпы қағидалары – мақсатты қозғалысты нақтылау, жеткілікті практика, кері байланысты біртіндеп өзгерту және дағдыны әртүрлі контексте тұрақтандыру – әдістемелік тұрғыдан құнды [18; 26]. Сөздік материал, фонетикалық позиция және морфологиялық түрлену қазақ тілінің нормасына сәйкес таңдалуы тиіс.

Бастауыш мектепте тіл оқу әрекетінің дербес нысанына айналады: оқушы дыбысты талдайды, оны әріппен сәйкестендіреді, сөздің буындық құрылымын анықтайды, мәтінді дауыстап оқиды және ойын жүйелі жеткізеді. Сондықтан қалыптасқан дыбыстың оқу тапсырмаларында тұрақты қолданылуы түзету сапасының функционалдық көрсеткіші болып саналады. Тұрақты сөйлеу бұзылыстары мен білім нәтижелерінің байланысы популяциялық зерттеулерде де сипатталған [25]. Бұл деректер сөйлеу нәтижесін оқу-коммуникативтік қызметпен сабақтастықта бағалаудың қажеттігін негіздейді.

Қателерді функционалдық механизм арқылы саралау педагогикалық шешімді нақтылайды. «Ротацизм», «параротацизм», «ламбдацизм» тәрізді атаулар қате феноменін сипаттағанымен, оның механизмін толық ашпайды. [р] дыбысын бірдей алмастыратын екі оқушының бірінде артикуляциялық қозғалыс, екіншісінде фонемалық контрасттың тұрақсыздығы жетекші болуы мүмкін. Бірінші жағдайда моторлық-артикуляциялық жұмыс, екінші жағдайда фонематикалық ажырату мен фонологиялық тапсырмалар басым ұйымдастырылады.

Модельдің практикалық құндылығы мониторинг логикасынан да көрінеді. Түзету бағдарламасы алдын ала бекітілген жаттығулар тізбегі емес, аралық нәтижеге қарай өзгеретін жүйе болуы тиіс. Дыбыс оқшау дұрыс айтылғаннан кейін сөзде тұрақсыз болса, дыбысты қайта «қоюдан» гөрі позициялық автоматтандыру мен вариативті практика күшейтіледі. Дыбыс сөзде дұрыс, бірақ еркін сөйлеуде бұзылса, функционалдық тапсырмалар мен өзіндік бақылау басым болады. Фонемалық шатастыру сақталса, дифференциацияға қайта оралу қажет. Мұндай икемділік дәлелді тәжірибенің «бір әдіс – барлық балаға» ұстанымынан бас тарту талабымен үйлеседі [23].

Жалпы білім беретін мектепте модельді іске асыру мамандардың функцияларын ажыратуды да қажет етеді. Логопед қате механизмін бағалайды, мақсатты артикуляциялық және фонематикалық жұмысты жоспарлайды, аралық динамиканы бақылайды. Сынып мұғалімі логопедиялық дыбысты арнайы әдіспен «қоймайды», бірақ оқушыға қалыптасқан дағдыны сабақтағы ауызша жауап, оқу және мәтінмен жұмыс кезінде қолдануға мүмкіндік жасайды. Ата-анаға ұзақ әрі күрделі үй бағдарламасының орнына логопед сабақта меңгерткен материалды қысқа және түсінікті жағдайда бекітетін тапсырма беріледі. Бұл рөлдік айқындық психологиялық-педагогикалық қолдаудың командалық сипатына сәйкес келеді [4; 5].

Интервенцияның қарқындылығы мен әдісін таңдауда жеке сөйлеу профилі басшылыққа алынуы тиіс. Зерттеулерде бағдарламалардың форматы, жиілігі және теориялық негізі едәуір әркелкі, ал жекелеген тәсілдер бойынша дәлел сапасы бірдей емес [17; 23]. Сондықтан сабақ жиілігі немесе қайталау саны әмбебап норма ретінде белгіленбейді. Түзету көлемі қате механизмі, стимуляцияға берілуі, оқу жүктемесі және аралық динамика негізінде анықталады. Модель нақты бір әдісті міндеттемей, оны таңдауға арналған диагностикалық және кезеңдік логиканы ұсынады.

Зерттеудің шектеулері теориялық модельдің мазмұнымен байланысты. Қазақ тіліндегі сонорлық дыбыстарды бастауыш мектеп жасында және СТЖД III деңгейі аясында қарастырған эмпирикалық жұмыстар саны шектеулі; отандық зерттеулердің басым бөлігі сөйлеудің жалпы компоненттеріне, дыбыстық-буындық құрылымға немесе түзету құралдарына бағытталған [13; 14; 28; 29]. Халықаралық зерттеулердің едәуір бөлігі ағылшын тілді популяцияға негізделген, сондықтан олардың тілдік материалы мен артикуляциялық нысаналары қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне бейімделуі қажет.

Модельді эмпирикалық тексеруде іріктеменің жасы мен сыныбы, СТЖД III деңгейін растау өлшемдері, мақсатты сонорлар, диагностикалық тапсырмалар, түзету сабақтарының жиілігі мен ұзақтығы, сондай-ақ бастапқы және қорытынды көрсеткіштер нақты белгіленуі қажет. Нәтижелерді артикуляциялық дәлдік, фонематикалық ажырату, позициялық тұрақтылық және еркін сөйлеудегі функционалдық қолдану көрсеткіштері бойынша бөлек талдау модельдің тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Интегративті талдау жалпы білім беретін мектеп жағдайында СТЖД III деңгейі бар 1–2 сынып оқушыларының сонорлық дыбыстарын түзету жекелеген артикуляциялық кемшілікті жоюмен шектелмеуі керектігін негіздеді. Сонорлық дыбыс қателерін артикуляциялық моторика, фонематикалық қабылдау, сөздің дыбыстық-буындық құрылымы және сөйлеудің өзіндік бақылауымен өзара байланыста бағалау түзету нысанын толық сипаттауға мүмкіндік береді.

Теориялық-әдістемелік модель төрт диагностикалық блок пен бес өзара сабақтас кезеңді біріктіреді. Оның негізгі қағидалары: қате механизмін кешенді диагностика арқылы анықтау; қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес материал таңдау; артикуляциялық және фонематикалық бағыттарды қажеттілікке қарай кіріктіру; автоматтандыруды позициялық және грамматикалық жағынан күрделендіру; қалыптасқан дыбысты оқу әрекеті мен табиғи коммуникацияға көшіру; аралық мониторинг негізінде бағдарламаны даралау.

Ұсынылған модельдің ғылыми-практикалық маңызы – мектеп логопедінің шешім қабылдау логикасын «қай дыбыс бұзылған?» деген сұрақтан «қате қандай механизммен байланысты және дағды қай деңгейде тұрақсыз?» деген сұраққа көшіруінде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы. Қолданыстағы редакция.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары және бағдарламалары (кейінгі өзгерістермен).
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары (2026 жылғы өзгерістермен).
6. Выготский Л.С. Мышление и речь. Москва: Лабиринт, 1999. 352 с.
7. Лурия А.Р. Язык и сознание / под ред. Е.Д. Хомской. Москва: Издательство Московского университета, 1979. 319 с.
8. Леонтьев А.А. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. Москва: URSS, 2005. 307 с.
9. Основы теории и практики логопедии / под ред. Р.Е. Левиной. Москва: Просвещение, 1968. 367 с.
10. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников. Москва: Просвещение, 1990. 239 с.
11. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия: оқулық. Алматы: Дәуір, 2011. 648 б.
12. Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған 3-деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру: әдістемелік ұсынымдар. Алматы, 2014. 74 б.
13. Рахым Ж., Тулеова А.Т. СТЖД III деңгейдегі бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын қазақтың ұлттық ойындары арқылы дамыту // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. 2024. № 2 (77). Б. 44–51. DOI: 10.51889/2960-1673.2024.77.2.003.
14. Ибатова Г.Б., Сатархан Қ.Ә. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған IV деңгейдегі бастауыш сынып оқушыларында сөздің дыбыстық-буындық құрылымының қалыптасу ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. 2025. № 2 (81). Б. 58–65. DOI: 10.51889/2960-1673.2025.81.2.007.
15. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы: оқу құралы. Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. 219 б.
16. Wren Y., Miller L.L., Peters T.J., Emond A., Roulstone S. Prevalence and Predictors of Persistent Speech Sound Disorder at Eight Years Old: Findings From a Population Cohort Study // Journal of Speech, Language, and Hearing Research. 2016. 59(4). P. 647–673. DOI: 10.1044/2015_JSLHR-S-14-0282.
17. Wren Y., Harding S., Goldbart J., Roulstone S. A systematic review and classification of interventions for speech-sound disorder in preschool children // International Journal of Language & Communication Disorders. 2018. 53(3). P. 446–467. DOI: 10.1111/1460-6984.12371.

18. Preston J.L., Benway N.R., Leece M.C., Hitchcock E.R., McAllister T. Tutorial: Motor-Based Treatment Strategies for /r/ Distortions // Language, Speech, and Hearing Services in Schools. 2020. 51(4). P. 966–980. DOI: 10.1044/2020_LSHSS-20-00012.
19. Лалаева Р.И. Логопедическая работа в коррекционных классах: методическое пособие. Москва: ВЛАДОС, 2001. 224 с.
20. Грибова О.Е. Технология организации логопедического обследования: методическое пособие. Москва: Айрис-пресс, 2005. 96 с.
21. Фомичева М.Ф. Воспитание у детей правильного произношения: практикум по логопедии. Москва: Просвещение, 1989. 239 с.
22. McLeod S., Crowe K. Children's Consonant Acquisition in 27 Languages: A Cross-Linguistic Review // American Journal of Speech-Language Pathology. 2018. 27(4). P. 1546–1571. DOI: 10.1044/2018_AJSLP-17-0100.
23. Baker E., McLeod S. Evidence-Based Practice for Children With Speech Sound Disorders: Part 1 Narrative Review // Language, Speech, and Hearing Services in Schools. 2011. 42(2). P. 102–139. DOI: 10.1044/0161-1461(2010/09-0075).
24. Benway N.R., Garcia K., Hitchcock E., McAllister T., Leece M.C., Wang Q., Preston J.L. Associations Between Speech Perception, Vocabulary, and Phonological Awareness Skill in School-Aged Children With Speech Sound Disorders // Journal of Speech, Language, and Hearing Research. 2021. 64(2). P. 452–463. DOI: 10.1044/2020_JSLHR-20-00356.
25. Wren Y., Pagnamenta E., Peters T.J., Emond A., Northstone K., Miller L.L., Roulstone S. Educational outcomes associated with persistent speech disorder // International Journal of Language & Communication Disorders. 2021. 56(2). P. 299–312. DOI: 10.1111/1460-6984.12599.
26. Maas E., Robin D.A., Austermann Hula S.N., Freedman S.E., Wulf G., Ballard K.J., Schmidt R.A. Principles of Motor Learning in Treatment of Motor Speech Disorders // American Journal of Speech-Language Pathology. 2008. 17(3). P. 277–298. DOI: 10.1044/1058-0360(2008/025).
27. Bernthal J.E., Bankson N.W., Flipsen P. Articulation and Phonological Disorders: Speech Sound Disorders in Children. 8th ed. Pearson, 2017.
28. Бекмуратова Г.Т., Абдыкалыкова А.Е. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған бастауыш сынып оқушыларының дыбысты айту үдерісінде дидактикалық ойындарды қолданудың педагогикалық шарттары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. 2023. № 1 (72). Б. 74–81.
29. Рсалдинова А.К., Даурамбекова А.А., Нұрпапа Ә.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасындағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру бойынша түзету жұмыс жүйесіндегі заманауи тәсілдер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. 2023. № 2 (73). Б. 64–70.

УДК 37.02:004.8
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303140

АРТ-ОБЪЕКТТЕР МЕН НЕЙРОЖЕЛІЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КЕҢІСТІКТІК ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

ШАГАТАЕВА ЗАУРЕ ЕРНАЗАРОВНА
PhD, қауымдастырылған профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан

АХМЕТОВ БАХЫТ БАЗАРБЕКОВИЧ
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан

ҚОЖАГЕЛДІНОВ МАҒЖАН МАРАТҰЛЫ
магистрант, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан

Аңдатпа. *Болашақ көркем еңбек педагогтерін даярлауда жазық бейнені көлемді құрылыммен байланыстыру, нысанды ойша айналдыру және оның әртүрлі көріністерін сәйкестендіру маңызды. Генеративті жасанды интеллект бұл міндеттерге жаңа көрнекі материал ұсынғанымен, дайын бейнені көшіру студенттің дербес кеңістіктік талдауын алмастыруы мүмкін. Зерттеудің мақсаты арт-объектілер мен нейрожелілік технологияларды біріктіретін бес кезеңді әдістемелік модель әзірлеу болып табылады. Зерттеу теориялық-әдістемелік сипатта жүргізілді. Ғылыми жарияланымдарды мақсатты іріктеу, ұғымдарды нақтылау, дереккөздерді салыстырмалы талдау және оқу тапсырмаларын жобалау әдістері қолданылды. Негізгі нәтиже ретінде бастапқы диагностика, дербес эскиз бен бейне генерациясы, кеңістіктік сәйкессіздіктерді талдау, материалдық макеттеу және рефлексия кезеңдерінен тұратын модель ұсынылды. Оның ерекшелігі нейрожелі жасаған бейнені тексеруді қажет ететін дидактикалық материал ретінде қолдануында. Студенттің әрекеті, оқытушының қолдауы, нейрожелінің қызметі және бағалау өнімі өзара байланыстырылды. Төрт өлшемнен тұратын бағалау рубрикасы мен болашақ апробацияның алдын ала жоспары әзірленді. Модель композиция және көркем құрастыру сабақтарын ұйымдастыруға арналған. Мақалада эксперименттік деректер берілмейді, ұсынылған шешімнің тиімділігі эмпирикалық тексеруді қажет етеді. Жоспарланған тексеруде бастапқы даярлық, сарапшылар бағасының келісімділігі және нейрожелісіз орындалатын қорытынды тапсырмалар ескеріледі. Практикалық маңызы болашақ педагогтің көркем жобалау әрекетін дәлелді бағалау және оқыту үдерісінде авторлық үлесін көрсету мүмкіндігімен анықталады.*

Түйін сөздер: *кеңістіктік ойлау, ойша айналдыру, арт-объект, генеративті жасанды интеллект, көркем еңбек, макеттеу.*

КІРІСПЕ

Көркем еңбек педагогін даярлау нысанның сыртқы пішінін қабылдаумен қатар, оны елестету, түрлендіру және материалда құрастыруды қамтиды. Осы жұмыста кеңістіктік қабылдау көрінетін пішін мен орналасуды ажырату, кеңістіктік елестету тікелей көрінбейтін көріністі ойша құру, ал кеңістіктік ойлау осы бейнелермен әрекет етіп, қатынастарды талдау және шешімді тексеру қабілеті ретінде ажыратылады. Сондықтан зерттеудің атауы мен бағаланатын әрекеттері кеңістіктік ойлау ұғымымен біріктірілді.

Р. Шепард пен Ж. Метцлердің тәжірибесі ойша айналдыруды зерттеудің классикалық негізін қалыптастырды [1]. Д. Уттал және әріптестерінің метаталдауы

кеңістіктік дағдылардың жаттығумен дамитынын көрсетеді [2]. Ш. Сорбидің студенттермен жүргізген зерттеуі кеңістіктік даярлықты арнайы оқу әрекеттерімен қолдау мүмкіндігін сипаттайды [3]. Н. Ньюкомб пен А. Фриктің еңбегі кеңістіктік оқытудың теориялық негізін кеңейтеді, бірақ оның ерте жасқа қатысты тұжырымдары жоғары оқу орнына тікелей көшірілмейді [4]. Бұл еңбектер нейрожелінің тиімділігін дәлелдемейді; олар арнайы кеңістіктік тапсырмаларды ұйымдастыруға негіз болады.

К. Шеридан дәстүрлі және цифрлық өнерді оқытудағы бақылау мен елестету әрекеттерін салыстырады [5]. Жобалық оқытуда әрекеттің оқу мақсатымен байланысы маңызды [6], ал прототиптеу идеяның іске асуын тексеруге мүмкіндік береді [7]. Генеративті жасанды интеллект туралы зерттеулер білім алушының белсенділігін сақтау және нәтижені тексеру мәселелерін көтереді [8, 9]. Тілдік модельдер жөніндегі осы тұжырымдар бейне генерациясының кеңістіктік әсеріне тікелей дәлел ретінде қолданылмайды.

Мақсат: нейрожелі жасаған бейнені дербес эскиз, кеңістіктік талдау және макеттеу арқылы тексеруге негізделген модель ұсыну. Зерттеудің ғылыми жаңалығы нейрожеліде жасалған бейнені дайын көркемдік шешім ретінде емес, студенттің кеңістіктік сәйкессіздіктерді анықтауына, сызбаны түзетуіне және шешімді материалдық макет арқылы тексеруіне арналған дидактикалық құрал ретінде пайдалануға негізделген бес кезеңді модельдің ұсынылуымен анықталады. Бұл әдістемелік үлес жалпы жобалық оқытудан бағалау нысанының нақтылығымен ерекшеленеді: бейненің тартымдылығы емес, анықталған қайшылық пен дәлелденген түзету бағаланады. Модельдің әлемдік тәжірибеде алғаш рет ұсынылғаны туралы тұжырым жасалмайды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу теориялық-әдістемелік сипатта жүргізілді. Әдебиеттер 2026 жылғы 25 қыркүйекте ашық веб-іздеу арқылы іріктелді; библиографиялық мәліметтер баспалардың ғылыми беттері, университеттік репозиторийлер, ERIC және PubMed/PMC жазбалары бойынша тексерілді. Іздеуде кеңістіктік дағдылар, ойша айналдыру, үшөлшемді кеңістіктік оқыту, жобалық оқыту, прототиптеу, цифрлық өнерді оқыту, генеративті жасанды интеллект және академиялық адалдық ұғымдарының ағылшын тіліндегі баламалары пайдаланылды. Іздеу атау, автор және DOI бойынша нақтыланды. Бұл толық қамтуды көздейтін жүйелі шолу емес.

Іріктеуге ұғымдарды анықтауға, оқу әрекетін негіздеуге немесе бағалау рәсімін жобалауға тікелей қатысы бар ғылыми мақалалар енгізілді. Қайталанған жазбалар, тек жарнамалық сипаттағы материалдар және авторы мен басылымы анықталмайтын мәтіндер алынып тасталды. Теория мен әдісті негіздеуге 10 ғылыми жарияланым [1–10], жауапты қолдану шарттарын нақтылауға ЮНЕСКО нұсқаулығы [11] пайдаланылды. Корпоративтік жарияланымдар теориялық дәлел ретінде қолданылмады. Еңбектер «зерттеу нысаны – оқу әрекеті – бағалау мүмкіндігі – қолдану шектеуі» белгілері бойынша салыстырылды. Қолжетімді аңдатпа мен толық мәтін көлемі әркелкі болғандықтан, тиімділік жөнінде біріктірілген сандық қорытынды жасалмады.

Зерттеуде ұғымдарды нақтылау, дереккөздерді салыстырмалы талдау және оқу тапсырмаларын әдістемелік жобалау әдістері қолданылды. Кеңістіктік зерттеулерден ойша айналдыру мен көріністерді сәйкестендіру, өнер педагогикасынан бақылау мен елестету, жобалау әдебиетінен материалдық тексеру қағидалары алынды. Мақалада «нейрожелі» бейне жасайтын генеративті жасанды интеллект құралының қысқаша атауы ретінде қолданылады. «Арт-объект» немесе «арт-нысан» көркем ойды көлемдер мен олардың орналасуы арқылы жеткізетін авторлық композицияны білдіреді.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижесі эмпирикалық өсім көрсеткіші емес, әзірленген әдістемелік модель мен бағалау рәсімі болып табылады. Бес кезеңдегі әрекеттердің байланысы 1-кестеде

берілген. Жұмысқа геометриялық денелер, қағаз, картон, өлшеу құралдары және бейне генерациялау сервисі жеткілікті.

1-кесте. Кеңістіктік ойлауды дамытуға арналған бес кезеңді модель

Кезең	Студент әрекеті	Оқытушы әрекеті	Нейрожелінің қызметі	Бағалау нәтижесі
1. Бастапқы тексеру	Үш көріністі сызады, бұрылған нысанды таниды.	Бірдей нұсқаулық пен уақыт береді.	Жоқ.	Бастапқы жұмыс, төрт өлшемнің балы.
2. Идея әзірлеу	Дербес эскиз жасайды; 2–3 нұсқа алады.	Сұраудың оқу мақсатына сәйкестігін тексереді.	Эскизге сүйенген балама бейнелер ұсынады.	Эскиз, сұрау және нұсқа таңдау негіздемесі.
3. Сыни талдау	Қайшылықты табады; үш көріністі түзетеді.	Дайын жауап бермей, бағыттаушы сұрақ қояды.	Тексерілетін бейнені береді.	Қате белгіленген бейне және түзетілген сызба.
4. Макеттеу	Картон макет жасайды, өлшем мен тіректі тексереді.	Құрал қауіпсіздігін және тексеру тәртібін бақылайды.	Жаңа шешімді автоматты түрде бермейді.	Макет пен сызбаның сәйкестігі.
5. Қорытынды	Түзетуді қорғайды; дербес қорытынды тапсырма орындайды.	Авторлық үлесті және оқу нәтижесін бағалайды.	Қорытынды жұмыста жоқ.	Жұмыс топтамасы, қорытынды балл.

Мысалы, «Тепе-теңдік» тақырыбында студент үш көлемнен тұратын арт-нысанның эскизін жасайды. Сұрауда материал, пішін және тірек шарты көрсетіледі. Бастапқы эскизді құрылымдық үлгі ретінде беру оның негізгі орналасуын жаңа бейнеге бағдар ету дегенді білдіреді; бұл геометриялық дәлдікке кепілдік бермейді. Студент тірексіз элементті, мүмкін емес қиылысуды немесе перспективалық қайшылықты іздейді. Әртүрлі генерация нәтижелері бір нысанның дәл проекциялары ретінде қабылданбайды. Егер таңдалған бейнеде айқын қате болмаса, оқытушы алдын ала дайындаған қайшылықты мысал талданады.

Макеттеу кезінде студент түзетудің қажеттілігін материалда тексереді: тірек ауданын өзгертеді, бөлшектің орнын ауыстырады немесе өлшемдерді сәйкестендіреді. Бұл прототиптеудің тексеру қызметімен үйлеседі [7]. Оқу өнімі төрт құжаттан тұрады: дербес эскиз, белгіленген қайшылық, түзетілген үш көрініс және макет фотосы. Әр түзетуге қысқа түсіндірме беріледі. Осы тізбек генерация нәтижесін көшіру мен негізделген авторлық шешімді ажыратуға мүмкіндік береді.

2-кесте. Кеңістіктік тапсырманы бағалаудың авторлық рубрикасы

Өлшем	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл
Көлем және пропорция	Пішін танылмайды не жұмыс жоқ.	Негізгі өлшем қатынастары бұзылған.	Пішін дұрыс; жекелеген қатынас дәл емес.	Негізгі өлшемдер мен қатынастар сақталған.

Өлшем	**0 балл**	**1 балл**	**2 балл**	**3 балл**
Үш көріністің сәйкестігі	Көріністер жоқ не сәйкес емес.	Бөлшек саны немесе орны елеулі өзгереді.	Негізгі сәйкестік бар; бір жергілікті қате бар.	Үш көріністегі бөлшектер мен өлшемдер үйлеседі.
Ойша айналдыру	Бұрылған нысанды анықтай алмайды.	Айналдыруды шағылдырумен шатастырады.	Бағыт дұрыс; бір бөлшектің орны қате.	Бағыт пен бөлшектердің өзара орны дұрыс.
Түзетуді негіздеу	Қайшылықты анықтамайды.	Қатені атайды, бірақ түзетуін негіздемейді.	Түзетеді; сызба не макет дәлелі толық емес.	Түзетуді сызба және макет арқылы дәлелдейді.

Әр өлшем жеке бағаланып, жалпы балл 0–12 аралығында есептеледі. Бұл стандартталған психометриялық тест емес. Өлшемдер кеңістіктік ойлаудың барлық қырын қамтымайды; түзетуді негіздеу сөйлеу және жобалау біліктеріне де тәуелді. Сондықтан жалпы баллмен қатар әр өлшемнің өзгерісі талданады. Рубрика алдын ала үлгі жұмыстармен тексеріліп, түсініксіз сипаттамалар апробацияға дейін түзетіледі.

Күтілетін әсер бейне генерациясының өзінен емес, студенттің қате табу, сызу және материалда тексеру әрекеттерінен туындайды деген болжам ұсынылады. Бұл болжамды тексеру қажет. Инженерлік білімдегі кеңістіктік оқыту нәтижелері [3] көркем еңбек педагогтеріне автоматты түрде таралмайды. Цифрлық өнердегі бақылау мен елестету [5] ұқсас әрекеттерді негіздегенімен, ұсынылған бес кезеңнің тиімділігін дәлелдемейді. Жаңалыққа қатысты қорытынды осы әдістемелік шекпен шектеледі.

Төмендегі параметрлер өткізілген тәжірибенің деректері емес, алдын ала ұсынылған жоспар. Апробация көркем еңбек педагогтерін даярлайтын бакалавриат бағдарламасының 2-курсындағы шамамен 40 студентпен жоспарланады. Нақты бағдарлама атауы, қатысушылардың қолжетімділігі және өткізу мерзімі кафедрамен келісіледі. Оқу циклі төрт аптаға, әрқайсысы 90 минуттық сегіз сабаққа есептеледі: диагностикаға бір, идея мен генерацияға екі, сыни талдауға екі, макеттеуге екі, рефлексия мен қорытынды бағалауға бір сабақ бөлінеді.

Ерікті келісім берген студенттер бастапқы балдары бойынша реттеліп, іргелес жұптар құрылады; әр жұптан бір студент кездейсоқ тәсілмен тәжірибелік, екіншісі салыстыру тобына бөлінеді. Болжамды топ көлемі 20 адамнан. Екі топта тақырып, материал, оқытушы, оқу уақыты және бағалау тапсырмалары бірдей болады. Тәжірибелік топ нейрожелі нұсқаларын, салыстыру тобы көлемі мен күрделілігі ұқсас, оқытушы дайындаған статикалық бейнелерді талдайды. Осылайша салыстырылатын әсер бейне генерациясымен жұмыс істеудің қосымша үлесі болады; зерттеу оны жаңалық әсерінен толық ажырата алмайды.

Бастапқы және қорытынды жұмыстар күрделілігі тең, мазмұны бөлек нұсқалармен, нейрожелісіз орындалады. Сызба, бұрылған нысанды тану, әдейі берілген қайшылықты түзету және шағын макет тапсырмалары екі өлшеуде де қамтылады. Жұмыстар кодталып, топ пен өлшеу кезеңін білмейтін екі сарапшыға беріледі. Сарапшылар дерек жинауға дейін бөлек үлгілермен жаттығады. Негізгі көрсеткіш екі сарапшы берген жалпы балдардың орташа мәні болады.

Сарапшылар келісімділігі абсолюттік келісуге арналған екіжақты кездейсоқ әсерлер моделі бойынша сыныпішілік корреляция коэффициентімен бағаланады: жеке бағалар үшін ICC(2,1), екі бағаның орташа мәні үшін ICC(2,2); 95% сенімділік аралығы беріледі

[10]. Төрт реттік өлшемге қосымша салмақталған каппа есептеу ұсынылады. Келісімділік жеткіліксіз болса, оны жасыру үшін бағаларды үнсіз алмастыруға болмайды; бастапқы бағалар сақталып, нәтиже сақтықпен түсіндіріледі.

Негізгі талдауда қорытынды жалпы балл топ факторы мен бастапқы балды қамтитын ковариациялық талдау арқылы салыстырылады. Регрессия көлбеулерінің біртектілігі, қалдықтар және шектік балдардың жиналуы тексеріледі. Алғышарттар орындалмаса, бастапқы жұптарды сақтайтын, бастапқы балға түзетілген топ әсерінің алмастыру сынағы қолданылады. Түзетілген орташа айырма, 95% сенімділік аралығы және әсер мөлшері ұсынылады; төрт өлшемнің қосымша салыстыруында Холм түзетуі қарастырылады. Қатыспай қалғандар мен жетіспейтін бағалар бөлек көрсетіледі. Қырық адам әдістеменің іске асуын бағалауға арналған бағдарлы көлем; түпкілікті тиімділік зерттеуіне іріктеме қуаты алдын ала есептелуі тиіс.

Авторлық үлесті сақтау үшін бастапқы эскиз, сұраулар, сервис пен модель атауы, қолданылған күн және түзетулер тіркеледі. Академиялық адалдық туралы зерттеу [9] мен ЮНЕСКО нұсқаулығына [11] сәйкес, жасанды интеллект көмегі ашық көрсетіліп, жеке деректер қорғалады. Мәтіндік не визуалды генерация қолданылған жарияланымда автор нақты қолдану көлемін басылым талабына сай мәлімдейді. Зерттеуге қатысудан бас тарту студенттің пәндік бағасына теріс әсер етпеуі тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылған бес кезеңді модель кеңістіктік ойлауды дербес эскиз, нейрожелі бейнесін сыни талдау, үйлесімді көріністерді құру және материалдық тексеру арқылы дамытуға бағытталған. Әдістемелік нәтиже кезеңдер кестесімен, төрт өлшемді рубрикамен және апробация жоспарымен нақтыланды. Теориялық негіз кеңістіктік оқыту, цифрлық өнер, жобалық жұмыс және жасанды интеллектіні жауапты қолдану жөніндегі зерттеулерді байланыстырады. Модельдің оқу тиімділігі әзірге дәлелденген жоқ. Келесі міндет оның орындалу мүмкіндігін, бағалау сенімділігін және салыстыру тобына қатысты қосымша әсерін тексеру болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шепард Р. Н., Метцлер Ж. Үшөлшемді нысандарды ойша айналдыру // Science. 1971. 171(3972). 701–703-бб. DOI: 10.1126/science.171.3972.701.
2. Уттал Д. Х. және т.б. Кеңістіктік дағдылардың өзгермелілігі: оқыту зерттеулерінің метаталдауы // Psychological Bulletin. 2013. 139(2). 352–402-бб. DOI: 10.1037/a0028446.
3. Сорби Ш. А. Инженерлік мамандық студенттерінің үшөлшемді кеңістіктік дағдыларын дамыту жөніндегі білім беру зерттеулері // International Journal of Science Education. 2009. 31(3). 459–480-бб. DOI: 10.1080/09500690802595839.
4. Ньюкомб Н. С., Фрик А. Кеңістіктік зиятты ерте жастан дамыту: не үшін, нені және қалай оқыту керек // Mind, Brain, and Education. 2010. 4. 102–111-бб. DOI: 10.1111/j.1751-228X.2010.01089.x.
5. Шеридан К. М. Елестету және бақылау: цифрлық өнерді оқытуда студиялық ойлау үлгісін қолдану // Mind, Brain, and Education. 2011. 5(1). 19–26-бб. DOI: 10.1111/j.1751-228X.2011.01105.x.
6. Блуменфельд Ф. К. және т.б. Жобалық оқуға ынталандыру: әрекетті жалғастыру және оқуды қолдау // Educational Psychologist. 1991. 26(3–4). 369–398-бб. DOI: 10.1080/00461520.1991.9653139.
7. Камберн Б. және т.б. Жобалық прототиптеу әдістері: стратегиялар, тәсілдер және ұсынымдардың қазіргі жағдайы // Design Science. 2017. 3. e13. DOI: 10.1017/dsj.2017.10.
8. Каснеци Э. және т.б. ChatGPT игілік үшін: білім берудегі үлкен тілдік модельдердің мүмкіндіктері мен қиындықтары // Learning and Individual Differences. 2023. 103. 102274. DOI: 10.1016/j.lindif.2023.102274.
9. Коттон Д. Р. Э., Коттон П. А., Шипуэй Ж. Р. Сұхбаттасу және алдау: ChatGPT дәуірінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету // Innovations in Education and Teaching International. 2024. 61(2). 228–239-бб. DOI: 10.1080/14703297.2023.2190148.
10. Ку Т. К., Ли М. Ю. Сенімділік зерттеулерінде сынып ішілік корреляция коэффициенттерін таңдау және ұсыну жөніндегі нұсқаулық // Journal of Chiropractic Medicine. 2016. 15(2). 155–163-бб. DOI: 10.1016/j.jcm.2016.02.012.
11. Мяо Ф., Холмс У. Білім беру мен зерттеуде генеративті жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі нұсқаулық. Париж: ЮНЕСКО, 2023.
12. https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693 (қаралған күні: 25.09.2026).

УДК 372.878
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303145

МУЗЫКАЛЫҚ-ЫРҒАҚТЫҚ ҚИМЫЛДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ (6-11 ЖАС)

УРАЗАЛИЕВА МӨЛДІР АББАСОВНА
QYZPU Музыка кафедрасының профессор м.а., пед.ғыл.кандидаты
Алматы, Казақстан

ТІЛЕУЖАН АҚНИЕТ
7 М01401 – Музыкалық білім 2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында 6–11 жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамытудағы музыкалық-ырғақтық әрекеттердің маңызы мен педагогикалық әлеуеті қарастырылады. Жұмыста Ж. Далькроздың ырғақтық қозғалыс әдісі, К. Орфтың элементар музыкалық тәрбие концепциясы және логоритмикалық, импровизациялық жаттығулардың мүмкіндіктері кешенді түрде талданады. Отандық және шетелдік зерттеулерге (Motto et al., Juntunen & Sutela, Sutela et al. т.б.) жүргізілген жүйелі шолу негізінде музыка мен қозғалысты біріктірудің балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуіне, өзін-өзі реттеуіне, моторикасы мен сөйлеу дағдыларына тигізетін оң әсері дәлелденген. Авторлар инклюзивті музыка сабақтарында тапсырмаларды бейімдеу мен саралау арқылы әрбір оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз етуге болатынын қорытындылайды.*

Түйін сөздер: *инклюзивті білім беру, музыкалық-ырғақтық әрекет, Далькроз әдісі, Орф педагогикасы, логоритмика, музыкалық импровизация, ерекше білім беру қажеттіліктері.*

Аннотация. *В статье рассматриваются значение и педагогический потенциал музыкально-ритмической деятельности в развитии детей 6–11 лет с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования. На основе анализа современной научной литературы подробно раскрываются возможности применения метода ритмического движения Ж. Далькроза, педагогической системы К. Орфа, а также логоритмических и импровизационных упражнений. Систематический обзор исследований (Motto et al., Juntunen & Sutela, Sutela et al. и др.) показывает, что интеграция музыки и движения положительно влияет на социальное взаимодействие, саморегуляцию, сенсорное восприятие, координацию и развитие речи учащихся. Делается вывод о том, что адаптация и дифференциация заданий в инклюзивном музыкальном процессе способствуют максимальной вовлеченности каждого ребенка.*

Ключевые слова: *инклюзивное образование, музыкально-ритмическая деятельность, метод Далькроза, педагогика Орфа, логоритмика, музыкальная импровизация, особые образовательные потребности.*

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі — әрбір баланың жеке қабілеті мен ерекшелігіне қарамастан, сапалы білім мен тәрбие алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беру тек оқыту үдерісін біріктіру емес, бұл — барлық балалардың қоғамға толыққанды сіңісуіне жағдай жасайтын гуманистік қағидат. Бұл міндет музыкалық білім беру саласына да тікелей қатысты. Музыка сабағы оқушылардың тек музыкалық білімін қалыптастыратын пән ғана емес. Сонымен қатар

This improvement is consistent with the findings of Castillo-Cuesta and Quiñónez-Beltrán (2022), who demonstrated that digital comics helped A1 learners acquire vocabulary in context [5, p.487]. It also corresponds with Rizcallah and Parlak's (2025) finding that comics can support productive vocabulary development when they are incorporated into meaningful tasks [6, p.10]. In the present study, the learners did not merely read the target expressions. They used them to complete speech bubbles, perform scenes and create dialogues with their partners. The results also support the findings of Tekin and İlhan (2025), whose participants associated expressions from digital comics with familiar situations and applied some of them in daily communication [4, p. 7].

Fluency increased from 2.5 to 3.4, while interaction and turn-taking improved from 2.4 to 3.3. In the pre-test, some learners produced short dialogues consisting mainly of separate questions and answers. They also needed more time to respond to their partners. In the post-test,

the dialogues were generally longer and more connected. The learners responded more readily, took turns more naturally and made greater efforts to maintain the conversation.

These changes can be compared with the findings of Murad et al. (2023), whose participants improved their mean speaking score from 11.03 to 15.42 out of 25 after a digital storytelling intervention. The authors explained that the combination of narrative, visual support and social interaction encouraged learners to speak more confidently and spontaneously [7, p. 1196]. Similarly, the comics-based activities in the present study gave the learners a clear situation and purpose for communication, which may have helped them respond more readily and maintain their dialogues. The results are also consistent with Calafato and Gudim (2022), who found that comics increased learners' willingness to communicate and encouraged more confident use of the target language.

The mean score for task achievement increased from 2.6 to 3.4. The visual context helped the learners understand the communicative situation and decide what to say. Completing speech bubbles and role-playing comic scenes provided linguistic support, while creating original dialogues encouraged the learners to use English more independently.

However, the results may have been influenced not only by the comics but also by the structure of the activities, pair work and teacher feedback. Rizcallah and Parlak (2025) similarly concluded that task-based instruction can play an important role in the effectiveness of multimodal materials. Comics should therefore be viewed as supportive resources whose pedagogical value depends on appropriate tasks, collaborative interaction and teacher guidance [6, p.12].

Overall, the results suggest that comics-based activities had a positive influence on the learners' dialogic speaking performance. The visual and verbal elements of comics provided ideas, language models and communicative contexts that supported vocabulary use, fluency and interaction. Nevertheless, because the study involved only ten learners and did not include a control group, the findings should be interpreted cautiously.

Conclusion

The present study examined the use of comics-based activities for developing the dialogic speaking skills of seventh-grade EFL learners. The learners' mean score increased from 10.4 in the pre-test to 14.2 in the post-test. Improvement was observed in all four assessment areas: fluency, vocabulary and grammatical accuracy, interaction and turn-taking, and task achievement. The greatest increase occurred in vocabulary and grammatical accuracy.

The findings suggest that comics can provide learners with meaningful communicative situations, visual support and models of conversational language. Completing speech bubbles, role-playing scenes and creating original dialogues encouraged the learners to use familiar vocabulary and grammatical structures in interaction. The combination of images and text also helped them understand communicative situations, generate ideas and respond more readily to their partners. Nevertheless, comics were most useful when they were accompanied by pair work, appropriately designed tasks and corrective feedback from the teacher.

The study has several limitations. It involved only ten learners, lasted three weeks and did not include a control group. Therefore, the observed improvement cannot be attributed exclusively to comics or generalised to a wider population. Future studies could involve more participants, a longer intervention and a comparison group. Teachers may use short, age-appropriate comics related to familiar topics as prompts for dialogue completion, role-playing and collaborative dialogue creation.

REFERENCES:

1. MERC, A. (2013). The Effect of Comic Strips on Efl Reading Comprehension. International Journal on New Trends in Education and Their Implications, 4(1), 54-64.
2. Cimermanová, I. (2015). Using comics with novice EFL readers to develop reading literacy. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 174, 2452-2459. https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.01.916
3. Raees Calafato & Freda Gudim (2022). Comics as a multimodal resource and students' willingness to communicate in Russian, Journal of Graphic Novels and Comics, 13:2, 270-286, DOI: 10.1080/21504857.2021.1951788. https://doi.org/10.1080/21504857.2021.1951788.
4. Eda Tekin, Genç Osman İlhan (2025). The Use of Digital Comics in Foreign Language Teaching: Experiences of Erasmus Students. European Journal of Education, 2025; 60:e70090. DOI: https://doi.org/10.1111/ejed.70090. https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/ejed.70090
5. Castillo-Cuesta, L., & Quiñónez-Beltrán, A. (2022). Using digital comics for enhancing EFL vocabulary learning during the COVID-19 pandemic. International Journal of Learning, Teaching and Educational Research, 21(5), 478-491
6. Rizcallah, Y., & Parlak, Ö. (2025). The effects of comics as multimodal input on L2 vocabulary development: A classroom-based partnership study. System, 133, 103722
7. Murad, T., Assadi, J., & Badarni, H. (2023). Digital storytelling and EFL speaking skill improvement. Journal of Language Teaching and Research, 14(5), 1189-1198

UDC 811.111
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303157

VISUAL SUPPORT IN INCLUSIVE EFL TEACHING

SITALIYEVA ROZALIYA EDUARDOVNA
senior lecturer, M. Utemisov West Kazakhstan University
Uralsk, Kazakhstan

ZHANBOLATOVA MADINA
4th-Year Student, M. Utemisov West Kazakhstan University
Uralsk, Kazakhstan

Abstract. *This article examines the use of visual support in inclusive English as a Foreign Language (EFL) teaching. Learners with special educational needs may experience difficulties in processing spoken information, following instructions, maintaining attention and completing classroom tasks. Drawing on previous research and evidence-informed educational guidelines, the article discusses practical strategies that can make EFL lessons more accessible. These include visual lesson schedules, pictures, vocabulary cards, gestures, real objects, step-by-step instructions and adapted classroom tasks. Particular attention is given to combining visual materials with concise verbal instructions, teacher modelling and sufficient processing time. The article also identifies practices that may create additional barriers, such as lengthy oral explanations, simultaneous instructions and excessive reliance on written work. It concludes that visual support should be selected according to learners' individual educational needs and gradually reduced as independence develops. Carefully designed visual strategies can contribute to a more structured, flexible and inclusive EFL classroom.*

Key words: *inclusive education, EFL teaching, visual support, special educational needs, visual schedules, instructional adaptation, classroom strategies*

Introduction

Inclusive education aims to provide equal learning opportunities for all learners, including those with special educational needs (SEN). In an inclusive classroom, learners may differ in their ability to maintain attention, process spoken information, follow instructions and complete tasks at the same pace. These differences can become especially noticeable in English as a Foreign Language (EFL) lessons, where learners are expected to understand instructions and new material presented in a language they are still acquiring. Therefore, EFL teachers need to adapt not only the content of classroom activities but also the ways in which instructions and learning materials are presented.

Inclusive EFL teaching requires teachers to consider learners' individual needs and use strategies that make language input more accessible. In their study of inclusive English-language teaching, Lu, Jiang and Huang (2022) found that many EFL teachers lacked specialised training and experienced difficulties in adjusting their teaching methods to the needs of learners with SEN. The surveyed teachers believed that these learners required individual attention, additional support, extra learning time and appropriately adapted instruction. The authors also identified a need for specialised EFL materials and a learning framework for students with SEN in inclusive classrooms. These findings indicate that effective inclusion requires appropriate teaching resources, instructional adaptation and professional support for EFL teachers [1, pp. 11,12].

One potentially effective approach is the use of visual support. In the present study, visual support refers to visual schedules, pictures, vocabulary cards, written prompts, gestures, objects and demonstrations that accompany spoken language. According to the CAST Universal Design for Learning Guidelines, presenting information in multiple ways can improve learners' access to educational content. The guidelines recommend clarifying vocabulary and language structures,

illustrating information through different media and providing learners with various ways to respond and participate [2]. In an EFL classroom, these principles can be applied by combining a spoken word with an image, gesture, object or physical action.

Visual support can facilitate the participation of learners who experience difficulties in following classroom instructions and organising their work. Petersson-Bloom and Holmqvist (2022) found that visual support, classroom structure, concrete instruction and timetables were among the strategies associated with improved learning outcomes for autistic students. They also reported that a visually organised classroom environment helped learners identify what activities they were expected to complete and where these activities should take place. Such strategies may therefore make classroom expectations and routines more accessible to learners who require additional instructional support [3, pp. 7,8]. In the present study, visual strategies were selected in response to observed learning barriers rather than presumed medical or developmental diagnoses.

A visual lesson schedule is one example of this form of support. It can show learners what activities will take place, what they are currently doing and what they will do next. Visual schedules may support task initiation, transitions and independent classroom behaviour. A systematic review by Thomas and Karuppali (2022) identified visual activity schedules as a promising intervention for children with ADHD. The reviewed evidence suggested that schedule-based interventions could support on-task and on-schedule behaviour, classroom skills and the completion of sequenced activities. However, only four studies met the inclusion criteria, and they differed considerably in their research designs, interventions and outcome. measures. The authors therefore questioned the generalisability of the findings and emphasised the need for further research [4, pp. 5, 10-11].

Visual materials are likely to be more effective when combined with clear and structured instruction. The Education Endowment Foundation recommends explicit instruction and scaffolding as evidence-informed approaches for supporting pupils with SEN. Such instruction may include teacher modelling, guided practice, manageable task steps and gradual movement towards independent performance [5]. In an English lesson, instead of giving several directions at once, the teacher can present one short command, provide a visual cue, allow processing time and then move to the next step.

This article discusses the practical use of visual support in inclusive EFL teaching. Particular attention is given to visual lesson schedules, picture cards, gestures, movement-based vocabulary activities, short step-by-step instructions and adapted forms of classroom participation. It also considers teaching practices that may create difficulties for learners with SEN, including lengthy oral explanations, multiple instructions presented simultaneously and excessive reliance on written tasks.

The aim of the article is to identify practical ways in which visual support can facilitate learners' understanding of instructions, classroom participation and task completion in inclusive EFL lessons. The article addresses the following question: *How can visual support be effectively incorporated into inclusive EFL teaching?*

Based on previous research and evidence-informed educational guidance, the article provides practical recommendations for student teachers and EFL teachers working in inclusive mainstream classrooms.

Practical Recommendations for Using Visual Support

Visual Lesson Schedules

A visual lesson schedule presents the sequence of classroom activities through pictures, symbols or short written labels. It can help learners understand what they are expected to do, which activity they are completing and what will happen next. Petersson-Bloom and Holmqvist [3, pp. 7,8] indicate that visual support, classroom structure, concrete instructions and timetables can improve learning outcomes and help autistic learners organise their schoolwork.

In an EFL lesson, a simple visual schedule may include such stages as *Greeting*, *Vocabulary*, *Reading*, *Practice* and *Reflection*. The teacher should display it in a visible place and point to the appropriate picture when moving from one activity to another. Completed activities can be removed, crossed out or marked with a tick. This provides a clear structure and makes transitions between tasks more predictable.

Visual schedules should be simple and consistent. Teachers should use familiar images, short labels and a limited number of stages. Each visual should represent one specific activity. If the lesson plan changes, the teacher should update the schedule and explain the change using a visual cue. Thomas and Karuppali [4, pp. 5, 10-11] found promising evidence that schedule-based interventions may support on-task and on-schedule behaviour and the completion of sequenced activities. However, visual schedules should be adapted to learners' individual educational needs and combined with clear verbal instructions, modelling and sufficient processing time.

Visual Vocabulary Teaching

Visual support can make new English vocabulary more concrete and easier to understand. Instead of presenting a word only through oral explanation or translation, the teacher can combine it with a picture, real object, gesture or physical action. This approach corresponds to the Universal Design for Learning principle of presenting information through multiple forms [2].

For example, the teacher can pronounce a new word, show the corresponding picture and demonstrate a simple gesture. Learners then repeat the word and action before matching the word with the correct image. Teachers can also use flashcards, labelled objects, picture–word matching tasks and visual word banks. The same visuals should be used consistently during presentation, practice and revision.

Visual materials should be clear, familiar and directly connected to the target vocabulary. Cards containing unnecessary details may distract learners from the key meaning. Teachers should introduce a limited number of words at a time, provide a clear model and allow sufficient processing time. Visuals should support meaningful language use rather than replace pronunciation practice, contextual examples and communication.

Step-by-Step Instructions

Clear step-by-step instructions can help learners who have difficulty processing long or complex verbal explanations. Instead of giving several commands at once, the teacher should divide the task into short, manageable stages and present one instruction at a time.

For example, rather than saying, *"Open your notebooks, write the date and complete Exercise 3,"* the teacher can use the following sequence:

1. *Open your notebook.*
2. Allow processing time and check that the action has been completed.
3. *Write the date.*
4. Show the date on the board.
5. *Complete Exercise 3.*

Each command can be accompanied by a picture, gesture, written prompt or teacher demonstration. After giving an instruction, the teacher should pause and allow learners sufficient time to respond before repeating or adding further information. The teacher can check understanding by asking the learner to demonstrate the first step rather than simply asking, *"Do you understand?"*

Step-by-step instructions should be consistent, concise and directly connected to the task. As learners become more familiar with classroom routines, visual and verbal prompts can be gradually reduced to encourage greater independence.

Adapting Classroom Tasks

Classroom tasks should be adapted to learners' educational needs without removing the main learning objective. Teachers can reduce the number of items, divide an activity into smaller

steps, provide a completed example or allow additional time. Instructions should be supported by pictures, symbols or short written prompts.

Learners may also be offered alternative ways to demonstrate understanding. Instead of completing an extended written task, they can match words with pictures, arrange cards in the correct order, select an answer, complete a sentence or respond orally. Movement-based activities, such as distributing cards, placing pictures on the board or matching words and images, can support participation and purposeful physical activity.

Adaptation should not mean making every task easier. The aim is to remove unnecessary barriers while maintaining an appropriate level of challenge. Teachers should observe learners' responses and gradually reduce visual prompts and other forms of support as they become more confident and independent.

Practices to Avoid

Several common teaching practices may create additional barriers for learners with SEN. Teachers should avoid lengthy oral explanations and giving several instructions at the same time. Complex tasks should be divided into manageable steps and supported by modelling, visual prompts and guided practice. These strategies correspond to the principles of explicit instruction and scaffolding recommended by the Education Endowment Foundation [5].

Excessive whole-class repetition should also be avoided when learners repeat words without understanding their meaning. Instead, repetition should be combined with pictures, gestures, objects and contextual examples. Teachers should not rely exclusively on instructions addressed to the whole class, as some learners may require an individual visual or verbal prompt.

The CAST Universal Design for Learning Guidelines recommend providing multiple methods of interaction, response and communication because learners differ in how they engage with materials and demonstrate their knowledge [6, 7].

Petersson-Bloom and Holmqvist (2022) report that classroom instruction does not always meet the individual needs of autistic learners and therefore requires appropriate modification and adaptation. However, they also note that knowledge about how to design and adapt inclusive classroom instruction remains limited [3, pp. 8,9]. Consequently, teachers should avoid applying the same form of support to every learner and should adjust their strategies to individual educational needs.

Conclusion

Visual support can make inclusive EFL lessons more accessible by helping learners understand instructions, follow classroom routines and participate in learning activities. Visual schedules, pictures, vocabulary cards, gestures, objects and demonstrations can reduce reliance on oral explanation and make language input more concrete. Their effectiveness may be strengthened when they are combined with short step-by-step instructions, teacher modelling, processing time and appropriately adapted tasks.

However, visual support should not be applied identically to all learners. Teachers need to consider individual educational needs, observe learners' responses and adjust the level and type of support accordingly. Visual prompts should gradually be reduced when learners become more confident and independent. Teachers should also avoid lengthy verbal explanations, multiple simultaneous instructions and excessive reliance on extended writing.

Overall, visual support is not intended to simplify learning objectives or replace meaningful communication. Its purpose is to remove unnecessary barriers and provide different ways of accessing information and demonstrating knowledge. Although further classroom-based research is needed, existing evidence suggests that carefully selected visual strategies can benefit learners with SEN and contribute to a more structured, flexible and inclusive EFL classroom.

REFERENCES:

1. Lu, J.; Jiang, H.; Huang, Y. Inclusive EFL Teaching for Young Students with Special Needs: A Case in China. Children 2022, 9, 749. https://doi.org/10.3390/ children9050749
2. CAST Universal Design for Learning Guidelines https://udlguidelines.cast.org/representation/language-symbols/
3. Petersson-Bloom, L., & Holmqvist, M. (2022). Strategies in Supporting Inclusive Education for Autistic Students: A Systematic Review of Qualitative Research Results. Autism & Developmental Language Impairments Volume 7: 1–15, 2022.
4. Thomas, N., & Karuppali, S. (2022). The Efficacy of Visual Activity Schedule Intervention in Reducing Problem Behaviors in Children with ADH. oa Chongsonyon Chongsin Uihak. 2022 Jan 1;33(1):2–15. doi: 10.5765/jkacap.210021
5. Education Endowment Foundation. Supporting High-Quality Teaching for Pupils with SEND https://educationendowmentfoundation.org.uk/education-evidence/guidance-reports/supporting-high-quality-teaching-for-pupils-with-send
6. CAST Universal Design for Learning Guidelines. Design Options for Interaction https://udlguidelines.cast.org/action-expression/interaction/
7. CAST Universal Design for Learning Guidelines. Design Options for Expression & Communication https://udlguidelines.cast.org/action-expression/expression-communication/

ҒТАМР 14.25.07
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303161

БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

АЙТМАХАНОВА БЕКСАЯ МЕЙРАМБЕККЫЗЫ
Қызылорда Болашақ университетінің магистранты
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада білім берудің трансформациясы жағдайындағы қазіргі бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын дамыту мәселесіне теориялық талдау жасалған. Тақырыптың өзектілігі білімді дайын күйінде беруге негізделген моделінен құзыреттілікке бағытталған модельге көшуімен, цифрлық білім беру ортасының кеңеюімен және жасанды интеллект құралдарының оқу үдерісіне енуімен айқындалады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы, 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасы және орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізуге қатысты өзекті құжаттар қарастырылады. Қазіргі бастауыш сынып оқушысының цифрлық әлеуметтенуі, оқу мотивациясы, өзін-өзі бағалауы және ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерінің өзгеруі сипатталады.*

Ғалымдар Л.С. Выготский, Д.Б. Богоявленская, Г.У. Солдатова еңбектерімен қатар А. Есназар, А. Жорабекова, Р. Карсыбаева, А. Ниязова және басқа қазақстандық зерттеушілердің еңбектері талданды. Шығармашылық ойлауды дамытудың негізгі шарттары ретінде ашық және мәселелік тапсырмалар, зерттеу және жобалық әрекет, ақпаратты түрлендіру, шешімдердің баламалылығы, рефлексия және цифрлық технологияларды педагогикалық тұрғыдан негізді пайдалану айқындалды.

Түйін сөздер: *шығармашылық ойлау, бастауыш сынып оқушысы, бастауыш білім, білім берудің трансформациясы, цифрлық әлеуметтену, креативтілік, мәселелік оқыту, зерттеу әрекеті.*

Қазіргі мектеп жағдайында шығармашылық ойлау тек көркемдік қабілеті жоғары балаға тән ерекшелік немесе сабақтан тыс іс-әрекеттің қосымша нәтижесі ретінде ғана қарастырылмайды. Білім мазмұнының жүйелі жаңаруы, цифрландыру үдерісінің күшеюі және генеративті жасанды интеллект құралдарының кеңінен қолжетімді болуы оқушының мәселені өздігінен байқай білу, сұрақ қоя алу, әдеттен тыс байланыстарды анықтау, мәселені шешудің бірнеше нұсқасын ұсыну және қолда бар ақпарат негізінде жаңа өнім құрастыру қабілетінің маңызын арттырып отыр. Бұл міндет бастауыш білім беру кезеңінде ерекше мәнге ие. Өйткені дәл осы бастауыш жасында оқу әрекеті жетекші сипат алып, талдау, салыстыру, жалпылау және рефлексия жасаудың негізгі тәсілдері қалыптасады, ал қиял баланың танымдық дамуының маңызды ресурсы болып қала береді.

Шығармашылық ойлауды дамытудың өзектілігі Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының өзгеруімен тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында цифрландыру мен жасанды интеллект адами капиталға қойылатын талаптарды өзгертетін маңызды факторлар ретінде қарастырылып, жаңа құзыреттерді қалыптастыру мектептегі білім беру кезеңімен сабақтастырылады [1].

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында дәстүрлі білім беру бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа даярлауға бағытталған үлгіге көшу

қажеттілігі белгіленіп, оның аясында жаһандық құзыреттерді, эмоциялық интеллект пен сыни ойлауды дамытуға басымдық беріледі [2].

2026 жылы бұл бағыт практикалық тұрғыдан одан әрі жалғасын тапты. Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы № 1274 Жарлығында орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні кеңінен енгізу, дербестендірілген оқытуды дамыту, цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру және педагогтерді даярлау шаралары көзделген [3]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 733 қаулысымен орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі 2026–2029 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары бекітілді [4]. 2026 жылғы педагогтердің Тамыз конференциясында Президент орта білім беру стандарттарын әлемдік үрдістерге сәйкес жаңарту, жасанды интеллектіні балалар мен педагогтердің жүйелі түрде қолдануы және инновациялық білім беру экожүйесін қалыптастыру қажеттігін атап өтті [5].

Бүгінгі жағдайда білім беру нәтижесінің мазмұны мен оған қойылатын талаптар да өзгереді. Егер дайын анықтамалық ақпаратты, мәтінді немесе қандай да бір мәселені шешудің үлгілік нұсқасын цифрлық жүйелердің көмегімен алуға болатын болса, онда білім берудің құндылығы мәселені дұрыс қоя білуге, ақпараттың сапасын бағалауға, тиімді стратегияны таңдауға, өз ұстанымын дәлелдеуге, бастапқы материалды өз бетінше түрлендіруге және жаңа өнім жасауға бағытталады. Демек, шығармашылық ойлау академиялық сауаттылыққа қарама-қарсы ұғым емес, керісінше, оның қазіргі заманғы көріністерінің бірі болып табылады. Оқушы білімді тек меңгеріп, қайта жаңғыртып қана қоймай, идеяларды құрастыра, тексере және жетілдіре білуі тиіс.

Кеңестік психология ғылымында балалар шығармашылығын түсіндіруде Л.С. Выготскийдің идеялары іргелі мәнге ие. Аталмыш ғалым өз еңбектерінде шығармашылық әрекет мазмұнның «жоқтан пайда болуына» емес, өткен тәжірибе элементтерін қайта өңдеу мен оларды жаңаша үйлестіруге негізделетінін көрсетеді [6]. Осы тұжырымнан маңызды педагогикалық қорытынды туындайды: оқушының мазмұндық тәжірибесі неғұрлым алуан түрлі болып, сол тәжірибені түрлендіруге мүмкіндігі неғұрлым көп берілсе, оның шығармашылық қиялын дамыту мүмкіндігі де соғұрлым кеңейеді. Бастауыш сынып жағдайында бұл бақылауды, оқуды, тәжірибе жасауды, талқылауды, практикалық әрекетті және оқушының өз бетінше өнім жасауын өзара ұштастыру қажеттігін білдіреді.

Ғалым Д.Б. Богоявленская шығармашылықты интеллекттік белсенділікпен және берілген әрекет тәсілінің шегінен шыға білу қабілетімен байланыстырады [7]. Мұндай түсінік тұрғысынан алғанда, шығармашыл оқушының ерекшелігі тек әдеттен тыс жауаптардың көптігімен емес, ішкі танымдық бастамашылдығымен сипатталады: бастапқы міндетті шешкеннен кейін де ол зерттеуді жалғастырып, шарттарды өзгертіп, жаңа сұрақтарды анықтай алады. Бұл тәсіл мектептегі оқыту үдерісінде ерекше тиімді, өйткені креативтілікті тек көңіл көтеруге бағытталған «қалыптан тыс әрекет» ретінде қарастыратын жеңілдетілген түсініктен бас тартып, оны танымдық іс-әрекеттің маңызды сапасы ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Шетелдік ғылыми зерттеуде Дж. Гилфорд конвергентті және дивергентті ойлауды ажыратуды ұсынды: конвергентті ойлау бір оңтайлы жауапты табуға бағытталса, дивергентті ойлау бірнеше орынды шешім нұсқаларын ұсынуға негізделеді. Дивергентті ойлаудың негізгі сипаттарына ойлау шапшаңдығы, икемділік және түпнұсқалық жатады [8]. Алайда нақты оқу әрекетінде шығармашылық шешім дивергентті идея тудыру мен оларды аналитикалық тұрғыдан іріктеудің өзара үйлесуін талап етеді. Оқушыға көптеген нұсқа ұсыну ғана жеткіліксіз, ол соларды тапсырманың шарттарымен салыстырып, өз таңдауын негіздеп, бастапқы идеясын жетілдіре білуі қажет. Сондықтан шығармашылық ойлауды қазіргі жағдайда мынадай цикл негізінде дамыту орынды: мәселені түсіну – нұсқаларды ұсыну – тексеру – шешімді жетілдіру.

Бастауыш сынып жасына тән даму заңдылықтары сақталғанымен, қазіргі баланың әлеуметтік даму жағдайы едәуір өзгерді. Цифрлық құрылғылар, іздеу жүйелері, бейнемазмұн, ойындар, әлеуметтік платформалар мен интеллектуалдық сервистер оқушының күнделікті тәжірибесінің бір бөлігіне мектепке келгенге дейін-ақ айналады. Ғалым Г.У. Солдатова цифрлық әлеуметтенуді бала дамуының жаңа өлшемі ретінде қарастырады, мұнда цифрлық орта сыртқы қосымша құрал емес, баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу экожүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады [9]. Бұл білім беру жүйесінен технологияларға сын көзбен қарамай, шектен тыс оптимистік көзқарастан да, цифрлық құралдарға қарапайым тыйым салудан да бас тартуды талап етеді.

Қазіргі бастауыш сынып оқушысының тағы бір маңызды ерекшелігі оның мотивациясымен, өзіндік бағалауымен және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларымен байланысты. Ғалымдар И.Ю. Кулагина, Е.В. Апасова, В.О. Волчанская және Н.Г. Зайцева 2025 жылы 1–4 сыныптарда оқитын 39 055 оқушының қатысуымен жүргізген ауқымды зерттеу академиялық жетістіктің оқу мотивациясының деңгейімен, өзін-өзі бағалаумен және өзге адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларымен байланысты екенін көрсетті [10]. Шығармашылықты дамыту тұрғысынан бұл қорытындының маңызы ерекше. Ашық сипаттағы тапсырмалар белгісіздік жағдайын, қателесу мүмкіндігін және өз идеясын ұсыну қажеттігін қамтиды. Сондықтан баланың шығармашылық әлеуеті оның танымдық мотивациясы сақталатын, әрекетті байқап көруге құқығы бар екенін сезінетін және қатені өз құндылығына төнген қауіп ретінде қабылдамайтын ортада анағұрлым еркін жүзеге асады.

Жоғарыдағы мәселелерге орай қазіргі бастауыш сынып оқушысын ғылыми тұрғыдан жеңілдетілген «клиптік ойлау» ұғымы арқылы сипаттағаннан гөрі, оның даму жағдайындағы өзгерістерге назар аудару орынды. Оларға цифрлық ақпаратпен ерте жастан әрі қарқынды өзара әрекеттесу, офлайн және онлайн тәжірибелердің қатар жүруі, дайын жауаптардың қолжетімді болуы, ересектер бағасының әлі де жоғары маңызға ие болуы, өзін-өзі реттеу дағдыларын және ақпараттық өнімдерге сыни көзқарасты дамыту қажеттілігі жатады. Осындай жағдайда шығармашылық ойлау қосарлы қызмет атқарады: бір жағынан, оқушыға жаңа идеялар мен өнімдер жасауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, дайын цифрлық шешімдерге қатысты оның дербес субъектілік ұстанымын сақтауға көмектеседі.

Қазақстандық заманауи зерттеулер шығармашылық ойлауды оқшау құбылыс ретінде емес, метапәндік, зерттеушілік және ақпараттық-талдамалық дағдылармен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеушілер А. Есназар, А. Жорабекова, А. Калжанова, Ж. Байымбетова және Ш. Алмуханбет еңбегінде STEM-білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының метапәндік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйе әзірленген. Авторлар оқушы дамуын ақпарат көздерін талдау, бірнеше пәндік саланың білімін пайдалану, сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау, кіріктірілген жобалар әзірлеу және өзекті ақпарат негізінде шешім қабылдау қабілеттерімен байланыстырады [11]. Бұл зерттеу шығармашылық ойлаудың бала ақпаратты жай қабылдап қана қоймай, онымен белсенді әрекет еткен жағдайда анағұрлым нәтижелі дамитынын көрсетеді.

Ғалымдар Р. Карсыбаева, Р. Измагамбетова және Е. Айтжанова бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін тапсырмалар жүйесі арқылы дамыту мәселесін қарастырады [12]. Зерттеуде ойлаудың икемділігі мен шығармашылық белсенділікті қалыптастыруда стандартты емес ауызша және жазбаша тапсырмалардың, сондай-ақ талдау, салыстыру және жалпылау әрекеттерінің мүмкіндіктері ашып көрсетілген. Педагогикалық практика үшін шығармашылық ойлау жекелеген, анда-санда берілетін «шығармашылық тапсырмалар» арқылы емес, оқу жұмысын ұйымдастыру тәсілі арқылы қалыптасатыны туралы тұжырымның маңызы зор. Яғни оқушыға жүйелі түрде ізденуге,

тапсырма шарттарын өзгертуге және таңдаған шешу жолын негіздеуге мүмкіндік берілуі қажет.

Қазақстандағы бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілі сабақтарында шығармашылық ойлауын дамыту мәселесін А.Е. Ниязова мен А. Муратова зерттеген. Авторлар шығармашылық әдістердің коммуникативтік міндеттерді шешуде, өз ойын білдіруде және сөйлеу әрекетінің қалыптан тыс тәсілдерін іздеу қабілетін дамытуда әлеуеті жоғары екенін көрсеткен [13]. Бұл зерттеудің маңыздылығы шығармашылықтың пәнаралық сипатын айқындауымен ерекшеленеді: оны дамыту көркемдік бағыттағы пәндермен ғана шектелмеуі тиіс, керісінше тілдік, математикалық, жаратылыстану-ғылыми және цифрлық білім беру мазмұнына да кіріктірілуі мүмкін.

Теориялық тұжырымдар мен зерттеу нәтижелерін жинақтау қазіргі бастауыш сынып оқушылары үшін маңызды бірнеше педагогикалық шартты бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Біріншісі – бірнеше дұрыс нұсқаны ұсынуға мүмкіндік беретін ашық тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану. «Басқа тәсіл ұсын», «егер ... болса, не өзгереді?», «бірнеше түсіндірме тап», «шешімді қалай жетілдіруге болады?» сияқты тұжырымдар бір ғана үлгіні қайталауға бағытталған тапсырмаларға қарағанда оқушы үшін мүлде өзгеше зияткерлік жағдаят қалыптастырады.

Екінші шарт – оқытудың мәселелік және зерттеушілік сипаты. Шығармашылық идея оған дейін бақылау, деректер жинау, салыстыру, қарама-қайшылықты анықтау және сұрақ тұжырымдау әрекеттері жүзеге асқан жағдайда мазмұндырақ қалыптасады. Сондықтан шағын зерттеулер, қарапайым эксперименттер, бірнеше ақпарат көзімен жұмыс істеу, модельдеу және жобалар тек пәндік білімді меңгерудің ғана емес, өнімді ойлауды дамытудың да құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Үшінші шарт – ақпаратты бір формадан екінші формаға түрлендіру. Мәтінді сызбаға, кестені әңгімеге, бақылау нәтижелерін модельге, ал деректер жиынтығын болжамға айналдыру оқушыны мазмұнды қайта құрастыруға және бұрын айқын көрінбеген байланыстарды анықтауға жетелейді. Мұндай әрекет қазіргі ақпараттық ортаға ерекше сәйкес келеді, өйткені бала күнделікті өмірде әртүрлі форматта ұсынылған мультимодалды материалдармен үнемі кездеседі.

Төртінші шарт – идеяларды ұсыну мен оларды бағалау кезеңдерін бір-бірінен ажырату. Алғашқы кезеңде оқушыға әрбір ойын бірден сынға алмай, еркін ізденуге және бірнеше нұсқа ұсынуға мүмкіндік беру қажет. Келесі кезеңде бағалау өлшемдері енгізіледі: тапсырма шартына сәйкестік, жүзеге асырылу мүмкіндігі, дәлелділік, түпнұсқалық және пайдалылық. Осы арқылы шығармашылық еркіндік зияткерлік жауапкершілікпен ұштасады.

Бесінші шарт – педагогтің қолдаушы ұстанымы. Бастауыш сынып оқушысы үшін ересек адамның бағасы әлі де жоғары тұлғалық мәнге ие. Егер әдеттен тыс жауаптар жүйелі түрде қате ретінде қабылданса, бала көп ұзамай қауіпсіз жолды таңдап, педагог күткен дайын нұсқаны қайталауға бейімделеді. Сондықтан педагогикалық кері байланыс тек соңғы нәтижені ғана емес, қолданылған стратегияның сапасын да бағалауы тиіс: сұрақ қоя білуін, балама нұсқаларды іздеуін, өз ойын негіздеуін және бастапқы идеясын қайта қарастыра алуын.

Алтыншы шарт – цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні саналы әрі мақсатты қолдану. Жасанды интеллектіні салыстыру мен сыни талдаудың нысаны ретінде пайдалануға болады: оқушылар өз нұсқаларын жасанды интеллект ұсынған жауаптармен салыстырып, ондағы дәлсіздіктерді анықтай алады, анағұрлым түпнұсқа шешімдер ұсынып, бағалау өлшемдерін нақтылай алады. Алайда идея тудыру қызметін толықтай технологияға тапсырып, кейін оны өз бетінше өңдемеу дамытушылық әсерді төмендетеді. Бастауыш сыныпта цифрлық құрал баланың әрекетін күшейтуі тиіс, бірақ оның қиялын, қолмен құрастыруын, ауызша талқылауын және дербес ізденісін алмастырмауы қажет.

Теориялық талдау білім берудегі өзгерістер бала дамуының классикалық заңдылықтарын жоққа шығармайтынын, керісінше олардың жүзеге асуына жаңа жағдай қалыптастыратынын көрсетеді.

Қазіргі бастауыш сынып оқушысының шығармашылық ойлауы тек ерекше идеялар ұсыну қабілетін ғана емес, сонымен қатар тәжірибені түрлендіруді, балама мүмкіндіктерді көре білуді, мәселені тұжырымдауды, шешімдерді тексеріп, жетілдіруді қамтиды. Білім берудің цифрлық және жасанды интеллект ықпалымен өзгеруі жағдайында бұл қабілет баланың субъектілік ұстанымын сақтаудың маңызды тетіктерінің біріне айналады: оқушы технологияны пайдалана білуі тиіс, бірақ ойлау қызметін оған толықтай бермеуі қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ-Ж. К. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Ақорда, 08.09. 2025. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
3. Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы № 1274 Жарлығы. https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasynyn-orta-bilim-beru-zhuyesine-zhasandy-intellektini-endiru-zhonindegi-sharalar-turaly-124335
4. Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні кеңінен ендіруге бағытталған шаралардың 2026–2029 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 733 қаулысы. https://legal.bestprofi.com/kz/docs/orta-bilim-beru-zhuyesine-zhasandy-intellektini-kenginen-endiruge-bagyttalgan
5. Тоқаев Қ-Ж.К. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. Тамыз, 2026. https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-2671843
6. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: психологический очерк. 3-е изд. М.: Просвещение, 1991 - 90 с.
7. Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей. М.: Academia, 2002 - 317 с.
8. Guilford J.P. Creativity //American Psychologist. 1950. Vol. 5, No. 9. - 444-454 p.
9. Солдатова Г.У., Войскунский А.Е. Социально-когнитивная концепция цифровой социализации: новая экосистема и социальная эволюция психики //Психология. Журнал Высшей школы экономики. 2021. Т. 18, № 3. - 431-450 с.
10. Кулагина И.Ю., Апасова Е.В., Волчанская В.О., Зайцева Н.Г. Психологический портрет современного младшего школьника: фактор успеваемости //Психолого-педагогические исследования. 2025. Т. 17, № 4. - 40-55 с.
11. Yesnazar A., Zhorabekova A., Kalzhanova A., Zhuzimkul B., Almukhanbet S. Methodological system for the formation of meta-subject skills of primary school students in the context of STEM education //Frontiers in Education. 2024. - Vol. 9.
12. Карсыбаева Р., Измагамбетова Р., Айтжанова Е. Развитие познавательной активности младших школьников через задания //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. 2024. № 2(82). - 381-392 с.
13. Niyazova A.Y., Muratova A. The development of creative thinking of primary school students at the English lessons in Kazakhstan //New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences. 2017. Vol. 3, No. 3. - 282-290 p.

ҒТАМР 14.25.07
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303167

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ШЫРЫНХАНОВА ГҮЛМИРА ШЫРЫНХАНҚЫЗЫ
Қызылорда Болашақ университетінің магистранты
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі теориялық тұрғыдан қарастырылады. Қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізінде оқу сауаттылығы ұғымының мазмұны, оның оқу техникасы мен мағыналық оқудан ерекшеліктері талданады. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың мәтінді түсінуіне әсер ететін танымдық және жас ерекшеліктеріне, оқу дербестігін және мәтінмен саналы жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. Оқу сауаттылығын бағалауда оқу жылдамдығы мен дұрыстығын ғана емес, ақпаратты табу, түсіндіру, салыстыру, қорытынды жасау, бағалау және қолдану қабілеттерін ескеру қажеттілігі негізделеді. Теориялық талдау нәтижесінде оқу сауаттылығын тиімді қалыптастырудың негізгі шарттары ретінде жүйелілік, пәнаралық ықпалдастық, мағыналық оқу стратегияларын меңгерту, әртүрлі типтегі мәтіндерді пайдалану, оқу тапсырмаларын біртіндеп күрделендіру, оқушының дербестігін дамыту және қорытындыларды дәлелдеуге үйрету айқындалады.*

Түйін сөздер: *оқу сауаттылығы, бастауыш сынып, мағыналық оқу, мәтінді түсіну, оқу стратегиялары, оқу дербестігі, функционалдық сауаттылық.*

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш мектептегі оқу нәтижесі мәтінді дұрыс әрі жылдам оқумен ғана шектелмейді. Білім алушының ақпаратты түсінуі, талдауы, оны әртүрлі жағдаяттарда қолдануы және өзінің тұжырымын негіздей алуы білім сапасының маңызды көрсеткіштерінің біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу әрекеті, коммуникация, мәселелерді шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар білім беру нәтижелерінің құрамдас бөлігі ретінде айқындалған [1]. Бұл талаптар оқу сауаттылығын жекелеген пәндік дағды ретінде емес, оқушының әртүрлі оқу және өмірлік міндеттерді шешуіне мүмкіндік беретін әмбебап қабілет ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Оқу сауаттылығының маңыздылығы мемлекеттік деңгейде оқу мәдениетін дамытуға бағытталған бастамалармен де сабақтасады. Мемлекет басшысының 2026 жылғы 16 мамырдағы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» № 1279 Жарлығында кітап оқу мәдениетін жүйелі түрде қолдау, «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын әзірлеу және заманауи цифрлық оқу ортасын қалыптастыру міндеттері белгіленген [2]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім мазмұнын білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, дағдылары мен құзыреттерін дамытуға бағдарлау көзделеді [3]. Осы міндеттер бастауыш мектеп кезеңінен бастап оқушыны мәтіндегі ақпаратты табуға ғана емес, оның мағынасын түсіндіруге, ақпаратты салыстыруға, бағалауға, қорытынды жасауға және алынған білімді жаңа жағдайда қолдануға үйретудің өзектілігін күшейтеді.

Оқу бастауыш сыныпта білім алудың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Мәтін арқылы бала әдебиеттік оқу мен тіл пәндерінің мазмұнын ғана емес, математикалық

есептердің шарттарын, нұсқаулықтарды, ғылыми-танымдық мәліметтерді, кестелерді, сызбалар мен ережелерді де меңгереді. Сондықтан мәтінді түсіну дағдысының жеткіліксіз қалыптасуы әртүрлі оқу пәндері бойынша нәтижелерге тікелей әсер етеді. Осыған байланысты қазіргі педагогикада оқу сауаттылығы білімге қол жеткізуді және ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеуді қамтамасыз ететін әмбебап оқу қабілеті ретінде қарастырылады. Сонымен бірге оқу сауаттылығын оның техникасымен теңестіруге болмайды. Сөздерді дұрыс әрі еркін оқу толыққанды оқудың қажетті шарты болғанымен, оның өзі жеткіліксіз. Оқушы мәтінді жылдам оқығанымен, негізгі ойды анықтауда, себеп-салдарлық байланыстарды белгілеуде, астарлы мағынаны түсінуде немесе мәтіндегі ақпаратты жаңа міндетті шешу барысында қолдануда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сондықтан негізгі мәселе оқу техникасын меңгеруден оқу әрекетін мағынаны түсіну, түсіндіру және рефлексия жасауға бағытталған қызмет ретінде қалыптастыруға көшу болып табылады.

Ғылыми әдебиетте оқу сауаттылығы ұғымы оқыту психологиясы мен әдістемесі, функционалдық сауаттылық теориясы және білім беру нәтижелерін зерттеу бағыттарының тоғысында қалыптасты. Жалпы мағынада ол адамның жазбаша мәтінді тек таңбалық тұрғыдан танып, оқи алуын ғана емес, оның мазмұнын түсінуін, түсіндіруін, бағалауын, өз білімімен байланыстыруын және алынған ақпаратты белгілі бір мақсатқа жету үшін қолдана алуын білдіреді.

Жоғарыдағыдай түсінік оқу техникасын дәстүрлі бағалаудан түбегейлі ерекшеленеді. Дәстүрлі тәсілде негізгі көрсеткіштер ретінде оқу дұрыстығы, қарқыны және мәнерлілігі алынады. Оқудың техникалық жағы оқу әрекетінің операциялық негізін қалыптастырғанымен, оның сапасы сөздер танылғаннан кейінгі үдерістермен анықталады.

Ғалым Г.А. Цукерман оқу сауаттылығын мәтінмен жұмыс істеуге бағытталған әрекеттер жүйесі арқылы қарастырады. Бұл жүйеге ақпаратты іздеу, мәтінді түсіндіру, мазмұнды біріктіру және рефлексия жасау кіреді [4]. Мұндай тәсіл бастауыш мектеп үшін маңызды, өйткені ол сауаттылық туралы абстрактілі ұғымды оқушының нақты әрі бақылауға болатын әрекеттері арқылы сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оқу сауаттылығы оның ережелерін жай ғана білуден емес, мәтінге негізделген тапсырманы шешу тәсілінен көрінеді.

Ғалымдар Е.В. Бунеева мен О.В. Чиндилованың зерттеулерінде мәтінді толыққанды қабылдау мен түсінуге бағытталған өнімді оқу технологиясы әзірленген [5]. Бұл технология мәтінді оқуға дейінгі, оқу барысындағы және оқудан кейінгі жұмыс кезеңдерін қамтиды. Алғашқы кезеңде оқушының бұрыннан бар білімі белсендіріліп, мәтін мазмұнын болжау жүзеге асырылады. Оқу барысында мағыналар нақтыланып, сұрақтар қойылады және түсініксіз тұстар анықталады. Оқудан кейін мәтінді түсіндіру, автор ұстанымын талқылау және рефлексия ұйымдастырылады. Осылайша мәтінді түсіну өздігінен қалыптасатын нәтиже ретінде емес, арнайы ұйымдастырылатын оқу әрекеті ретінде қарастырылады.

Ресейлік зерттеушілер О.В. Колесова, Е.Г. Гуцу, Н.Н. Деменева, Е.В. Кочетова және Т.В. Маясова [6] еңбектерінде мәтінді тек тікелей мағынада түсінуді ғана емес, оны түсіндіру, жалпылау және мәтіндегі сәйкессіздіктерді анықтау дағдыларын да диагностикалау қажеттігін атап көрсетеді. Авторлардың пікірінше, көркем мәтіндермен де, ақпараттық мәтіндермен де жұмыс барысында мазмұнды түсінуге, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға және ақпаратты түрлендіруге бағытталған тапсырмалар қамтылуы тиіс.

Бастауыш сынып жасы – оқуды үйренуден оқу арқылы білім алуға көшудің сензитивті кезеңі. Бірінші сыныпта ырықты зейіннің едәуір бөлігі графикалық бірліктерді, буындар мен сөздерді тануға бағытталады. Оқудың техникалық жағы автоматтанған сайын баланың мағыналық өңдеуге көбірек когнитивтік ресурстар бөлу мүмкіндігі артады. Алайда мұндай көшу өздігінен жүзеге аспайды және арнайы педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларына нақты бейнелерге, эмоциялық тұрғыдан қанық жағдаяттарға және жеке тәжірибеге сүйену тән. Сондықтан мәтінді түсіну алдын ала білімді өзектендіру, иллюстрацияларды талқылау, мазмұнды болжау, жаңа материал мен таныс өмірлік жағдаяттар арасында байланыс орнату арқылы күшейеді. Сонымен қатар оқушыны біртіндеп тікелей әсер шеңберінен шығып, өз тұжырымдарын мәтінге сүйене отырып негіздеуге үйрету қажет.

Метатанымдық әрекеттерді қалыптастырудың маңызы зор. Оқушы өзіндегі түсінбеушілікті: таныс емес сөзді, логикалық байланыстың үзілуін, мәтін бөліктері арасындағы қайшылықты байқай білуге үйренуі тиіс. Тоқтап, мәтінді қайта оқу, сұрақ қою және бастапқы түсіндіруін өзгерте білу қабілеті мағыналы оқуды механикалық оқудан ажыратады.

Қазақстандық педагогика ғылымында оқу сауаттылығы мәселесі Ж.Е. Сарсекеева, С.К. Абильдина, Р.К. Дюсембинова, А.О. Мухаметжанова, К.А. Айдарбекова және К.Б. Копбалинаның зерттеулерінде эмпирикалық тұрғыдан дамытылды [7]. Аталмыш авторлардың зерттеулерінде оқыту тапсырмалары жүйесі арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі зерттелген. Ғалымдар пәнаралық тапсырмалар жүйесін әзірледі. Мұнда оқушыларға мәтіннен ақпаратты тауып қана қоймай, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру, сызба немесе кластер құрастыру, сипаттамаларды салыстыру, деректерді өзге нысанда ұсыну, экологиялық мәселенің шешімін ұсыну және дәлелді баяндама дайындау ұсынылады. Осылайша, оқу сауаттылығы әдеби мәтінді түсінуді тексеру құралы ретінде ғана емес, ақпаратты түрлендіру және оны тәжірибеде қолдану әрекеті ретінде қарастырылды.

Ғалым Ж.Е. Сарсекееваның зерттеуінде жоғарыдағы мәселе одан әрі дамытылды [8]. Автор оқу сауаттылығын оқылған мәтінді түсіну, оқу дағдысының өзі, қалыптасқан біліктер және білімнің құндылығын түсіну бірлігі ретінде қарастырады. Екінші сыныпқа арналған «Жас оқырман» электрондық оқулығымен жүргізілген эксперименттік жұмыс бақылау сыныбымен салыстырғанда эксперименттік сыныпта оқу сауаттылығының қалыптасу деңгейі жоғары болғанын көрсетті. Бұл нәтиже бастауыш мектептің ерте кезеңінің өзінде оқу әрекеттерін мақсатты түрде дамыту мүмкіндігін растайтындығымен маңызды.

Оқу сауаттылығы дағдыларын PISA шеңбері негізінде И. Халитова мен Р. Шайхелисламов өз зерттеуінде талдап, мектепте нақты қандай әрекеттердің бірізді түрде қалыптастырылуы қажеттігін айқындаудың маңыздылығын атап көрсетеді [9]. Олардың зерттеуі мектеп жасындағы оқушылардың неғұрлым кең ауқымын қамтығанымен, оқыту нәтижесі «мәтінді түсіну» деген жалпы талаппен емес, нақты оқу біліктері арқылы сипатталуы тиіс деген қорытынды әдіснамалық тұрғыдан маңызды.

Оқу сауаттылығын бағалау көпөлшемді сипатта болуы тиіс. Оқу жылдамдығын тексеру оқу техникасының автоматтану деңгейін көрсететін жекелеген көрсеткіш ретінде қолданылуы мүмкін, алайда ол мәтінмен мағыналық жұмыс сапасын көрсете алмайды. Сондықтан диагностикалық тапсырмалар мәтінде тікелей берілген ақпаратты табуды, негізгі ойды анықтауды, жасырын байланыстарды түсіндіруді, мәтін фрагменттерін салыстыруды, ақпаратты түрлендіруді, бағалауды және қолдануды қамтуы тиіс. Сонымен қатар оқушының тапсырманы өз бетінше орындау деңгейін бағалау маңызды. Бір оқушы белгілі бір қорытындыға педагогтің бірнеше бағыттаушы сұрағынан кейін ғана келсе, екінші оқушы түсініксіз фрагментті өзі анықтап, оны қайта оқып, жауабын негіздей алады. Соңғы жауаптары бірдей болғанымен, олардың оқудағы дербестік деңгейі әртүрлі болады. Сондықтан жоғарыдағы авторлардың жүргізген зерттеулерінде тапсырманы өз бетінше орындау жеке критерий ретінде қарастырылған.

Оқу сауаттылығын қалыптастырудың стратегиялық сипаты Н.Н. Сметанниковаңың еңбектерінде кеңінен қарастырылған [10]. Зерттеуші оқуды бір ғана техникалық дағды ретінде емес, оқу мақсатына, мәтіннің ерекшелігіне және оқырманның міндетіне сәйкес

саналы түрде таңдалатын стратегиялар жүйесі ретінде қарастырады. Мұндай тәсілде оқушы мәтін мазмұнын алдын ала болжау, маңызды ақпаратты анықтау, сұрақтар қою, түсініксіз тұстарды нақтылау, негізгі және қосымша ақпаратты ажырату, қорытынды жасау және өз түсінігін бақылау әрекеттерін меңгереді. Осы тұрғыдан оқу стратегияларына арнайы үйрету бастауыш сынып оқушысының мәтінмен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін біртіндеп қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінің кешенді табиғаты N.K. Duke пен K.B. Cartwright ұсынған «оқудың белсенді моделі» (Active View of Reading) аясында да негізделеді [11]. Авторлар мәтінді толыққанды түсінуді тек сөздерді тану және тілдік түсіну үдерістерінің нәтижесі ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Тиімді оқу барысында өзін-өзі реттеу, мотивация, зейінді басқару, қажетті стратегияны таңдау және өзінің түсіну деңгейін бақылау сияқты белсенді үдерістер маңызды рөл атқарады. Бұл тұжырым бастауыш сыныптағы оқу сауаттылығын техникалық оқу, мағыналық түсіну, метатанымдық бақылау және ақпаратты функционалдық қолдану бірлігінде қарастыру қажеттігін негіздейді.

Теориялық талдау оқу сауаттылығының интегративті сипаттағы қабілет екенін көрсетеді. Оны тек оқу техникасымен немесе мәтіннен кейін берілетін белгілі бір сұрақтар жиынтығымен шектеуге болмайды. Оқу сауаттылығы мотивацияның, оқу техникасының автоматтануының, түсінудің, интерпретациялаудың, рефлексияның және ақпаратты функционалдық тұрғыдан қолданудың бірлігінде қалыптасады. Сондықтан оқу сауаттылығын тек оқу жылдамдығын арттыру немесе оқылған шығармалар санын көбейту арқылы дамыту әрекетінің тиімділігі шектеулі.

Бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығы оқуға деген қызығушылық пен дайындықты, техникалық негізді, мазмұнды түсінуді, интерпретациялауды, сыни бағалауды және алынған ақпаратты қолдануды біріктіретін кешенді қабілет болып табылады. Оның қалыптасуы оқытудың алғашқы жылдарынан басталады, алайда оқу техникасының дамуымен қатар өздігінен жүзеге аспайды.

Қорытындылай келе, қарастырылған зерттеулерді талдау оқу сауаттылығын тиімді қалыптастырудың негізгі шарттарын айқындауға мүмкіндік береді: жүйелілік, пәнаралық ықпалдастық, мағыналық оқу стратегияларына үйрету, әртүрлі типтегі мәтіндерді пайдалану, оқу тапсырмаларын біртіндеп күрделендіру, оқушының дербестігін дамыту және жасалған қорытындыларды міндетті түрде дәлелдеу. Бұл ретте бағалау жауаптың дұрыстығын ғана емес, оқушының мәтінмен жұмыс істеу тәсілін де тіркеуі тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген. – «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. **Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы:** Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 16 мамырдағы № 1279 Жарлығы.
3. **Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы:** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
4. Цукерман Г.А. Оценка читательской грамотности. М.:Российская академия образования, 2018 - 67 с.
5. Бунеева Е.В., Чиндилова О.В. Технология продуктивного чтения как образовательная технология деятельностного типа /Начальная школа плюс До и После. - 2012.- № 8 - 3–8 с.
6. Колесова О.В., Гуцу Е.Г., Деменева Н.Н., Кочетова Е.В., Маясова Т.В. Исследование читательской грамотности младших школьников на современном этапе развития образования //Перспективы науки и образования. - 2020. № 2(44). - 240–254 с.
7. Сарсекеева Ж.Е., Абильдина С.К., Дюсембинова Р.К., Мухаметжанова А.О., Айдарбекова К.А., Копбалина К.Б. Формирование читательской грамотности у обучающихся начальных классов через систему учебных заданий //Научное обозрение. Педагогические науки. 2023. № 3. - 32–36 с.
8. Сарсекеева Ж.Е. К вопросу формирования читательской грамотности у обучающихся начальной школы //Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». 2025. Т. 30. № 3(119). - 133–143 с.
9. Халитова И., Шайхелисламов Р. Возможности повышения уровня читательской грамотности учащихся //Педагогика и психология. 2022. № 4(53). - 132–141 с.
10. Сметанникова Н.Н. Стратегиальный подход к обучению чтению (междисциплинарные проблемы чтения и грамотности). – М.: Школьная библиотека, 2005. – 509 с.
11. Duke N.K., Cartwright K.B. The Science of Reading Progresses: Communicating Advances Beyond the Simple View of Reading //Reading Research Quarterly. – 2021. – Vol. 56, S1. – S25–S44.

ҒТАМР 14.25.07
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303171

КОУЧИНГ ЖЕКЕ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

БОЛАТ ӘДІЛХАН БОЛАТҰЛЫ
Қызылорда Болашақ университетінің магистранты
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада коучинг жеке тиімділікті арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық құрал ретінде қарастырылады. Қазіргі қоғам жағдайында адамның өз мақсатын айқындай білуі, шешім қабылдауы, жеке ресурстарын тиімді пайдалануы, рефлексия жасауы, өзгермелі жағдайларға бейімделуі және өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілікпен қарауы маңызды сипатқа ие болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда коучинг адамның дайын шешімді сырттан қабылдауына емес, өзінің мүмкіндіктерін анықтап, нақты мақсат қойып, оған жетудің тиімді жолдарын саналы түрде құруына мүмкіндік береді.*

Мақалада коучинг ұғымының теориялық негіздері, оның психологиялық механизмдері, мақсат қою, өзіндік тиімділік, рефлексия және өзін-өзі реттеу үдерістерімен байланысы талданады. Сонымен қатар коучингтің адамның жеке дамуында және білім беру ортасында қолданылу мүмкіндіктері ғылыми зерттеулер негізінде сипатталады. Коучингтің нәтижелілігі оның жүйелілігіне, мақсаттың нақтылығына, адамның белсенді қатысуына, кері байланыстың сапасына және жеке ерекшеліктерді ескеруге тәуелді екені негізделеді.

Түйін сөздер: *коучинг, жеке тиімділік, тұлғалық даму, мақсат қою, өзіндік тиімділік, рефлексия, өзін-өзі реттеу, жауапкершілік, тұлғалық әлеует.*

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер адамнан тек белгілі бір білім мен дағдылар жиынтығын меңгеруді ғана емес, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білуді, мақсаттарын саналы түрде анықтауды, өзгерістерге бейімделуді және қабылданған шешімдердің нәтижесіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Осыған байланысты адамның жеке тиімділігін арттыру мәселесі психология мен педагогика ғылымдарының өзекті бағыттарының біріне айналып отыр.

Жеке тиімділік ұғымын тек белгілі бір нәтижеге қол жеткізумен шектеу жеткіліксіз. Психологиялық тұрғыдан ол адамның өз ресурстарын мақсатқа сәйкес ұйымдастыра білуін, басымдықтарды анықтауын, әрекетті жоспарлауын, туындаған қиындықтарды талдауын, өз мінез-құлқын реттеуін және жинақталған тәжірибеден қорытынды шығара алуын қамтиды. Жеке тиімділік адамның ішкі мотивациясымен, өзіндік тиімділік сезімімен, рефлексиясымен, дербестігімен және мақсатқа бағытталған әрекетімен тығыз байланысты.

Жоғарыдағы мәселенің мемлекеттік деңгейдегі маңыздылығы да артып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында тиімділікке, жауапкершілікке, адамның әлеуетін дамытуға және қоғамның жасампаздық мүмкіндіктерін арттыруға ерекше мән берілген [1]. Бұл ұстанымдар адамның өз мүмкіндігін саналы түрде пайдалануына, шешім қабылдауына және нәтижеге бағытталған әрекет етуіне жағдай жасайтын психологиялық-педагогикалық құралдарды зерттеудің өзектілігін айқындайды. Осындай тәсілдердің бірі – коучинг.

Соңғы жылдары коучинг тұлғалық даму, білім беру, психология және басқару салаларында кеңінен зерттеліп келеді. Оның негізгі ерекшелігі – адамға тікелей дайын

кеңес беруден гөрі, оның мәселені өздігінен талдауына, мүмкіндіктерін анықтауына, мақсат қоюына және нақты әрекет жоспарын құруына жағдай жасау.

Ғылыми әдебиетте коучинг адамның белгілі бір мақсатқа жету үдерісін қолдауға бағытталған жүйелі өзара әрекет ретінде қарастырылады. Зерттеуші А. Грант коучингті адамның мақсатын нақтылауына, өзінің әрекеттерін саналы түрде ұйымдастыруына және мақсатқа жетуге ықпал ететін психологиялық ресурстарын белсендіруіне мүмкіндік беретін үдеріс ретінде сипаттайды [2].

Коучингтің дәстүрлі оқыту, кеңес беру, менторлық және психотерапиядан ерекшелігін ажырату маңызды. Кеңес беру барысында маман белгілі бір мәселені шешудің жолдарын ұсынуы мүмкін. Менторлықта тәжірибелі адам өзінің білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып бағыт береді. Оқыту барысында білім мен дағдыны қалыптастыру алдыңғы орынға шығады. Психотерапия психологиялық қиындықтармен, эмоциялық күйзелістермен немесе психикалық саулыққа қатысты мәселелермен жұмыс істеуге бағытталады. Ал коучингте адамның өзі негізгі белсенді субъект болып табылады. Коуч дайын жауап ұсынудың орнына сұрақ қою, кері байланыс беру, мақсаттарды нақтылау, балама әрекеттерді қарастыру және нәтижені талдау арқылы адамның дербес шешім қабылдауына жағдай жасайды. Бұл ерекшелік коучингті педагогикалық тұрғыдан да маңызды етеді.

Қазіргі білім беру парадигмасында адам сырттан берілген ақпаратты қабылдаушы ғана емес, өзінің дамуына белсенді қатысатын субъект ретінде қарастырылады. Коучинг осы субъектілік ұстанымды күшейтіп, адамның өз өмірі мен әрекетіне саналы көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Коучингтің жеке тиімділікке ықпалын бірнеше психологиялық тетіктер арқылы түсіндіруге болады. Осы тетіктерге сипаттама береміз.

Бірінші тетік – **мақсат қою**. Ғалымдар Э. Локк пен Г. Лэтэмнің мақсат қою теориясында нақты және жеткілікті дәрежеде күрделі мақсаттардың адамның іс-әрекетін ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратыны көрсетілген [3]. Мақсат адамның назарын маңызды міндетке бағыттайды, күш-жігерін жұмылдыруға ықпал етеді, табандылықты арттырады және әрекет стратегиясын таңдауға негіз болады.

Адамда «өзімді дамытқым келеді», «тиімді болғым келеді», «өмірімді өзгерткім келеді» деген жалпы ниеттер болуы мүмкін. Алайда мұндай ниеттер нақты әрекеттің бағытын әрдайым анықтай алмайды. Коучинг барысында жалпы ниет өлшенетін және әрекетпен байланысты нақты мақсатқа айналады.

Екінші тетік – **өзіндік тиімділік.** Ғалым А. Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясында өзіндік тиімділік адамның белгілі бір міндетті орындай алатынына деген сенімі ретінде түсіндіріледі [4]. Бұл сенім адамның әрекетке кірісуіне, қиындық кезінде табандылық танытуына және сәтсіздіктен кейін әрекетін жалғастыруына ықпал етеді.

Коучинг барысында адамның бұрынғы жетістіктеріне, қолда бар ресурстарына, меңгерген дағдыларына және өзі ықпал ете алатын әрекеттерге назар аударылады. Нәтижесінде мәселені «менің қолымнан келмейді» деген көзқараспен қабылдаудың орнына «осы жағдайда мен не істей аламын?» деген белсенді позиция қалыптасады.

Үшінші тетік – **рефлексия.** Тәжірибенің болуы өздігінен тұлғалық дамуға кепілдік бермейді. Адам өзінің тәжірибесін талдап, қандай әрекеттері нәтиже бергенін, қандай шешімдер тиімсіз болғанын және болашақта нені өзгерту қажеттігін анықтағанда ғана тәжірибе дамудың ресурсына айналады.

Коучингтік сұрақтар рефлексияны ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы: «Қандай нәтиже күттіңіз?», «Нақты не болды?», «Нәтижеге қандай фактор әсер етті?», «Сіз басқаша не істей алар едіңіз?», «Осы тәжірибеден қандай қорытынды шығардыңыз?». Мұндай сұрақтар адамның сыртқы жағдайды ғана емес, өзінің әрекет стратегиясын да талдауына мүмкіндік береді.

Төртінші тетік – **өзін-өзі реттеу.** Жеке тиімділіктің маңызды шарты – адамның өз әрекетін саналы басқара алуы. Коучинг барысында адам мақсат қойып қана қоймай, оны жүзеге асыру кезеңдерін жоспарлайды, өзінің әрекетін бақылайды, аралық нәтижелерді бағалайды және қажет болған жағдайда стратегиясын өзгертеді. Бұл үдеріс өзін-өзі реттеу дағдысының қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан коучинг бір реттік мотивациялық әңгіме емес, мақсат, әрекет және нәтижені байланыстыратын жүйелі үдеріс ретінде қарастырылады.

Бесінші тетік – **жауапкершілік.** Коучингтік өзара әрекетте қабылданатын шешімнің авторы – адамның өзі. Коуч оның орнына шешім қабылдамайды. Бұл ерекшелік адамның өзінің таңдауы мен әрекетінің нәтижесіне жауапкершілігін күшейтеді.

Адам өз шешімін өзі тұжырымдаған кезде оны орындауға ішкі дайындық артады. Мұнда жауапкершілік сыртқы бақылаудан емес, саналы таңдау мен жеке міндеттемеден туындайды. Осы тетіктердің жиынтығы коучингтің жеке тиімділікке ықпалын тек мотивациямен түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Оның әсері мақсат қою, өзіндік тиімділік, рефлексия, өзін-өзі реттеу және жауапкершілік тетіктерінің өзара байланысы арқылы жүзеге асады.

Коучингтің тиімділігі туралы ғылыми деректер соңғы жылдары метаталдаулар арқылы жүйеленіп келеді. Ғалымдар Т. Тибум, Б. Бирсма және А. ван Вианен жүргізген метаталдауда коучингтің адамның психологиялық әл-ауқатына, қиындықтарды еңсеруіне, мақсатқа бағытталған өзін-өзі реттеуіне және жеке нәтижелеріне оң әсер ететіні анықталған [5].

Зерттеу нәтижелері коучингтің әсіресе мақсатқа бағытталған өзін-өзі реттеу мен адамның өз әрекетін басқару қабілетіне ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, Р. Джонс, С. Вудс және И. Гийом жүргізген метаталдауда да коучингтің адамның дағдыларына, мотивациялық көрсеткіштеріне және жеке нәтижелеріне оң ықпалы анықталған [6]. Ал, Қ. Ванг, И.-Л. Лай, С. Сюй және А. Макдауэлл психологиялық тұрғыдан негізделген коучинг тәсілдерін талдай отырып, оның мақсатқа жетуге және адамның өзіндік тиімділігіне оң ықпал ететінін көрсеткен [7].

Қазақстандық ғылыми-педагогикалық әдебиетте коучинг мәселесі тұлғалық-бағдарлы оқыту, психологиялық-педагогикалық қолдау, рефлексия және адамның әлеуетін дамыту мәселелерімен сабақтастықта қарастырылады. Ғалымдар А.К. Мынбаева мен А.Б. Мырзабаев коучингтік және фасилитаторлық позицияларды салыстыра отырып, олардың білім беру үдерісінде қолданылу мүмкіндіктерін талдайды [8]. Авторлар коучингтік тәсілдің адамның әлеуетіне сенімге, рефлексияға, өзіндік бағалауға және өзіндік дамуға сүйенетінін көрсетеді. Бұл тұрғыда педагогтің міндеті дайын шешімді беру емес, адамның өз мүмкіндіктерін анықтауына қолайлы психологиялық-педагогикалық орта қалыптастыру болып табылады. Аталмыш идея жеке тиімділік ұғымымен тікелей байланысты. Адамның өз ресурстарын түсінуі, мақсатын анықтауы және әрекетіне рефлексия жасауы оның сыртқы бақылауға тәуелділігін азайтып, дербес әрекет ету мүмкіндігін арттырады.

Коучинг технологиясын болашақ арнайы педагогтерді даярлау аясында М. Жанзакова, Д. Жолдасбекова және А. Жолдасбеков зерттеді [9]. Авторлар коучингті адамның тиімділігін арттыруға, әлеуетін ашуға және нақты өмірлік әрі оқу мақсаттарына жетуге бағытталған әдіс ретінде қарастырады.

Ресейлік ғылыми әдебиетте де коучинг адамның әлеуетін дамытуға бағытталған практика ретінде қарастырылады. Ғалым М.В. Кларин коучингті адамның даму әлеуетін іске асыруға бағытталған жаңа дамытушы практика ретінде сипаттайды [10]. Оның көзқарасында коучинг адамның сырттан басқарылуынан гөрі оның өзіндік дамуы мен саналы әрекетіне негізделеді. Ал, А.А. Трушевская коучинг технологияларын жоғары білім беру ортасына енгізу мүмкіндіктерін талдай отырып, коучингті дәстүрлі оқыту, тренинг, кеңес беру және менторлықпен салыстырады [11]. Зерттеуші коучингтік

технологиялардың білім алушының белсенді позициясын арттырып, мақсатқа бағытталған өзіндік әрекетін қолдауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Коучингті білім беру саласында қолдану мәселесін А.В. Павлов пен Е.С. Койава қарастырып, оның тұлғалық-бағдарлы білім беру идеяларымен сабақтастығына назар аударады [12]. Авторлар білім беру жағдайында адамның өз мүмкіндіктерін анықтауы, мақсат қоюы және өз шешімдері үшін жауапкершілік алуы маңызды екенін атап өтеді.

Зерттеушілер М.М. Богданова мен О.М. Кузеванова жеке тиімділіктің мазмұнын талдай отырып, оны өзін-өзі жүзеге асыру, мақсатқа жету, интеллектуалдық әлеуетті пайдалану және адамның ішкі ресурстарын ұтымды басқаруымен байланыстырады [13]. Бұл тұжырым коучингтің жеке тиімділікке ықпал ету тетіктерін түсіндіру үшін маңызды.

Қазақстандық және ресейлік зерттеулерді салыстырмалы талдау олардың ортақ ғылыми бағытын көрсетеді. Екі ғылыми кеңістікте де коучинг адамның орнына шешім қабылдайтын технология ретінде емес, оның субъектілігін, рефлексиясын, дербестігін және ішкі ресурстарын белсендіретін құрал ретінде сипатталады.

Жоғарыдағы зерттеулер коучингті кез келген жағдайда бірдей нәтиже беретін әмбебап әдіс деп қабылдауға болмайтынын көрсетеді. Оның тиімділігі қойылған мақсатқа, адамның ішкі мотивациясына, коучинг үдерісінің сапасына, қолданылатын әдістерге және нәтижені бағалау тәсіліне тәуелді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ.К. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2 қыркүйек 2024 ж.
2. Grant A.M. The impact of life coaching on goal attainment, metacognition and mental health // *Social Behavior and Personality*. – 2003. – Vol. 31, №3. –253–264 p.
3. Locke E.A., Latham G.P. Building a practically useful theory of goal setting and task motivation: A 35-year odyssey //*American Psychologist*. –2002. –Vol. 57, №9. –705–717 p.
4. Bandura A. Self-Efficacy: The Exercise of Control. – New York: W.H. Freeman, 1997. – 604 p.
5. Theeboom T., Beersma B., van Vianen A.E.M. Does coaching work? A meta-analysis on the effects of coaching on individual level outcomes in an organizational context //*The Journal of Positive Psychology*. – 2014. – Vol. 9, №1. –1–18 p.
6. Jones R.J., Woods S.A., Guillaume Y.R.F. The effectiveness of workplace coaching: A meta-analysis of learning and performance outcomes from coaching //*Journal of Occupational and Organizational Psychology*. – 2016. – Vol. 89, №2. –249–277 p.
7. Wang Q., Lai Y.-L., Xu X., McDowall A. The effectiveness of workplace coaching: a meta-analysis of contemporary psychologically informed coaching approaches //*Journal of Work-Applied Management*. – 2022. – Vol. 14, №1. –77–101 p.
8. Мынбаева А.К., Мырзабаев А.Б. Коучинговая и фасилитаторская позиция педагога: преимущества открытий и новшеств в обучении //*Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки»*. – 2015. – №2 (45). –69–74 с.
9. Жанзакова М., Жолдасбекова Д., Жолдасбеков А. Коучинг технологиясы арқылы болашақ арнайы мұғалімдердің кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыру //*ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы*. – 2023. – №1 (74). –36–43 с.
10. Кларин М.В. Новая развивающая практика – коучинг. Новая профессия – коуч //*Образовательные технологии*. – 2014. – №1. –71–80 с.
11. Трушевская А.А. Развитие технологий коучинга в образовательном пространстве вуза //*Проблемы современной экономики*. – 2013. – №1 (45). –227–231 с.
12. Павлов А.В., Койава Е.С. Коучинг в образовании //*Успехи в химии и химической технологии*. – 2012. – Т. 26. – №8 (137). –131–135 с.
13. Богданова М.М., Кузеванова О.М. Личная эффективность преподавателя высшей школы //*Московский педагогический журнал*. – 2025. – №2. –111–122 с.

ҒТАМР 14.25.07
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303175

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

ЖЕТКЕРГЕНОВ НҰРПЕРЗЕНТ БАХЫТЖАНҰЛЫ
Қызылорда Болашақ университетінің магистранты
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада оқушылардың цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын дамытуға арналған ғылыми және нормативтік тәсілдер теориялық тұрғыдан талданады. Цифрландыру және жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне енгізу жағдайында оқушыларға қойылатын жаңа талаптар, соның ішінде ақпаратты сыни бағалау, интеллектуалдық жүйелермен тиімді өзара әрекеттесу, академиялық адалдықты сақтау, дербес деректерді қорғау және жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану мәселелері қарастырылады. Қазақстандағы стратегиялық және нормативтік құжаттар, UNESCO мен Еуропалық комиссияның халықаралық шеңберлері және AI literacy саласындағы заманауи зерттеулер негізінде тиісті құзыреттерді қалыптастырудың тиімді педагогикалық бағыттары айқындалады.*

Кілт сөздер: *цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект, жасанды интеллект сауаттылығы, цифрлық құзыреттілік, AI literacy, білім берудегі трансформация, XXI ғасыр дағдылары, сыни ойлау.*

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің дамуы цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарының қарқынды таралуымен сипатталады. Генеративті жасанды интеллект, интеллектуалдық білім беру платформалары, үлкен деректерді талдау, бейімделген оқыту жүйелері мен цифрлық ресурстар білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін ғана емес, оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды да өзгертуде. Осыған байланысты оқушының цифрлық технологияларды техникалық тұрғыдан пайдалана білуі жеткіліксіз. Оқушы ақпаратты іздеу, іріктеу және тексеру, цифрлық контентті сыни бағалау, жасанды интеллект ұсынған нәтижелердің сенімділігін анықтау, технологиялық құралдарды оқу міндеттеріне сәйкес қолдану және оларды жауапкершілікпен пайдалану қабілеттерін меңгеруі қажет.

Жасанды интеллектінің білім беру кеңістігіне енуі цифрлық сауаттылық ұғымының мазмұнын кеңейтіп, «жасанды интеллект сауаттылығы» ұғымының жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасуына негіз болды. Бұл ұғым жасанды интеллект құралдарын қолдану дағдыларымен ғана шектелмей, олардың жұмыс істеу қағидаларын түсінуді, алынған нәтижелерді сыни бағалауды, ықтимал қателер мен алгоритмдік бұрмалауларды анықтауды, академиялық адалдық пен дербес деректер қауіпсіздігін сақтауды, сондай-ақ адамның шешім қабылдаудағы жауапкершілігін түсінуді қамтиды. Сондықтан цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын қазіргі оқушының функционалдық сауаттылығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі Қазақстандағы білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясымен де тікелей байланысты. Мемлекеттік деңгейде жасанды интеллектіні білім беру мазмұнына енгізу, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін жетілдіру, оқушылардың сыни және алгоритмдік ойлауын дамыту, дербес оқыту мүмкіндіктерін кеңейту және технологияларды қауіпсіз әрі жауапты пайдалану міндеттері қойылып отыр. Бұл жағдай білім беру ұйымдары алдында жасанды интеллект құралдарын жай ғана енгізу емес, оларды педагогикалық мақсаттарға сай қолдану және білім алушының жаңа типтегі құзыреттерін жүйелі қалыптастыру міндетін алға шығарады.

Қазіргі білім беру жүйесі қарқынды технологиялық трансформация жағдайында дамып келеді. Жасанды интеллект, үлкен деректер, цифрлық білім беру платформалары, бейімделген оқыту жүйелері және генеративті модельдер күнделікті білім беру тәжірибесінің бір бөлігіне айналуда. Бұл үдерістер оқыту құралдарын ғана емес, білім беру нәтижелері туралы түсініктің өзін де біртіндеп өзгертуде [1].

Оқытудың негізгі нәтижесі белгілі бір көлемдегі білімді меңгеру болып саналатын дәстүрлі модель біртіндеп құзыреттілікке негізделген модельмен толықтырылуда. Қазіргі жағдайда білім алушы қажетті ақпаратты өз бетінше таба білуі, оның шынайылығын бағалауы, білімін жаңа жағдаятта қолдануы, стандартты емес міндеттерді шешуі, цифрлық өнім құрастыруы, технологиялармен тиімді өзара әрекеттесуі және негізделген шешімдер қабылдай алуы тиіс.

Жоғарыдағы өзгерістер жасанды интеллектінің кеңінен таралуына байланысты ерекше маңызға ие болып отыр. Қазіргі генеративті жүйелер мәтіндер мен кескіндер жасауға, бағдарламалық код құрастыруға, деректерді талдауға, түсіндірмелер ұсынуға, жоспарлар әзірлеуге және міндеттерді шешудің әртүрлі нұсқаларын генерациялауға қабілетті. Соның нәтижесінде оқушылардың ақпаратпен өзара әрекеттесу логикасы да өзгереді: мәселе енді ақпаратты қайдан алуда ғана емес, оның сапасын қалай бағалау, шынайылығын қалай тексеру, қатені қалай анықтау, технологияның шектеулерін қалай айқындау және алынған нәтижені саналы түрде қалай пайдалану қажеттігіне ауысады. Осы мәселелерге байланысты қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі жасанды интеллект саласындағы құзыреттілікті қамтитын жаңа деңгейдегі цифрлық сауаттылықты дамыту болып табылады.

UNESCO генеративті жасанды интеллектінің дамуы көптеген білім беру жүйелерінің оған бейімделу қарқынынан жылдамырақ жүріп жатқанын атап көрсетеді [2]. Бұл өз кезегінде жаңа педагогикалық, этикалық және нормативтік тәсілдерді әзірлеуді талап етеді. Жасанды интеллект оқушының дербес ойлауын және іс-әрекетін алмастыратын технология ретінде емес, адамның мүмкіндіктерін кеңейтетін құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Оқушылардың цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын дамытудың өзектілігі жаһандық технологиялық өзгерістермен ғана емес, Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағытымен де айқындалады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында цифрландыру мен жасанды интеллект елді одан әрі жаңғыртудың маңызды факторлары ретінде айқындалды [3]. Президент Қазақстанды толыққанды цифрлық елге айналдыру жөніндегі стратегиялық міндетті алға қойып, экономиканы цифрлық жаңғырту адами капиталды дамытуға жаңа талаптар қоятынын ерекше атап өтті. Бұл үдерісте білім беру жүйесіне айрықша рөл жүктеледі.

Қарастырылып отырған мәселе тұрғысынан Жолдауда жасанды интеллект саласындағы құзыреттерді дамыту кәсіби даярлық кезеңінен әлдеқайда ертерек, яғни мектеп қабырғасынан басталуы тиіс екені туралы айтылған тұжырымның маңызы зор. Мемлекет басшысы мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері бойынша бағдарламалар мен оқу материалдарын әзірлеу қажеттігін атап өтіп, сонымен қатар педагогтердің де тиісті құзыреттерін қалыптастырудың маңыздылығына назар аударды. Осылайша, цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллект сауаттылығы болашақ IT-мамандарға ғана тән арнайы дағдылар ретінде қарастырылудан біртіндеп алыстап келеді. Олар қазіргі оқушылардың базалық білім беру құзыреттерінің біріне айналуда.

Аталған стратегиялық бағыттың одан әрі дамуы 2026 жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жариялануынан көрініс тапты. Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығы 2026 жылғы 6 қаңтарда қабылданды [4].

Мектептегі білім беру жүйесі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы № 1274 «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының маңызы ерекше болды [5]. Құжатта 2026–2029 жылдары жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне кеңінен енгізу көзделген. Басым бағыттар қатарында цифрлық инфрақұрылымды дамыту, дербестендірілген оқыту тетіктерін енгізу, педагог кадрларды даярлау, білім алушылардың дербес деректерін қорғау, жасанды интеллектіні қолдану арқылы білім беру контентін генерациялау мен бағалауды реттеу, сондай-ақ академиялық адалдықты қамтамасыз ету белгіленген. Демек, жүріп жатқан трансформация мектептердің технологиялық инфрақұрылымын жаңғыртумен ғана шектелмейді. Ол білім мазмұнының, оқыту әдістерінің, білім беру нәтижелерінің және оқушылардың құзыреттеріне қойылатын талаптардың өзгеруін де қамтиды. Бұл үрдіс Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында да бекітілген [6]. Құжаттың өзектендірілген редакциясында жасанды интеллект элементтерін білім мазмұнына кіріктірумен қатар, оқушылардың сыни ойлауын, ақпараттық және компьютерлік сауаттылығын дамыту көзделген. Сонымен бірге жасанды интеллект оқытуды және бағалауды оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып дербестендіру құралы ретінде де қарастырылады. Осылайша, Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясаты инфрақұрылымды цифрландыру кезеңінен білім мазмұны мен білім беру нәтижелерін цифрлық трансформациялау кезеңіне біртіндеп өтуде.

Егер цифрландырудың алғашқы кезеңі негізінен мектептерді интернетпен, компьютерлермен, электрондық ресурстармен және ақпараттық жүйелермен қамтамасыз етуді көздесе, қазіргі кезең басқа мәселені алға қояды: цифрлық және интеллектуалдық тұрғыдан қанық ортада білім алатын оқушы қандай білімге, дағдыларға, ұстанымдарға және мінез-құлық үлгілеріне ие болуы тиіс? Дәл осы көшу оқушылардың цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын дамытудың тиімді тәсілдерін зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Қазіргі білім беру трансформациясы оқушы рөлінің өзгеруін де көздейді. Дәстүрлі модельде оқушы негізінен білімді қабылдаушы және оны қайта жаңғыртушы рөлін атқарды. Педагог құрылымдалған ақпараттың негізгі көзі болды, ал оқулық мазмұны салыстырмалы түрде тұрақты ақпараттық база ретінде қарастырылды.

Цифрлық ортада бұл жағдай түбегейлі өзгереді. Ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі іс жүзінде шексіз сипат алып, генеративті жасанды интеллект бірнеше секунд ішінде дайын мәтін, тапсырманың шешімі, талдамалық материал немесе шығармашылық өнім ұсына алады. Сондықтан білім берудің құндылығы барған сайын ақпаратты қайта жаңғырту қабілетінен онымен саналы әрі тиімді жұмыс істеу қабілетіне қарай ауысуда.

Заманауи оқушы:

- ақпараттық сұранысты өз бетінше тұжырымдай білуі;
- қажетті және мазмұнға сәйкес ақпаратты тауып, іріктей алуы;
- сенімді және сенімсіз дереккөздерді ажырата білуі;
- жасанды интеллект жұмысының нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалай алуы;
- әртүрлі дереккөздер мен көзқарастарды салыстыра білуі;
- логикалық, фактілік және мазмұндық қателерді анықтай алуы;
- оқу және практикалық міндеттерді шешу үшін цифрлық құралдарды пайдалана білуі;
- өзіндік цифрлық контент жасай алуы;
- ақпараттық қауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау қағидаларын сақтауы;

- академиялық адалдық пен авторлық қағидаттарын түсінуі;
- интеллектуалдық жауапкершілікті жасанды интеллектіге жүктемей, дербес шешім қабылдай алуы тиіс.

Осыған байланысты қазіргі білім берудегі цифрлық сауаттылық сыни ойлаумен, ақпараттық сауаттылықпен, дербестікпен, зерттеушілік дағдылармен, проблемаларды шешу және жауапты шешім қабылдау қабілеттерімен тікелей байланысты.

Қазіргі ғылыми әдебиетте цифрлық сауаттылық тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ақпараттық, когнитивтік, коммуникативтік, әлеуметтік және этикалық құзыреттерді қамтитын кешенді ұғым ретінде қарастырылады. Негізгі халықаралық бағдарлардың бірі – цифрлық құзыреттіліктің бес саласын қамтитын еуропалық DigComp 2.2 шеңбері [7]:

- ақпараттық сауаттылық және деректермен жұмыс;
- коммуникация және ынтымақтастық;
- цифрлық контент жасау;
- қауіпсіздік;
- мәселені шешу.

Цифрлық құзыреттіліктің белгілі бір бағдарламаны немесе құрылғыны білу ретінде емес, адамның цифрлық технологияларды әртүрлі өмірлік, білім беру және кәсіби міндеттерді шешуде қолдана алу қабілеті ретінде қарастырылуы қағидалы түрде маңызға ие. Мәселен, ақпараттық сауаттылық интернеттен ақпарат таба білумен ғана шектелмей, оның шынайылығын бағалауды да қамтиды. Цифрлық контент жасау авторлық және зияткерлік меншік мәселелерін түсінумен байланысты. Ал цифрлық қауіпсіздік дербес ақпаратты қорғауды, цифрлық бірегейлікті және психологиялық әл-ауқатты қамтиды. Осылайша, цифрлық сауаттылық білім алушыға цифрлық ортада бағдарлануға, білім алуға, өзара әрекеттесуге және шешім қабылдауға мүмкіндік беретін интегративті құзырет болып табылады. Сонымен қатар оны дамытудың маңызды шарттарының бірі – педагогтердің цифрлық құзыреттілігі. Еуропалық DigCompEdu шеңбері кәсіби өзара әрекеттесуді, цифрлық ресурстарды пайдалануды, оқытудың цифрлық әдістерін, бағалауды, білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуді және олардың цифрлық құзыреттерін дамытуды қамтиды [8]. Демек, мектептің цифрлық трансформациясы екі деңгейде қатар жүретін өзгерістерді талап етеді: педагогтің цифрлық құзыреттілігін дамыту және оқушылардың құзыреттілігінің жаңа моделін қалыптастыру.

Жасанды интеллектінің дамуы AI literacy, яғни жасанды интеллект сауаттылығы деп аталатын жеке ғылыми ұғымның қалыптасуына алып келді. Зерттеушілер D. Long және B. Magerko бұл ұғымды адамның жасанды интеллект технологияларын сыни тұрғыдан бағалауына, олармен тиімді өзара әрекеттесуіне және жасанды интеллектіні әртүрлі қызмет салаларында қолдануына мүмкіндік беретін құзыреттер жиынтығы ретінде анықтайды [9]. Сонымен қатар жасанды интеллект сауаттылығы чат-ботты пайдалана білу немесе сұранысты дұрыс құрастыру қабілетімен ғана шектелмейді.

D. Ng, J. Leung, S. Chu және M. Qiao ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде жасанды интеллект сауаттылығының төрт негізгі компонентін бөліп көрсетеді [10]:

- жасанды интеллектіні түсіну;
- пайдалану және қолдану;
- бағалау және жасау;
- этикалық мәселелерді түсіну.

- Осыған ұқсас тәсіл UNESCO-ның 2024 жылы жарияланған AI Competency Framework for Students құжатында да көрініс тапқан [11]. Онда білім алушылардың құзыреттері төрт негізгі бағытқа біріктірілген:

- адамға бағдарланған ойлау;
- жасанды интеллект этикасы;
- жасанды интеллект әдістері мен қолданбалары;

- жасанды интеллект жүйелерін жобалау.

Қазақстандық педагогика ғылымында білім беруді ақпараттандыру, цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру және педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту мәселелері бірқатар отандық зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Қазіргі кезеңде бұл ғылыми бағыттар жасанды интеллект мүмкіндіктерімен толықтырылып, білім алушылардың цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыру мәселесін жаңа тұрғыдан зерделеуді талап етеді.

Қазақстандық педагогика ғылымында білім беруді ақпараттандыру мәселесі жасанды интеллект дәуірінен әлдеқайда бұрын жүйелі зерттеле бастады. Г.К. Нұрғалиева мен Е.В. Артықбаеваның еңбектерінде электрондық оқыту білім беру жүйесін инновациялық дамытудың шарты ретінде қарастырылып, технологияны енгізу цифрлық ресурстармен ғана емес, оқыту мазмұны, педагогикалық әдістер және білім беру ортасының өзгеруімен байланыстырылды [12]. Бұл бағыт Қазақстандағы цифрлық педагогиканың ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастыруға ықпал етті және қазіргі жасанды интеллект сауаттылығын жеке техникалық дағды емес, білім беру ортасының кешенді өзгерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ғалымдар Е.Ы. Бидайбеков, Н.Т. Ошанова және Б.Б. Калданов цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын пайдалану білім беруде парадигмалық өзгеріске алып келетінін атап көрсетеді [13]. Зерттеушілердің пайымдауынша, жасанды интеллектіні нәтижелі енгізу инфрақұрылыммен шектелмей, педагогтердің цифрлық даярлығын, оқу үдерісін қайта жобалауды және технологияны дидактикалық мақсатпен ұштастыруды талап етеді. Бұл тұжырым мектеп жағдайында да өзекті: оқушының жасанды интеллект сауаттылығы педагогтің технологияны саналы таңдап, оқу міндетіне сәйкес қолдана алу қабілетімен тікелей байланысты.

Авторлық бірлестікте Г.К. Тлеужанова, Г.Б. Саржанова, Д.Н. Асанова және Г.Ж. Смағұлова білім берудің трансформациясы жағдайында педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын талдайды [14]. Авторлар цифрлық құзыреттілікті техникалық құралдарды игерумен шектемей, оны кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған кешенді қабілет ретінде қарастырады. Осы көзқарас оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуда мұғалімнің үлгі көрсетуші, бағыттаушы және ақпараттың сапасын бағалауға үйретуші рөлін күшейтеді. Демек, оқушы құзыреттерін дамыту мен педагогтің цифрлық құзыреттілігін жетілдіру өзара байланысты екі үдеріс ретінде ұйымдастырылуы тиіс.

Цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығы мәселесінің ғылыми мазмұнын жүйелеу мақсатында отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне контент-талдау жүргізілді. Талдау барысында авторлардың тұжырымдары сөзбе-сөз қайталанбай, олардың зерттеулеріндегі басым ғылыми идеялар, мазмұндық бағыттар және өзара сабақтастық айқындалды. Нәтижесінде білім беру ортасын цифрландыру, педагогтің цифрлық құзыреттілігі, білім алушының цифрлық сауаттылығы, жасанды интеллект сауаттылығы және технологияны жауапты пайдалану мәселелері негізгі талдау категориялары ретінде белгіленді. Зерттеушілердің ғылыми ұстанымдарын жинақтау нәтижелері 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1 - Авторлар еңбектеріндегі цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығы мәселелеріне контент-талдау

Авторлар / дереккөз	Контент-талдау категориясы	Ғылыми идеяның өзегі	Тұжырымдық акцент
Г.К. Нұрғалиева, Е.В. Артықбаева	**Білім беру ортасын цифрландыру**	Цифрлық өзгеріс – жеке құралды енгізу емес, білім беру жүйесінің	**Ортаны трансформациялау**

		құрылымдық жаңаруы	
Е.Ы. Бидайбеков, Н.Т. Ошанова, Б.Б. Калданов	**Парадигмалық өзгеріс**	ЖИ білім беру үдерісін қайта жобалауды және педагогтің жаңа даярлығын қажет етеді	**Үдерісті қайта құру**
Г.К. Тлеужанова, Г.Б. Саржанова және т.б.	**Педагогтің цифрлық құзыреттілігі**	Мұғалімнің цифрлық дайындығы білім алушы құзыреттерін дамытудың негізгі шарты	**Педагог – медиатор**
R. Vuorikari, S. Kluzer, Y. Punie	**Цифрлық құзыреттілік**	Цифрлық сауаттылық техникалық дағдыдан ақпараттық, әлеуметтік және қауіпсіздік құзыреттеріне дейін кеңейеді	**Кешенді құзырет**
C. Redecker	**Педагогтің цифрлық қызметі**	Цифрлық технология педагогикалық мақсат, бағалау және білім алушы белсенділігімен байланыстырылуы тиіс	**Педагогикалық интеграция**
D. Long, B. Magerko	**AI literacy**	ЖИ-мен саналы әрекет ету үшін оны қолданумен қатар түсіну және сыни бағалау қажет	**Саналы пайдаланушы**
D.T.K. Ng, J.K.L. Leung, S.K.W. Chu, M.S. Qiao	**ЖИ сауаттылығының құрылымы**	ЖИ сауаттылығы танымдық, қолданбалы, шығармашылық және этикалық өлшемдердің бірлігінен тұрады	**Көпкомпонентті модель**
UNESCO	**Жауапты ЖИ құзыреттілігі**	ЖИ қолдану адамға бағдарлану, этика, технологияны түсіну және жобалаумен ұштасуы тиіс	**Жауапты әрекет**

Кестеде ұсынылған зерттеулерге жүргізілген контент-талдау бірнеше өзара байланысты ғылыми бағытты айқындауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт білім беру ортасының цифрлық трансформациясына, екінші бағыт педагогтің цифрлық құзыреттілігіне, үшінші бағыт білім алушының цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығына негізделеді. Зерттеулердің мазмұндық сабақтастығы технологияны енгізуден оны педагогикалық тұрғыдан саналы пайдалануға, одан әрі ақпаратты сыни бағалау мен жауапты әрекет етуге қарай дамитынын көрсетеді. Осы негізде цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын жеке техникалық дағдылардың жиынтығы емес, білім беру ортасы, педагог қызметі және оқушының танымдық әрекеті тоғысатын интегративті құзырет ретінде қарастыруға болады.

Жүргізілген теориялық талдау қазіргі білім беру жағдайында цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллект сауаттылығының мазмұны айтарлықтай кеңейгенін көрсетеді. Егер цифрлық сауаттылықтың бастапқы түсінігі көбіне техникалық құралдар мен ақпараттық ресурстарды пайдалану дағдыларымен байланысты болса, бүгінгі таңда ол

ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау және тексеру, цифрлық контент жасау, қауіпсіздікті сақтау, сыни ойлау және жауапты шешім қабылдау сияқты өзара байланысты құзыреттер кешенін қамтиды. Жасанды интеллектінің білім беру үдерісіне енуі бұл талаптарды одан әрі күрделендіріп, оқушыдан интеллектуалдық жүйелердің мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуді талап етеді.

Халықаралық ғылыми зерттеулер мен құзыреттілік модельдерін салыстыру жасанды интеллект сауаттылығы тек технологияны пайдалану қабілетіне негізделмейтінін көрсетті. Оның маңызды компоненттеріне жасанды интеллектінің негізгі қағидаларын түсіну, технологияны оқу және практикалық міндеттерді шешуде қолдану, алынған нәтижені сыни бағалау, қателер мен бұрмалауларды анықтау, цифрлық өнім жасау және технологияны этикалық тұрғыдан жауапты пайдалану жатады. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру үдерісінде оқушының дайын жауапты қабылдауынан гөрі оның ақпаратты талдауы, дәлелдерді салыстыруы, нәтиженің дұрыстығын тексеруі және өз шешімін негіздей алуы маңызды бола түседі.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерін талдау білім беруді цифрландыру мәселесінің отандық педагогика ғылымында жүйелі түрде зерттеліп келе жатқанын көрсетеді. Білім беруді ақпараттандыру, электрондық оқыту, цифрлық білім беру ортасы және педагогтердің цифрлық құзыреттілігі мәселелері бойынша қалыптасқан ғылыми-әдістемелік негіздер қазіргі кезеңде жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне кіріктірумен жаңа мазмұнға ие болып отыр. Бұл өз кезегінде оқушының цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын дамыту мен педагогтің цифрлық құзыреттілігін жетілдіруді өзара байланысты үдерістер ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді.

Қазақстан Республикасындағы стратегиялық және нормативтік құжаттарды талдау да цифрлық трансформацияның білім беру саясатының маңызды бағытына айналғанын дәлелдейді. Жасанды интеллектіні мектептегі білім мазмұнына енгізу, педагогтерді даярлау, дербестендірілген оқытуды дамыту, академиялық адалдық пен дербес деректерді қорғау мәселелерінің мемлекеттік деңгейде айқындалуы білім беру ұйымдары үшін оқушылардың жаңа құзыреттерін жүйелі қалыптастыру қажеттігін күшейтеді.

Қорытындылай келе, теориялық талдау нәтижесінде оқушылардың цифрлық және жасанды интеллект сауаттылығын дамытуда практикалық-бағдарланған, мәселелік және жобалық оқыту, пәнаралық интеграция, зерттеушілік әрекет, сыни ойлауды дамыту және ақпаратты верификациялау дағдыларын қалыптастыру тиімді бағыттар ретінде айқындалды. Мұндай тәсілдер оқушыны технологияның пассивті пайдаланушысынан саналы, сыни ойлайтын және жауапты әрекет ететін білім субъектісіне айналдыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. OECD. OECD Digital Education Outlook 2023: Towards an Effective Digital Education Ecosystem. – Paris: OECD Publishing, 2023. DOI: 10.1787/c74f03de-en.
2. UNESCO. Guidance for Generative AI in Education and Research.–Paris: UNESCO, 2023.
3. Тоқаев Қ.-Ж.К. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». 8 қыркүйек 2025 жыл.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Цифрландыру және жасанды интеллект жылын жариялау туралы» 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 1151 Жарлығы.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы» 2026 жылғы 12 мамырдағы № 1274 Жарлығы.
6. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
7. Vuorikari R., Kluzer S., Punie Y. DigComp 2.2: The Digital Competence Framework for Citizens. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2022.
8. Redecker C. European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu /Y. Punie (ed.). – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017.
9. Long D., Magerko B. What is AI Literacy? Competencies and Design Considerations //Proceedings of the 2020 CHI Conference on Human Factors in Computing Systems. – 2020. –1–16 p.
10. Ng D.T.K., Leung J.K.L., Chu S.K.W., Qiao M.S. Conceptualizing AI Literacy: An Exploratory Review // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2021. – Vol. 2.
11. UNESCO. AI Competency Framework for Students. – Paris: UNESCO, 2024.
12. Нургалиева Г.К., Артыкбаева Е.В. Электронное обучение как условие инновационного развития системы образования // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2012. – № 1(35). – 9–12 с.
13. Бидайбеков Е.Ы., Ошанова Н.Т., Калданов Б.Б. Цифровизация и использование технологий искусственного интеллекта: парадигмальный сдвиг в высшем образовании //Вестник РУДН. Серия: Информатизация образования. – 2026. – Т. 23, № 3. –277–288 с.
14. Тлеужанова Г.К., Саржанова Г.Б., Асанова Д.Н., Смагулова Г.Ж. Педагогические условия формирования цифровых компетенций педагога в условиях трансформации образования //Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». – 2023. – № 1(109).

ҒТАМР 14.25.07
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303177

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТІСІ: ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

КАРИБАЕВА УЛБАЛА БАЗАРБАЕВНА
Қызылорда Болашақ университетінің магистранты
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада жеткіншектердің әлеуметтік интеллектісі өмірлік жағдаяттарды түсіну, өзге адамның ниеті мен эмоциялық күйін интерпретациялау, өзара әрекет салдарын болжау және жағдайға сай мінез-құлық стратегиясын таңдау қабілеттерін біріктіретін психологиялық-педагогикалық феномен ретінде қарастырылады. Шетелдік, кеңестік, ресейлік және қазақстандық зерттеулерді салыстыру негізінде әлеуметтік интеллекттің теориялық мазмұны мен жеткіншектік кезеңдегі ерекшеліктері жүйеленеді. Қазіргі білім берудің цифрлануы, жасанды интеллект құралдарының таралуы және құндылықтық-бағдарлы білім беру жағдайында әлеуметтік интеллекттің білім алушының субъектілігі, коммуникациясы және әлеуметтік жауапкершілігі үшін маңызы негізделеді.*

Түйін сөздер: *әлеуметтік интеллект, жеткіншектер, әлеуметтік таным, тұлғааралық өзара әрекет, әлеуметтік перцепция, рефлексия, эмоциялық интеллект, білім беруді трансформациялау.*

Қазіргі білім беру жүйесі оқушының пәндік білім қорымен ғана шектелмейтін нәтижелерге бағдарланып келеді. Цифрлық коммуникацияның кеңеюі, ақпараттық ортаның күрделенуі, жасанды интеллектінің күнделікті өмірге енуі және қарым-қатынас формаларының өзгеруі адамның әлеуметтік жағдаятты түсіну, өзгенің ұстанымын ескеру, ықтимал салдарды болжау және жауапты әрекет ету қабілеттерінің маңызын арттырды. Бұл тұрғыда әлеуметтік интеллект жеткіншектің тұлғааралық қатынастарда бағдарлануына мүмкіндік беретін маңызды психологиялық ресурс ретінде көрінеді.

Жеткіншектік шақта әлеуметтік интеллект мәселесі ерекше өзектілікке ие. Осы кезеңде құрдастармен қатынас дербес құндылыққа айналып, топқа тиістілік пен әлеуметтік мойындауға қажеттілік күшейеді; жеткіншек өз бейнесін өзгелердің бағалауымен салыстырады, күрделі әлеуметтік сигналдарды түсіндіруге және дербес шешім қабылдауға жиі мәжбүр болады. Ғылыми әдебиетте әлеуметтік интеллект бір ғана мағынада түсіндірілмейді: ол арнайы интеллекттік қабілет, әлеуметтік білім жүйесі немесе перцептивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық ресурстардың бірлігі ретінде қарастырылады. Мұндай көпқырлылық феноменнің әлеуметтік психология, даму психологиясы және педагогикалық психология тоғысында орналасқанын көрсетеді.

«Әлеуметтік интеллект» ұғымын ғылыми айналымда жүйелі қарастыру Э. Торндайк еңбектерінен бастау алады. Ол интеллекттің абстрактілі, механикалық және әлеуметтік түрлерін ажыратып, әлеуметтік интеллектті адамдарды түсіну және адами қатынастарда орынды әрекет ету қабілетімен байланыстырды [1]. Кейін Дж. Гилфорд интеллект құрылымын ақпаратты өңдеу операциялары, мазмұны және нәтижелері арқылы сипаттап, мінез-құлық туралы ақпаратты тану мен түрлендіруге қатысты қабілеттерді бөліп көрсетті [2]. Бұл бағыт әлеуметтік интеллектті жалпылама сипаттамадан өлшенетін психологиялық құрылымға көшіруге мүмкіндік берді.

Ғалымдар Н. Кантор мен Дж. Килстром әлеуметтік интеллектті адамның өмірлік және тұлғааралық міндеттерді шешу үшін қолданатын әлеуметтік білімі мен когнитивтік стратегияларының жүйесі ретінде қарастырды [3]. Мұнда адамның әлеуметтік мінез-құлқы жалпы интеллект деңгейіне ғана емес, оның меңгерген сценарийлеріне, өзгенің

ниетін түсіндіруіне және жағдайға сәйкес әрекет тәсілін таңдауына тәуелді. Ал, зерттеушілер Д. Сильвера, М. Мартинуссен және Т. Даль ұсынған Tromsø Social Intelligence Scale әлеуметтік ақпаратты өңдеу, әлеуметтік дағдылар мен хабардарлықты бір құрылымға біріктірді [4]. Осы еңбектер әлеуметтік интеллектінің тек «адамды түсіну» емес, түсінген ақпаратты нақты әрекетте қолдану қабілетін де қамтитынын көрсетті.

Қазіргі әлеуметтік-когнитивтік зерттеулер жеткіншектік шақтағы әлеуметтік танымды ментализация, эмоциялық сигналдарды тану, өзгенің перспективасын қабылдау және өзін-өзі реттеу үдерістерімен байланыстырады.

Ғалымдар Э. Килфорд, Э. Гарретт және С.Дж. Блейкмор әлеуметтік танымның жеткіншектік кезеңде мотивациялық-аффективтік және реттеушілік жүйелермен қатар дамитынын көрсетеді [5].

Кеңестік психологияда әлеуметтік интеллект дербес теория ретінде қалыптаспағанымен, оның әдіснамалық негіздері мәдени-тарихи және іс-әрекеттік бағыттарда жасалды. Белгілі кеңес ғалымы Л.С. Выготский жоғары психикалық функциялардың әлеуметтік шығу тегін негіздеп, баланың психикалық дамуын адамдар арасындағы әрекеттің ішкі жоспарға көшуімен байланыстырды [6]. Ғалым С.Л. Рубинштейн тұлға дамуын сыртқы жағдайлар мен ішкі алғышарттардың бірлігінде қарастырса [7], А.Н. Леонтьев сана мен тұлғаны іс-әрекет және қоғамдық қатынастар құрылымы арқылы түсіндірді [8]. Бұл идеялар әлеуметтік интеллектті қарым-қатынас пен әлеуметтік тәжірибе барысында дамитын функционалдық құрылым ретінде түсіндіруге негіз береді.

Ресейлік психологияда В.Н. Куницына әлеуметтік интеллектті әлеуметтік құзыреттілікпен байланыста қарастырып, оның адамдарды түсіну, тұлғааралық оқиғаларды болжау және әлеуметтік қатынастарға бейімделудегі қызметін ашты [9]. Ғалым Д.В. Ушаков әлеуметтік интеллекттің жалпы интеллектуалдық тетіктермен ортақ тұстары болғанымен, оның мазмұны әлеуметтік тәжірибеге ерекше тәуелді екенін көрсетті [10].

Теориялық еңбектерді салыстыру авторлар арасындағы айырмашылықты ғана емес, әлеуметтік интеллект мазмұнының біртіндеп кеңейгенін де аңғартады. Төмендегі кестеде әлеуметтік интеллект мәселесін қарастыратын негізгі ғылыми бағыттар олардың жеткіншектер психологиясын түсіндірудегі мазмұндық қырлары бойынша жүйеленді.

Кесте 1 – Жеткіншектердің әлеуметтік интеллектісін зерттеудегі негізгі ғылыми бағыттар

Авторлар /бағыт	Ғылыми өзек	Жеткіншекке қатысты мазмұндық қырлары
Э. Торндайк, Дж. Гилфорд	Әлеуметтік ақпаратты тану, түсіну және мінез-құлықты болжау	Әлеуметтік жағдаятты дәл бағалау
Н. Кантор, Дж. Килстром; Д. Сильвера және т.б.	Әлеуметтік білім, сценарий, ақпаратты өңдеу және әрекет дағдылары	Түсіну мен әрекетті ұштастыру
Э. Килфорд, Дж. Пфайфер, С.-Дж. Блейкмор	Ментализация, эмоциялық сигналдар, құрдастар ықпалы және өзін-өзі реттеу	Жас ерекшелік сезімталдығын ескеру
Әлеуметтік-мәдени және интегративтік дәстүр	Қарым-қатынас, іс-әрекет, тәжірибе, болжау және бейімделу	Әлеуметтік тәжірибе мен контекстің рөлі

Жеткіншектік шақ – әлеуметтік қатынастар жүйесі сапалық өзгеріске түсетін кезең. Құрдастар ортасындағы қабылдау мен қабылдамау, топтағы мәртебе, өзін өзгелермен салыстыру және әлеуметтік бағалау мінез-құлыққа тікелей ықпал етеді. Осы жаста бірнеше көзқарасты қатар ұстау, жасырын мотивтерді түсіну, өзінің басқа адамдарға қалай көрінетінін рефлексиялау мүмкіндігі артады. Алайда эмоциялық маңызы жоғары жағдаяттарда жеткіншек әлеуметтік жағдайды дұрыс түсінгеннің өзінде импульсивті шешім қабылдауы мүмкін. Сондықтан әлеуметтік интеллектті тек когнитивтік «адамды түсіну» қабілетіне теңестіру жеткіліксіз; ол әлеуметтік таным, эмоция, рефлексия және өзін-өзі реттеудің үйлесуінен көрінеді.

Қазіргі жеткіншектің әлеуметтік тәжірибесінің елеулі бөлігі цифрлық ортаға ауысқан. Мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде вербалды емес белгілер толық берілмейді, ал жария реакциялар, алгоритмдік лента және топтық нормалардың жылдам өзгеруі әлеуметтік мағынаны түсіндіруді күрделендіреді. Сондықтан бүгінгі әлеуметтік интеллект тікелей қарым-қатынаспен бірге цифрлық контексті түсінуді, факт пен интерпретацияны ажыратуды, манипулятивті ықпалдың белгілерін байқауды және өзінің онлайн әрекетінің салдарын бағалауды да қамтиды.

Қазақстандық зерттеулерде жеткіншектердің әлеуметтік интеллектісіне қызығушылық соңғы жылдары айқын көріне бастады. К.А. Нұрғалиев пен Н.А. Качиев әлеуметтік интеллекттің қалыптасуында ойын технологиялары, рөлдік тәжірибе, пікірталас және мектептегі өзін-өзі басқару мүмкіндіктерін қарастырады [11]. Бұл еңбек әлеуметтік интеллекттің коммуникативтік және рефлексивтік табиғатын мектеп тәжірибесімен байланыстырады.

Ғалымдар Н. Кожахметов, М. Сапиева және А. Тастанова 8–9-сынып оқушылары қатысқан зерттеуде әлеуметтік интеллектті эмпатия, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік бейімделу, коммуникативтік дағды және тұлғааралық өзара әрекетпен сабақтастыра талдаған [12]. Авторлар мектептік және әлеуметтік мазасыздықтың әлеуметтік бағалаудан қорқу, педагог қолдауының жеткіліксіздігі және құрдастармен қатынастағы қиындықтармен байланысын көрсетеді. Бұл деректер әлеуметтік интеллектті оқшауланған когнитивтік сипаттама ретінде емес, білім беру ортасында көрінетін және қарым-қатынас сапасымен байланысты құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Сонымен бірге отандық зерттеу алаңында жас ерекшелікке бейімделген диагностика, қазақ және орыс тілдеріндегі салыстырмалы деректер, қала мен ауыл жеткіншектерінің әлеуметтік тәжірибесі және цифрлық коммуникацияның ерекшеліктері әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақстандағы білім беру саясатының қазіргі бағыты да әлеуметтік интеллект мәселесіне жаңа мазмұн береді. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім алушыға бағдарлану, құзыреттілік тәсіл, жаһандық құзыреттер, эмоциялық интеллект және сыни ойлау маңызды нәтижелер ретінде белгіленген [13]. 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында цифрлық трансформация мен жасанды интеллектіні білімге енгізу міндеттері күшейтілді [14].

2026–2029 жылдарға арналған кешенді шараларда жасанды интеллектіні орта білімге кеңінен енгізу көзделген [15]. Сонымен қатар «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасында жауапкершілік, ынтымақтастық, әділдік және қоғамға пайдалы әрекет құндылықтары алға шығарылады [16]. Бұл өзгерістер техникалық сауаттылықпен қатар өзгенің позициясын түсіну, бірлесіп әрекет ету, этикалық пайым жасау және әлеуметтік ақпаратты сын тұрғысынан түсіндіру қабілеттерін бұрынғыдан да маңызды етеді.

Теориялық материалдарды жинақтай отырып, жеткіншектің әлеуметтік интеллектісінде төрт өзара байланысты компонентті бөліп көрсетуге болады.

1) Когнитивтік компонент – әлеуметтік белгілерді ажырату, рөлдер мен нормаларды түсіну және жағдаяттың ықтимал дамуын болжаумен байланысты.

2) Эмоциялық-перцептивтік компонент – өзгенің эмоциялық күйін, вербалды және вербалды емес сигналдарды тануды қамтиды.

3) Рефлексивтік-реттеушілік компонент – факт пен жеке интерпретацияны ажырату, өзінің эмоциясы мен ұстанымының бағалауға ықпалын түсіну және реакцияны түзету қабілетін білдіреді.

4) Мінез-құлықтық компонент – алынған түсінікті нақты қарым-қатынас стратегиясына айналдыруды – келісу, шекара белгілеу, өз позициясын білдіру және салдарға жауапкершілік алуды қамтиды. Мұндай құрылым қолданыстағы модельдерді алмастырмайды, керісінше олардың негізгі идеяларын қазіргі жеткіншектің әлеуметтік тәжірибесіне бейімдеп біріктіреді.

Теориялық талдау әлеуметтік интеллекттің көпөлшемді психологиялық феномен екенін көрсетеді. Мәдени-тарихи және іс-әрекеттік дәстүр әлеуметтік танымның қарым-қатынаста қалыптасатынын негіздесе, кейінгі зерттеулер әлеуметтік интеллекттің болжау, бейімделу, рефлексия және өзін-өзі реттеумен байланысын нақтылады.

Жеткіншектік кезеңде бұл қабілеттердің маңызы құрдастар бағалауына сезімталдықтың, әлеуметтік рөлдердің күрделенуінің және рефлексияның дамуымен артады. Қазақстандық зерттеулер әлеуметтік интеллекттің мектептегі әлеуметтік-эмоциялық бейімделу, коммуникация және қарым-қатынас ортасымен сабақтастығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, білім берудің цифрлануы мен жасанды интеллектінің таралуы техникалық дағдыларды күшейткенімен, адамның ниетін түсіну, әлеуметтік ақпаратты сын тұрғысынан бағалау және өз әрекетінің салдарын болжау қажеттілігін төмендетпейді. Осы негізде әлеуметтік интеллектті когнитивтік, эмоциялық-перцептивтік, рефлексивтік-реттеушілік және мінез-құлықтық компоненттердің бірлігі ретінде қарастыру жеткіншектерге арналған кейінгі эмпирикалық зерттеулерге теориялық тірек бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Thorndike E.L. Intelligence and Its Uses // Harper's Magazine. 1920. Vol. 140. - 227–235 p.
2. Guilford J.P. The Nature of Human Intelligence. New York: McGraw-Hill, 1967. 538 p.
3. Cantor N., Kihlstrom J.F. Personality and Social Intelligence. Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1987.
4. Silvera D.H., Martinussen M., Dahl T.I. The Tromsø Social Intelligence Scale, a self-report measure of social intelligence // Scandinavian Journal of Psychology. 2001. Vol. 42(4). - 313–319 p. DOI: 10.1111/1467-9450.00242.
5. Kilford E.J., Garrett E., Blakemore S.-J. The development of social cognition in adolescence: An integrated perspective // Neuroscience & Biobehavioral Reviews. 2016. Vol. 70. 106–120 p. DOI: 10.1016/j.neubiorev.2016.08.016.
6. Выготский Л.С. Мышление и речь. М.; Л.: Соцэкгиз, 1934.
7. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. М.: Учпедгиз, 1940.
8. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Политиздат, 1975.
9. Куницына В.Н. Социальная компетентность и социальный интеллект: структура, функции, взаимоотношения // Теоретические и прикладные вопросы психологии. СПб., 1995. Вып. 1. Ч. 1. 48–61 с.
10. Ушаков Д.В. Социальный интеллект как вид интеллекта // Социальный интеллект: теория, измерение, исследования / под ред. Д.В. Люсина, Д.В. Ушакова. М.: Институт психологии РАН, 2004. - 11–28 с.
11. Nurgaliev K.A., Kachiev N.A. The role of gaming techniques in the formation and development social intelligence of adolescents // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series. 2024. Vol. 148(3). - 273–285 p. DOI: 10.32523/2616-6895-2024-148-3-273-285 .
12. Kozhakhmetov N., Sapiyeva M., Tastanova A. Development of Social Intelligence of Students on the Basis of Integration of Subject Knowledge // Pedagogy and Psychology. 2025. № 3(64). 5–13 p. DOI: 10.51889/2960-1649.2025.64.3.001.
13. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы (өзекті редакцияда).
14. Тоқаев Қ-Ж. К. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 8 қыркүйек 2025 жыл.
15. Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне кеңінен енгізуге бағытталған 2026–2029 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспары: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 733 қаулысы.
16. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығы (2025 жылғы 26 мамырдағы №123 және 2025 жылғы 11 желтоқсандағы №281 бұйрықтармен енгізілген өзгерістермен).

ҒТАМР 15.31.31
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303185

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

ТӘЖЕН ЖАНАР ҚҰРМАШҚЫЗЫ
Қызылорда Болашақ университетінің магистранты
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. *Мақалада оқушының психологиялық әлеуеті танымдық, мотивациялық, эмоциялық-реттеушілік, тұлғалық, әлеуметтік және шығармашылық ресурстардың динамикалық жүйесі ретінде қарастырылады. Мәдени-тарихи, гуманистік, ресурстық, құзыреттілік және позитивті-психологиялық тәсілдер талданады. Қазақстандағы білім беру трансформациясы, оқытуды дербестендіру және мектеп психологиялық қызметінің жаңа рөліне ерекше назар аударылады. Диагностика, даму аймағын анықтау, жеке қолдау және динамиканы мониторингтеу негізінде кешенді модель ұсынылады.*

Түйін сөздер: *психологиялық әлеует, оқушылар, диагностика, тұлғалық ресурстар, өзіндік тиімділік, мотивация, психологиялық әл-ауқат.*

Қазіргі мектеп алдында баланың қандай білімді меңгергенін ғана емес, оның әрі қарай дамуына қандай ресурстары бар екенін анықтау міндеті де тұр. Бірдей оқу нәтижесінің артында танымдық стратегиялар, мотивация деңгейі, өзін-өзі реттеу қабілеті, қиындыққа төзімділік және көмекті қабылдау ерекшеліктері әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан оқушыны тек академиялық көрсеткіш арқылы бағалау жеке бағдарланған қолдау құру үшін жеткіліксіз.

Психологиялық әлеует ұғымы қиындықтарды ғана тіркейтін тапшылық моделінен даму моделіне көшуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілде баланың қалыптасқан ресурстары, өсу мүмкіндіктері және қабілеттері неғұрлым толық көрінетін жағдайлар талдаудың негізгі нысанына айналады.

Психологияда «психологиялық әлеуетті» бір ғана көрсеткішпен өлшейтін әмбебап тест жоқ. Ғылыми зерттеуде бұл ұғымды нақты құрамдастар арқылы ашу қажет: танымдық ресурстар, мотивация, өзіндік тиімділік, өзін-өзі реттеу, эмоциялық тұрақтылық, әлеуметтік дағдылар және шығармашылық мүмкіндіктер. Мұндай ұстаным балаларды негізсіз санаттаудан сақтап, диагностиканы кейінгі дамуды жоспарлаудың құралына айналдырады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім берудің жаңа моделі білім алушыға және оның қажеттіліктеріне бағдарланумен, тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдермен, сондай-ақ жеке әлеуетті ашуға жағдай жасаумен байланыстырылған [1]. Құжатта психологиялық қызметтер мен олардың әдістемелік құралдарын жетілдіру де көзделген, бұл ғылыми негізделген диагностиканың маңызын арттырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауы цифрлық трансформация мен адами капиталды дамытудың жаңа бағытын айқындады [2]. 2026 жылы цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту мемлекеттік саясатта жалғасын тапты [3;4]. Орта білім беру жүйесінде дербестендірілген оқыту тетіктері, цифрлық инфрақұрылым және білім алушының ілгерілеуін сүйемелдеудің жаңа тәсілдері қарастырылуда.

Алайда дербестендіруді тапсырмалардың күрделілігін автоматты түрде өзгертумен ғана шектеуге болмайды. Нақты даралandыру оқушының күшті жақтарын, жұмыс қарқынын, мотивациясын, қиындыққа эмоциялық реакциясын, көмек сұрау тәсілдерін

және қызығушылықтарын түсінуді талап етеді. Сондықтан цифрлық трансформация психологиялық диагностиканың мәнін төмендетпейді; керісінше, технология кәсіби психологиялық қорытындыны алмастырмай, қосымша дерек көзі болған жағдайда оның рөлін күшейтеді.

Кеңестік ғалым Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы әлеуетті дамушы құбылыс ретінде түсіндірудің негізгі тіректерінің бірі. Дамудың жақын аймағы туралы тұжырым баланың тапсырманы өз бетінше орындау деңгейі оның мүмкіндіктерін толық сипаттамайтынын көрсетеді. Оның көмекті қаншалықты қабылдай алатыны, әрекет тәсілін қаншалықты жылдам меңгеретіні және оны келесі тапсырмаға ауыстыра алуы маңызды [5]. Осы тұрғыдан динамикалық бағалау кей жағдайда нәтижені бір сәттік тіркеуге қарағанда әлеует туралы мазмұндырақ ақпарат береді.

Шетелдік ғалымдар А. Маслоу мен К. Роджерстің гуманистік психологиясы тұлғаның даму, автономия және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылуына назар аударады [6; 7]. Білім беру жағдайында бұл бала тек талаптарды орындап қана қоймай, бастама көтеруге, таңдау жасауға және өз әрекетінің тұлғалық мәнін сезінуге мүмкіндік алатын ортаның қажеттігін білдіреді. Ал, ғалым А. Бандураның өзіндік тиімділік тұжырымдамасы бұл ойды толықтырады. Адамның тапсырманы орындай алатынына сенімі қиындық деңгейін таңдауға, табандылыққа, қателікке реакциясына және әрекетті жалғастыруға әсер етеді [8]. Сондықтан қабілеттері ұқсас екі оқушының нәтижесі әртүрлі болуы мүмкін: бірі қиындықты шешілетін міндет деп қабылдаса, екіншісі алдын ала өзінің дәрменсіздігіне сенуі ықтимал.

Ғалымдар Э. Деси мен Р. Райанның өзін-өзі айқындау теориясы автономия, құзыреттілік және басқа адамдармен байланыстылық сияқты базалық қажеттіліктердің маңызын көрсетеді [9]. Олардың қанағаттандырылуы ішкі мотивацияны және оқуға тұрақты қатысуды қолдайды. Бұл өз кезегінде ресурстық және позитивті-психологиялық тәсілдер күшті жақтарға, үмітке, психологиялық тұрақтылыққа, әл-ауқатқа және қиын жағдайда ресурстарды пайдалана білуге басымдық береді.

Қолданбалы тұрғыдан психологиялық әлеуетті өзара байланысты бірнеше блоктан тұратын жүйе ретінде қарастыру орынды. Танымдық блокқа зейін, ес, талдау операциялары, когнитивтік икемділік, білімді жаңа жағдайға көшіру, үйренгіштік және шығармашылық ойлау кіреді. Мұнда тек ағымдағы нәтиже емес, баланың стратегия құруы мен көмекке реакциясы да маңызды.

Мотивациялық блок оқу қызығушылығын, мақсат қоюды, жетістікке ұмтылысты, күш-жігердің тұрақтылығын және әрекеттің мәнін түсіне білуді қамтиды. Эмоциялық-реттеушілік блок өз күйін тану, эмоцияны басқару, фрустрацияға төзімділік, импульсивті реакцияны бақылау және сәтсіздіктен кейін қалпына келу қабілеттерімен сипатталады.

Тұлғалық блок өзіндік бағалау, өзіндік тиімділік, жауапкершілік, автономия және құндылық бағдарларымен байланысты. Әлеуметтік блок ынтымақтастық, өзгені түсіну, көмек сұрай білу және келіспеушілікті конструктивті шешу қабілеттерін қамтиды. Шығармашылық блок идея тудыру, балама шешім табу және бар білімді жаңа жағдайда түрлендіру арқылы көрінеді.

Жоғарыдағы құрылым әр құрамдасты жеке диагнозға айналдыруды білдірмейді. Оның мақсаты – оқушы ресурстарының профилін көріп, соған сәйкес нақты қолдау жолдарын белгілеу.

Қазақстандық ғылыми әдебиетте де оқушының тұлғалық ресурстарын кешенді қарастыру қажеттігі көрсетіледі. М. Книсарина, А. Сыздықбаева және Г. Саржанованың аналитикалық шолуында білім беру жүйесінің өзгеруі жағдайында оқушылардың тұлғалық дамуы мен психологиялық әл-ауқатын қолдау тәсілдері талданған [10]. Авторлар әлеуметтік-эмоциялық оқытуға, позитивті дамуға және қолдаушы білім беру ортасына ерекше мән береді.

Отандық әдебиетте психологиялық әлеует категориясы тікелей де қолданылады. А.Ш. Баракова мен Ш.Е. Жүсіпбекова қашықтан оқыту жағдайында білім алушылардың психологиялық әлеуетін арттыру жолдарын қарастырған [11]. Зерттеу студенттерге жүргізілгенімен, мәселенің қойылуы қазақстандық психологияда білім алушыны ресурстық модель арқылы зерделеуге қызығушылық бар екенін көрсетеді.

Танымдық әлеуетті түсіндіруде Г.О. Мугауина, Л.Е. Қойшығұлова, Б.М. Жапарова, Г.С. Аяпбергенова және А.Е. Мұхаметқайыровтың бастауыш сынып оқушыларының аналитикалық ойлауын дамытуға арналған зерттеуі маңызды [12]. Авторлар аналитикалық ойлауға әсер ететін факторларды анықтап, арнайы ұйымдастырылған дамыту бағдарламасының нәтижелілігін көрсеткен. Бұл танымдық ресурстың динамикалық сипатын және мақсатты педагогикалық ықпал арқылы өзгеретінін дәлелдейді. Осылайша, отандық зерттеулер нәтижені жай тіркеуден гөрі бағалау деректерін дамыту жағдайларын жобалауға пайдаланатын психологиялық сүйемелдеу моделіне көшуді қолдайды.

Зерттеулерді зерделей келе, біз психологиялық әлеуетті дамытудың бірнеше бағытын көрсетеміз. Психологиялық әлеуетті дамытудың бірінші бағыты – күрделілікті даралау. Дамытушы тапсырма тым жеңіл әрекет пен дәрменсіздік сезімін тудыратын шамадан тыс қиын міндеттің арасында орналасуы қажет. Оқушы әрекет тәсілін меңгерген сайын педагогикалық қолдау біртіндеп азаяды.

Екінші бағыт – өзіндік тиімділікті қалыптастыру. Сенімділіктің ең тұрақты көзі – қиындықты нақты еңсеру тәжірибесі. Сондықтан қолжетімді сын-тегеуріні бар тапсырмалар, ілгерілеуді белгілеу және тұлғаны жалпылама бағалаудан гөрі әрекет стратегиясына бағытталған кері байланыс маңызды.

Үшінші бағыт – автономияны қолдау. Оқушыға шектеулі, бірақ шынайы таңдау беру қажет: нәтижені ұсыну форматы, әрекеттер реттілігі немесе шағын жобаның тақырыбы. Автономия талаптың болмауын емес, түсінікті шекаралар аясында субъектілік сезімнің қалыптасуын білдіреді.

Төртінші бағыт – өзін-өзі реттеуді дамыту. Оқушы біртіндеп «мақсат қою – жоспарлау – әрекет ету – ілгерілеуді тексеру – стратегияны түзету – нәтижені бағалау» циклін меңгереді. Бұл метапәндік дағдылар оқудың көптеген саласына ықпал етеді.

Бесінші бағыт – психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру. Мектеп тұрақты ережелер, маңызды ересектермен қауіпсіз қарым-қатынас, қатені түзету құқығы және мәселе шешу стратегияларын үйрету арқылы резильенттілікті қолдай алады. Мұнда «қателесуден қорықпа» деген ұраннан гөрі қатені шынымен оқу материалы ретінде пайдаланатын тәжірибе маңызды.

Алтыншы бағыт – жобалық және зерттеушілік әрекет. Мұндай жұмыста дәстүрлі тестке қарағанда қабілеттердің кең ауқымы: талдау, ұйымдастыру, шығармашылық, коммуникация және көшбасшылық ресурстар көрінеді. Сондықтан жоба бір мезгілде дамыту және диагностикалық орта қызметін атқара алады.

Қорытындылай келе, оқушының психологиялық әлеуеті – тұрақты белгі емес, ресурстардың динамикалық жүйесі. Оны анықтау танымдық мүмкіндіктерді, мотивацияны, өзіндік тиімділікті, өзін-өзі реттеуді, эмоциялық тұрақтылықты, әлеуметтік дағдыларды және шығармашылық көріністерді кешенді бағалауды талап етеді. Бүгінгі Қазақстандағы білім берудің қазіргі трансформациясы баланың дамуын даралау мен сүйемелдеуге деген сұранысты күшейтуде. Диагностиканың мәні оқушыға санат беру емес, педагогикалық шешім қабылдау: оған қандай қолдау қажет, қандай күшті жақтарына сүйенуге болады және қандай жағдай оны дербестіктің келесі деңгейіне шығарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы
2. Тоқаев Қ.-Ж.К. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». 8 қыркүйек 2025 жыл.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 1151 «Цифрландыру және жасанды интеллект жылын жариялау туралы» Жарлығы.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 733 «Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге бағытталған 2026–2029 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы.
5. Выготский Л.С. Мышление и речь. - М.; Л., 1934.
6. Maslow A.H. Motivation and Personality.- New York: Harper & Row, 1954.
7. Rogers C.R. On Becoming a Person. - Boston: Houghton Mifflin, 1961.
8. Bandura A. Self-Efficacy: The Exercise of Control. - New York: Freeman, 1997.
9. Deci E.L., Ryan R.M. Self-Determination Theory: Basic Psychological Needs in Motivation, Development, and Wellness. - New York: Guilford Press, 2017.
10. Книсарина М., Сыздыкбаева А., Саржанова Г. Эффективная политика и меры обеспечения личностного развития и психологического благополучия учащихся: аналитический обзор //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. 2025. № 1(82). - 29–42 с.
11. Баракова А.Ш., Жусипбекова Ш.Е. Ways to Increase the Psychological Potential of Students in Distance Learning Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология». №4 (65), 2020. 128–133 с.
12. Мугауина Г.О., Койшигулова Л.Е., Жапарова Б.М., Аяпбергенова Г.С., Мухаметкаиров А.Е. Психологические аспекты развития аналитического мышления у младших школьников //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология- Том 82 - №1 2025- 7–20 с.

УДК 316.77
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303194

К ВОПРОСУ О СУЩНОСТИ И СОДЕРЖАНИИ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

ЭЛЕОНОРА АДАЛОВНА УРУНБАСАРОВА
доктор педагогических наук, профессор кафедры социально-гуманитарные дисциплины.Учреждение «Esil University»
Астана, Казахстан

КУРАЛАЙ АХМЕТОВНА КАБДЕШОВА
PhD, и.о. доцент кафедры социально-гуманитарные дисциплины.
Учреждение «Esil University»
Астана, Казахстан

КАРЛЫГАШ ЖАЛЕНОВНА ОТЫЗБАЕВА
Магистр, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарные дисциплины. Учреждение «Esil University»
Астана, Казахстан

АЙГУЛЬ КАЛИЕВНА НУРДЫБАЕВА
Магистр, старший преподаватель кафедры Государственный и иностранные языки. ***КазУТБ*** имени К. Кулажанова
Астана, Казахстан

Аннотация: *В статье анализируются теоретические подходы к определению понятий «компетенция» и «компетентность» в контексте межличностного и профессионального взаимодействия. Особое внимание уделяется структуре и компонентному составу коммуникативной компетентности как ключевого фактора успешной социализации и профессиональной реализации личности. Рассматриваются современные трактовки феномена в отечественной и зарубежной науке, а также критерии его сформированности.*

Ключевые слова: *компетентностный подход, компетенция, коммуникативная компетентность, структура компетентности, коммуникативные навыки, межличностная коммуникация*.

Современный этап развития общества характеризуется стремительным увеличением информационных потоков, цифровизацией всех сфер жизнедеятельности и глобализацией социокультурного пространства. В этих условиях к личности предъявляются качественно новые требования, среди которых способность к эффективному, бесконфликтному и конструктивному взаимодействию выходит на передний план. Успешность человека в профессиональной деятельности, академической среде и личной жизни напрямую зависит от уровня его коммуникативной культуры. В психолого-педагогической науке и практике прочно утвердился компетентностный подход, сместивший фокус с академической информированности (традиционной триады «знания, умения, навыки») на способность применять полученные ресурсы в реальных, часто меняющихся жизненных ситуациях. Одним из центральных понятий данного подхода является «коммуникативная компетентность». Несмотря на обширную библиографию, посвященную данной теме, теоретическое осмысление сущности, структуры и содержательного наполнения этого феномена остается актуальным, так как динамика общественных отношений постоянно трансформирует саму природу человеческого общения. Для глубокого понимания

сущности коммуникативной компетентности необходимо предварительно разграничить базовые категории компетентностного подхода - «компетенцию» и «компетентность», так как в научной литературе до сих пор наблюдается терминологическая амбивалентность. Ряд исследователей (В. Де Landsheere[1] и др.) используют эти понятия как синонимы. Однако в отечественной научно-педагогической школе (А.В. Хуторской[2], И.А. Зимняя[3], Н.В. Кузьмина[4]) сформировался более дифференцированный подход. Компетенция - это отчужденная, наперед заданная социальная норма, объективное требование к образовательной или профессиональной подготовке человека. Это совокупность взаимосвязанных качеств личности (знаний, умений, навыков, способов деятельности), задаваемых по отношению к определенному кругу предметов и процессов. Компетентность - это уже состоявшееся, личностное качество (характеристика) человека, предполагающее опытное владение соответствующей компетенцией. Это личностное новообразование, включающее в себя не только когнитивный и деятельностный компоненты, но и ценностно-смысловое отношение к предмету деятельности, а также эмоционально-волевую регуляцию. Таким образом, если коммуникативная компетенция - это нормативный стандарт, система правил и требований к общению, зафиксированная в культуре или профессиональных стандартах, то коммуникативная компетентность - это интегральное свойство личности, отражающее ее реальную способность и готовность осуществлять эффективное коммуникативное взаимодействие на практике. Понятие «коммуникативная компетентность» впервые было введено в научный оборот американским лингвистом Д. Хаймсом (D. Hymes) [5] в середине 1970-х годов как противовес понятию «лингвистическая компетенция» Н. Хомского [6]. Д. Хаймс справедливо утверждал, что для реального общения недостаточно просто знать грамматические правила языка; необходимо понимать, где, когда, с кем и в какой форме следует осуществлять речевые акты. В отечественной психологии и педагогике детальная разработка этого феномена связана с именами А.А. Леонтьева[7], Б.Ф. Ломова[8], Л.А. Петровской[9], Ю.М. Жукова[10], Ю.Н. Емельянова[11] и др. Л.А. Петровская трактует коммуникативную компетентность как совокупность навыков и умений, необходимых для эффективного общения, предполагающего гармоничное взаимодействие партнеров, а также как «совокупность внутренних ресурсов, необходимых для построения эффективного коммуникативного действия в определенном круге ситуаций межличностного взаимодействия». Ю.Н. Емельянов определяет коммуникативную компетентность через категорию «общительность» и рассматривает ее как определенный уровень обученности индивида взаимодействию с окружающими, который позволяет ему в рамках своих способностей и социального статуса успешно функционировать в обществе. В обобщенном виде сущность коммуникативной компетентности заключается в интеграции теоретических знаний о законах общения, практических умений транслировать и воспринимать информацию, а также личностных качеств, позволяющих гибко адаптироваться к изменяющимся условиям коммуникативного контекста. Коммуникативная компетентность представляет собой многомерную, иерархически организованную систему. Анализ современных исследований (И.А. Зимняя[4], Г.С. Трофимова[12]) позволяет выделить следующие базовые компоненты в ее структуре: **Когнитивный (знаниевый) компонент.** Включает в себя систему знаний о сущности, видах, закономерностях и этапах коммуникации. Сюда относятся: знание языковых и речевых норм, стилей общения; понимание законов невербальной коммуникации (мимика, жесты, проксемика); знание психологии личности, возрастных и социокультурных особенностей собеседников; владение техниками слушания (активное, пассивное, эмпатическое) и приемами бесконфликтного взаимодействия. **Поведенческий (деятельностный) компонент.** Отражает практическое владение коммуникативными умениями на уровне автоматизированных навыков. К ним относятся: умение четко, ясно и аргументированно излагать свои мысли как в устной, так и в письменной форме;

способность варьировать коммуникативные стратегии в зависимости от целей общения и специфики аудитории; умение управлять групповой динамикой, вести дискуссии, переговоры, разрешать назревающие конфликты; навыки использования современных цифровых средств коммуникации. **Перцептивно-аффективный (эмоциональный) компонент.** Связан с восприятием партнера по общению и саморегуляцией. Важнейшими элементами здесь выступают: **эмпатия** - способность сопереживать собеседнику, понимать его эмоциональное состояние «изнутри»; **толерантность** - уважение к иным точкам зрения, мировоззрению и культурным особенностям; **эмоциональный интеллект** - умение распознавать собственные эмоции и управлять ими в процессе общения, не допуская деструктивного влияния аффектов на результат коммуникации. **Мотивационно-ценностный компонент.** Определяет внутреннюю направленность личности на общение. Коммуникация не будет эффективной, если у субъекта отсутствует потребность в ней. Компонент включает: интерес к другому человеку как к ценности; мотивацию к достижению взаимопонимания и сотрудничества (в противовес доминированию и манипуляции); стремление к личностному и профессиональному росту через расширение коммуникативного опыта. **Рефлексивный компонент.** Обеспечивает обратную связь и самоконтроль. Это способность анализировать собственное поведение в процессе общения («взгляд со стороны»), оценивать эффективность примененных стратегий, выявлять коммуникативные ошибки и своевременно корректировать свои действия. Коммуникативная компетентность не является статичным образованием; она динамична и может развиваться на протяжении всей жизни человека. Исследователи выделяют несколько уровней ее сформированности. **Низкий (интуитивно-поверхностный) уровень.** Общение строится стихийно, эгоцентрично. Субъект слабо ориентируется в ситуации общения, часто провоцирует конфликты из-за неумения слушать и неспособности сдерживать эмоции. Рефлексия отсутствует. **Средний (нормативно-адаптивный) уровень.** Личность знает общепринятые правила этикета и нормы общения, успешно применяет их в стандартных, предсказуемых ситуациях. Однако при резком изменении контекста или возникновении барьеров испытывает трудности, действует шаблонно. **Высокий (креативно-профессиональный) уровень.** Характеризуется глубокой осознанностью коммуникативного процесса. Личность демонстрирует высокую гибкость, легко переключается между ролями, эффективно решает нестандартные коммуникативные задачи, виртуозно владеет техниками убеждения, опираясь на развитую эмпатию и рефлексию. Критериями сформированности коммуникативной компетентности выступают: **адекватность** (соответствие выбранных средств целям и условиям общения), **результативность** (достижение поставленной прагматической цели взаимодействия) и **психологическая комфортность** (сохранение позитивного эмоционального фона и долгосрочных отношений с партнерами после завершения контакта). Таким образом, можно утверждать, что коммуникативная компетентность - это сложный социокультурный и психологический феномен, представляющий собой многокомпонентное личностное образование. Её сущность заключается в гармоничном синтезе теоретических знаний, практических поведенческих паттернов, эмоциональной зрелости и ценностных ориентаций, направленных на достижение продуктивного взаимопонимания. Понимание структуры и содержания коммуникативной компетентности открывает широкие возможности для оптимизации образовательных программ в высшей и средней школе, разработки специализированных социально-психологических тренингов, а также для построения систем повышения квалификации специалистов «помогающих» профессий (педагогов, медиков, управленцев), где коммуникация выступает главным орудием труда.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ландшеер В. де. Концепции оценки качества образования // Перспективы: вопросы образования. — 1989. — № 2. — С. 13–24.
2. Хуторской А. В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. — 2003. — № 2. — С. 58–64.
3. Зимняя И. А. Ключевые компетенции — новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. — 2003. — № 5. — С. 34–42.
4. Кузьмина Н. В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. — М. : Высшая школа, 1990. — 117 с.
5. Hymes D. On Communicative Competence // Sociolinguistics. – Harmondsworth: Penguin, 1972. – P. 269–293.
6. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса / пер. с англ. под ред. В. А. Звегинцева. — М. : Изд-во МГУ, 1972. — 259 с. (Оригинальное издание: Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax. — Cambridge: MIT Press, 1965).
7. Леонтьев А. А. Психология общения. — 3-е изд. — М. : Смысл, 1999. — 365 с.
8. Ломов Б. Ф. Проблема общения в психологии // Проблема общения в психологии / отв. ред. Б. Ф. Ломов. — М. : Наука, 1981. — С. 3–23.
9. Петровская Л. А. Компетентность в общении: Социально-психологический тренинг. — М. : Изд-во МГУ, 1989. — 216 с.
10. Жуков Ю. М. Коммуникативный тренинг. — М. : Гардарики, 2003. — 223 с.
11. Емельянов Ю. Н. Теория формирования и практика совершенствования коммуникативной компетентности : дис. ... д-ра психол. наук. — Л. : ЛГУ, 1990. — 403 с.
12. Трофимова Г. С. Структура коммуникативной компетентности в системе профессиональной подготовки специалиста // Вестник Удмуртского университета. Серия «Философия. Психология. Педагогика». 2006. № 3. С. 32–41.

ӘОЖ 355.233
https://doi.org/10.5281/zenodo.23303209

ӘСКЕРИ, АРНАУЛЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ ҮШІН ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ БЕЙІМДЕУ МҮМКІНДІКТЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ИСАБЕКОВ МУХАН КЕЛДИБЕКОВИЧ
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының докторанты

МАКСУТОВА ИРИНА ОЛЕГОВНА
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының профессоры

ТОЙШЫБЕК ТӨРЕҚАЗЫ ЕСБОЛҒАНҰЛЫ
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының докторанты

Аңдатпа. *Мақалада әскери, арнаулы оқу орындарындағы тәрбие жүйесін жобалау үшін шетелдік тәжірибеге талдау жүргізіліп, оны бейімдеудің мүмкіншілігі қарастырылады. Шетелдік тәжірибедегі ортақ үрдістер сипатталып, оң және теріс жақтары салыстырмалы түрде талданады. Осының негізінде әскери, арнаулы оқу орындарындағы тәрбие жүйесіне шетелдік тәжірибені қазақстандық қоғамның жаңғыру үдерісімен сабақтастыра отырып бейімдеу мүмкіншілігі қарастырылады.*

Түйінді сөздер: *шетелдік тәжірибе, әскери тәрбие, тәрбие жүйесін жобалау, бейімдеу, курсант.*

Аннотация. *В статье будет проведен анализ зарубежного опыта для проектирования воспитательной системы в военных, специальных учебных заведениях и рассмотрена возможность ее адаптации. Описаны общие тенденции зарубежного опыта, сравнительно проанализированы плюсы и минусы. На этой основе будет рассмотрена возможность адаптации зарубежного опыта к системе воспитания в военных, специальных учебных заведениях в сочетании с процессом модернизации казахстанского общества.*

Ключевые слова: *зарубежный опыт, военное воспитание, проектирование воспитательных систем, ценности, адаптация, курсант.*

Кіріспе. Қазақстандық әскери, арнаулы оқу орындарындағы тәрбие жұмысының жүйесін жобалауда шетелдік тәжірибені зерттеу дербес теориялық міндет ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндағы басты мақсат - басқа мемлекеттің әскери білім беру моделін сол күйінде көшіру емес, оның құндылықтық өзегін, ұйымдастырушылық тетігін, педагогикалық технологиясын және құқықтық шектеулерін талдау арқылы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік, білім беру және құқықтық тәрбие жүйесіне үйлесетін бейімдеу жолдарын айқындау. Қоғамдық сананың жаңғыруы жағдайында мұндай талдау ерекше маңызға ие, өйткені курсант тұлғасын қалыптастыру тек кәсіби әскери даярлықпен шектелмей, оның құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігі, мемлекеттік мүддеге адалдығы мен ақпараттық тұрақтылығы және әскери ортадағы адамгершілік мінез-құлқы арқылы бағаланады.

Шетелдік тәжірибені әдіснамалық тұрғыдан талдау үшін мына өлшемдерді негізге алу орынды:

- әскери білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің конституциялық қағидаттар мен адам құқықтарына, әскери қызметтің заңдылығына және командирлік биліктің құқықтық шегіне сәйкестігін көрсететін нормативтік-құқықтық өлшем;

- құндылықтарды меңгертудің нақты әдістері: кейс-талдау, моральдық-құқықтық дилеммалар, тәлімгерлік, рефлексиялық күнделік, топтық шешім қабылдау, далалық жаттығу кезіндегі мінез-құлықты бақылау, портфолио және кері байланыс жүйесін қамтитын педагогикалық-технологиялық өлшем;

- әскери тәрбиенің ұлттық мәдениетпен, азаматтық қоғаммен, тарихи жадымен және қазіргі қоғамдық санадағы әділет, адалдық, еңбекқорлық, заң мен тәртіп идеяларымен байланысын сипаттайтын мәдени-құндылықтық өлшем.

Қазақстандық контексте шетелдік үлгілерді бейімдеу «Әділетті Қазақстан», «Адал азамат», «Заң және тәртіп» сияқты қоғамдық-саяси бағдарлармен өзара байланыста қарастырылуы керек. Мемлекет басшысының 2024 жылғы Жолдауында заң мен тәртіп, экономикалық өсім және қоғамдық оптимизм бір-бірінен ажырамайтын бағдарлар ретінде ұсынылды [1]. Ұлттық құрылтайда айтылған «Адал азамат» идеясы да тұлғаның адалдығы мен еңбекке жауапкершілігі, отаншылдығы және қоғам алдындағы парызы арқылы ашылады [2]. Демек, әскери, арнаулы оқу орындарында (ары қарай – ӘАОО) шетелдік тәрбие тәжірибесін бейімдеу курсантты тек әскери кәсіби қызметке даярлап қана қоймай, қоғам алдындағы жауапкершілікті түсініп құқықтық норманы ішкі сенім деңгейінде қабылдайтын, экстремизм мен деструктивті ықпалдарға төзімді офицерлік тұлға қалыптастыруды көздейді.

Бірақ нақты бағдарлардың болуымен қатар ӘАОО тәрбие жүйесінің тиімділігін арттыру ғылыми және тәжірибе тұрғысынан да өзектілігін жоймайды. Шетелдік тәжірибені талдау елдер бойынша жай сипаттауға емес, тәрбие жүйесін жобалау үшін қолданылатын салыстырмалы конструкция құруға бағыттау үшін қажет болуда. Мұндай конструкцияда әрбір ел тәжірибесі мына сұрақтарға жауап беруі керек: қандай құндылық офицер тұлғасының өзегі ретінде алынады; бұл құндылық оқу орнының күнделікті өміріне қандай механизмдер арқылы енгізіледі; нәтижені бағалау қандай индикаторлармен жүзеге асады; Қазақстанның ӘАОО жағдайында қандай элементтерді бейімдеуге және қандай элементтерді ұлттық құқықтық-мәдени ортаға сәйкес қайта жобалау қажет.

Зерттеу нәтижелері. Жалпы алғанда, курсанттарды дамытуға арналған әскери жоғары білім беру жүйесі жеке тұлғаны белгілі бір саладағы болашақ маман ретінде қалыптастыру, жүзеге асыру және дамыту үшін сапалы жаңа жағдайлар жасайтын өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын кешенді құрайды. Мұндай жүйені жобалау тәрбие мен білім беру мақсаттарына жетудің тиімді құралын ұсынып, курсанттардың тұлғалық және кәсіби мүмкіндіктерінің өсуінде қозғаушы күш бола алады және олардың мінез-құлықтық және әлеуметтік әлеуетін белгілі бір дәрежеде қалыптастырады.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің халықаралық тәжірибесіне жасалынған талдау азаматтық және Отанды қорғауға әзір болу дағдысы тарих, дәстүр, құндылықтар мен қазіргі заманғы білім беруді үйлестіру арқылы қалыптасатындығын көрсетті. Көптеген елдерде патриоттық тәрбие мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі әрі ұлттық қауіпсіздік пен қоғам бірлігін қамтамасыз етудің стратегиялық міндеті саналады. Қазақстан үшін бұл тәжірибе мәдени өзгешеліктер мен стратегиялық басымдықтарды ескере отырып, халықаралық озық үлгіні ұлттық жағдайға бейімдеу мүмкіндігінің болуымен құнды[3].

Шетелдік жарияланымдардағы тәжірибелерге талдау жасасақ, АҚШ тәжірибесі ар-намыс, мінез-құлық пен көшбасшылықтың бірлігіне негізделгенін көруге болады. АҚШ-тың әскери білім беру жүйесінде, әсіресе Вест-Пойнттағы АҚШ Әскери академиясында, тәрбие жұмысының өзегі «мінезі қалыптасқан көшбасшы» даярлау идеясына негізделеді. Мұнда әскери даярлық дене дайындығымен мақсатты түрде біріктіріле отырып, курсанттың ар-намысқа сай өмір сүруі, жетекшілік етуі мен үздік нәтижеге қол жеткізу үшін ұмтылысымен сипат алады. Тәрбие жұмысы аудиториядан тыс ұйымдастырылатын шаралар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар оқу орнының қалыптасқан мәдениеті мен

режимін қамтитын интеграциялық жүйе ретінде көрініс табады. АҚШ үлгісі құндылықты тек декларация ретінде емес, мінез-құлықтың өлшенетін, бақыланатын және рефлексияланатын модел ретінде қарастырады. Бұл тәсіл тәрбие теориясындағы тұлғаның субъектілігін, әрекет арқылы қалыптасуын және әлеуметтік ортада мінез-құлықтың бекітілуін түсіндіретін тұжырымдармен сабақтасады. Әскери ортада көшбасшылықтың құндылықтық іргетасы әлсіз болса, кәсіби құзырет қауіпті құралға айналуы мүмкін. Сол себепті Вест-Пойнттағы «live honorably - lead honorably - demonstrate excellence» үш бағытының мәні офицер алдымен өзі заңды, тәртіпті, моральдық норманы сақтауы керек, содан кейін ғана өзгелерді басқаруға моральдық құқық алуы тиіс деген тұжырымдамасымен құнды болуда [4].

Бұл үлгінің Қазақстан жағдайына бейімделуі ар-намыс кодексін механикалық көшірумен шектелмеуі керек. Қазақстандық ӘАОО-да курсанттың ар-намыс кодексі әскери антпен, Конституцияға деген адалдықпен, «Адал азамат» идеясымен, «Заң және тәртіп» қағидатымен, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікпен және әскери жарғы талаптарымен үндес болу қажеттігімен маңызды. Сонымен бірге АҚШ тәжірибесін енгізуде бірқатар шектеулер бар. Біріншіден, ар-намыс кодексі курсанттардың бірін-бірі бақылау немесе жазалау құралына айналмауы керек. Ол құқықтық рәсімдермен, әділ тыңдалыммен және тұлғаның қадір-қасиетін қорғаумен үйлесуі тиіс. Екіншіден, мінез-құлықты бағалау субъективті әсерге сүйенсе, әділетсіздік қаупі туындауы мүмкін. Сондықтан ӘАОО жағдайында әрбір құндылықтық индикатор нақты мінез-құлық фактілерімен, бақылау карталарымен, тәлімгер жазбасымен, өзіндік рефлексиямен және қажет болған жағдайда психологиялық-педагогикалық диагностикамен расталуы қажет.

«Serve to Lead» қағидасы және құндылықтарды тұрақты қайта қарау мәдениетіне негізделген Ұлыбритания тәжірибесі. Ұлыбритания Корольдік әскери академиясы (Сандхерст) тәжірибесі офицерлік тәрбие мен көшбасшылықты «Serve to Lead» - «қызмет ету арқылы жетекшілік ету» қағидасымен байланыстырады. Ресми деректер бойынша Сандхерст Ұлыбритания армиясының барлық офицерлерін даярлайтын негізгі оқу орны болып табылады және офицерлік даярлықта көшбасшылық, кәсіби стандарт және қызмет ету идеясы орталық орын алады [5].

Бұл қағида әскери басшылықты билік жүргізу емес, жауапкершілік алу, бағыныстыларға қамқорлық жасау, тапсырманың орындалуы мен адамдардың қауіпсіздігін қатар ойлау ретінде түсіндіреді. Бұның маңызды ерекшелігі болып, құндылықтарды ұжымдық мәдениетке енгізумен қатар оларды жүйелі түрде талдау және қайта қарау рәсімдерінің болуымен байланысты. Қарулы күштердің құндылықтары тұрақты, бірақ олардың практикалық мәні әртүрлі операциялық, әлеуметтік және мәдени жағдайда қайта нақтылауды талап етеді. Бұл тұжырым ӘАОО үшін аса маңызды, өйткені құндылықтық тәрбие бір рет бекітілген мәтінмен шектелсе, ол тез формалдық сипат алып кетуі мүмкін, сондықтан да құндылықтарды тұрақты талдау мен нақтылау арқылы оны тірі педагогикалық механизмге айналуын қамтамасыз етіп отыру керек. Ұлыбритания үлгісіндегі бұл тұжырым офицердің кәсіби беделі оның бағыныстыларға қатынасынан, шешім қабылдау мәдениетінен және моральдық жауапкершілігінен көрінетінін көрсетеді.

Ұлыбритания тәжірибесінің бейімдеу мүмкіншілігі оның ұзақ институционалдық дәстүрге, кәсіби армия мәдениетіне және нақты тарихи контекстке сүйенетіндігінде. Қазақстандық ӘАОО-да бұл тәжірибені енгізу үшін алдымен командирлер мен оқытушылардың өздерін «қызмет етуші көшбасшылық» логикасына даярлау қажет. Егер педагогикалық және командирлік құрам құндылықтарды тек курсанттан талап етіп, өзі күнделікті іс-әрекетте сол құндылықты көрсетпесе, онда бұл жүйе сенім тудырмайды. Сондықтан бұл үлгіні бейімдеудің бірінші объектісі курсант емес, тәрбие субъектілерінің кәсіби мәдениеті болуы тиіс.

